Замечено, что высказывание А. Байтұрсынулы как ученого, как лингвиста о звуковых особенностях казахского языка как о «звуковых единицах, различающих лексические, морфемные значения каждого звука» намекает на понятие фонемы в современном языкознании. Научно проанализировано, что для определения звуковой специфики, структуры, способа создания, фонематического значения согласных звуков қ, к, ғ, г, ш, с помощью устно-полых органов, слуховых, речевых моментов определена система звуковых звуков.

Практическая значимость выводов, сформулированных в статье, актуальна для лингвистов, ахметоведов, литературоведов и других читателей.

**Ключевые слова:** казахская письменность, согласный звук, фонема, система звуков казахского языка, орфография, письменность, Ахмет Байтұрсынулы.

### **Кіріспе**

Қазақ жазуының тарихында екі түрлі бағыт болды. Біріншісі – бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу, екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді. Ал ХХ ғасырдың басындағы ағартушы ғалымдар жазуды мейлінше демократиялап, халық мүддесіне жұмасауды көздеді. Сол себепті араб әліпбиін қазақ тіліне жақындатып, икемдеу, ыңғайлау қажет деген мәселелер орын алды. А. Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб графикасын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлыстырып, реформалайды. Қазақ тілінің үндестік заңына негізделген әр дыбыстың фонемалық мәнін ашып көрсеткен жаңа жүйеге құрылған әліпби жасады. Қазақ тілі біліміндегі тұңғыш фонолог ғалым деп айтуға негіз бар. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, фонетикалық сипатын терең таныған алғашқы ғалым. Ғалым сол кездің өзінде фонетика, фонология, инвариант-вариант деген терминдерді қолданбаса да олардың мәнін ажырата білген.

А. Байтұрсынұлы Араб графикалы қадім жазуы мен араб жазу жүйесінен принципті айырмашылығы бар қазақ тілінің ұлттық әліпбиі мен емлесін қалыптастырды. Мұнда бір фонема – бір таңба ұстанымын басшылыққа алды. Ондағы мақсат түп тамырымен арабтікі секілді болып кетпеу, сөйлеу тіліне толығымен еніп кетпеу, тек дауыссызға ғана емес дауыстыға да таңба арнап қазақтың ұлттық әліпби жүйесін жасау.

Ғалым араб графикалы қазақ әліпбиі мен емлесін түзуде фонетикалық принципті басшылыққа алды. Ол: «Хасыл кәләм ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху не сарф жолыменен ыспат етілсін», – дейді [1]. Ол өзінің 24 әріптен тұратын әліпбиін осы ұстаным бойынша түзеген болатын. Яғни әр фонемаға алған таңбасын не себепті алғанын ғылыми тұрғыдан түсініктеме беріп, оқушыға үйрету үшін практикалық жолын дәлелдеп көрсетеді. Оның араб әліпбиін жақтаған баяндамасында: «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы». Ғалым осы аталған шарттарды негізге ала отырып, қазақ тілі дыбыстарына араб әріптерінің қолайлы түрін алады.

Мақаланың мақсаты – А. Байтұрсынұлының дауыссыз дыбыстардың жіктелімі туралы ғылыми тұжырымдарын өзінің еңбектері негізінде талдап көрсету, әр жылдардағы ғылыми ойларын кесте түрінде сипаттап беру. Осымен байланысты ғалымның дауыссыз дыбыстарды жіктеудегі ғылыми ұстанымдары, әдістері туралы талдаулары мен тұжырымдары ұсынылды.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінің 1910 жылдан 1927 жылдар аралығындағы басылымдары, «Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Әліппе» еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Ғалымның емле тақырыбындағы еңбектері бір-бірімен салыстырыла отырып талданды. Мақалада сипаттамалы әдіс, құрылымдық әдістері, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстыру, жинақтау, қорыту тәсілдері қолданылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

#### **Әдебиетке шолу**

А. Байтұрсынұлының 1927 жылы «Жаңа мектеп журналында жарық көрген «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласын тілші, ахметтанушы ғалым Е. Маралбек кирилге түсіріп, ғалымның дыбыстарды жіктеудегі ғылыми ұстанымдары, әдістері туралы талдаулар мен тұжырымдар ұсынды [2]. Қазақ тілі оқулықтарының авторлары, әдіскер тілші ғалымдар Ә. Жұмабаева мен Н. Құрман ««Әліппесінің» алтын белдеуі – дыбысты әдіс» атты мақалада дыбыстардың ерекшелігі жайында, XX ғасыр басында арнайы фонетика ғылымы енді ғана ғылыми деңгейде зерттеле бастағанына қарамастан, осы салаға қатысты терминдер қатарын ұсынғандығы жайында сөз қозғайды. «Дыбыстардың айтылуы мен артикуляциялық аппарат мүшелері қатысуына қарай жіктейді. Қазіргі таңда қазақ тілінің фонетикасын зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдардың қатары мол. Ол кездің өзінде эксперименталды фонетикалық орталығының қызметін бір өзі ғана атқарып, төмендегідей фонетикалық терминдерді ұсынды және қалыптастырды. Әр дыбыстың мағыналық ерекшелігіне сай дәл атау берді.

Белгілі ғалым Ә. Жүнісбек XX ғасырдың басын «төл зерттелім дәуірі» деген атау қояды. Себебі Байтұрсынұлынан басқа зерттеушілердің көре алмаған, сезе алмаған қазақ тілінің өзіне ғана тән фонетикалық құбылыстарды енді ғана сезіп қазақ жазуының іргесі қаланған дәуір деп айтар едік. «Шын мағынасындағы қазақы фонетика ғылымы бастау алды, оның басты құндылығы да осында» - дейді ғалым [3]. Профессор Н. Уәли араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының жүйесі мен орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінің айырмашылығы сингармонизм заңдылығында екендігін айтады. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстарды вариант-инвариант негізінде бөлгендігін және сингармонизм заңдылығын ұстанғандығы жайында «Графика. Орфография. Орфоэпия» атты еңбегінде жазады [4, 52-б.].

«Қазақ» газетінің тілін арнайы зерттеген ғалым, профессор Б. Момынова Байтұрсынұлының диакритикалық таңбалары жайында: А. Байтұрсынұлы «әр әріптің



басынан сипап отыратын» (диаеритикасы көп) ескі араб жазуымен жазылған қазақ сөздерінің оқуға, жазуға қолайсыздығын ескерткен. Ал өзінің төте жазуында әріпүсті және әріпасты диакритикалық таңбаларды азайтқанымен, бәрібір де олардан толық құтыла алмаған, оларды енгізуге мәжбүр болған және жазудағы бірегей жаңалық саналып жүрген дәйекшені қосқан. Бірақ диакритикалық таңбалардың дыбыс таңбалаудан бөлек сөз мағынасын айыру қызметі бар. Бұл қазіргі ағылшын тілінде кең тәжірбиеленеді [5, 27-б.]. Сондай-ақ XX ғасыр басындағы қазақ жазуына қосқан үлесі орасан зор ғалым тілшілердің Е. Омарұлы [6, 61–67-бб.], А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов сынды ғалымдардың еңбектерін жинақтап көпшілік қауымға ұсынған О. Жұбаеваның құрастыруымен жарық көрген еңбектер негізге алынды [7].

А. Байтұрсынұлы қазақ халқын, оның тілін сақтап қалудың бір жолы – осы жадид жазуын жасау деп түсінгені анық. Араб тілі – Алла Тағала түсірген Құранның тілі. Қазақтың есінен мұсылмандық құндылықтарды шығармайтын алтын қазық керек еді. «Өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабылдай алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген. Дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек», – деген Ахмет Байтұрсынұлы Араб әліпбиінде таңба сәйкес келмейтін қазақтың төл дыбыстарын анықтайды. Бұл сөзінен байқайтынымыз, сол кезде мұсылман халықтардың араб әліпбиінен бөлек жазу түрлерін қабылдай қоймайтынын аңғаруға болады.

Қазіргі қазақ фонетикасының негізін қалаған ғалым әр дыбыстың табиғатына терең бойлай білген. Ғалымның «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласы жарық көрген еді. Осы мақаласында ғалым қазақ тілі дыбыстарын айтылуына қарай дауысты, дауыссыз деп екі үлкен топқа бөледі: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сияқты заңы азбаған тілдің айтылу жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасиеттерінің жіктері мен түйісетін көрінеді», – деп басталатын мақаласында ғалым дыбыстарды айтылуына және қасиетіне қарай жіктеу керектігін айта келе, ары қарай дауысты мен дауыссызға бөлінетіндігін, олар өз ішінде дыбыстық топтарын ажырату үшін, функционалдық қызметін негізге алып толық дауыстылар, шала дауыстылар, аңғал түрлісі, қымқыру түрлісі, ауыз шығыстылар, мұрын шығыстылар деп, ары қарай «айтылуына қарай жіктегенде, қазақ тіліндегі дыбыстар *дауысты, дауыссыз* болып екі айрылады:

1. Дауыстылар: а, р, ң, м, н, е, о, ұ, у, ы, й.

2. Дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.

Дауысты дыбыстар өзара *толық дауысты, шала дауысты* болып екі айрылады.

Толық дауыстылар: а, е, о, ұ, ы.

Шала дауыстылар: р, ң, л, м, н, у, й.

Толық дауыстылар өзара *кең шығысты, тар шығысты* болып, тағы екі айырылады.

1) Аңғал түрлісі: а, е, ы.

2) Қымқыру түрлісі: о, ұ.

Шала дауыстылар *ауыз шығысты, мұрын шығысты* болып олар да екі айырылады.

1) Ауыз шығыстылар: р, л, у, й.

2) Мұрын шығыстылар: ң, м, н.

Ауыз шығыстылар *босаң жолды, қысаң жолды* болып екі айырылады.

1) Босаң жолдылар: р, у, й.

2) Қысаң жолдылар: л.

Мұрын шығыстылары *босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі* болып үш айырылады.

1) Босаң бөгеулісі: ң.

2) Қысаң бөгеулісі: н.

3) Тұйық бөгеулісі: м.

Дауыссыз дыбыстар *босаң жолды, қысаң жолды* болып екі айырылады.

1. Қысаң жолдылар: п, т, с, ш, қ, к.

2. Босаң жолдылар: б, ж, д, з, ғ, г.

Қысаң жолдылар *ашық жолды, тұйық жолды* болып екі айрылады.

1) Ашықтары: с, ш.

2) Тұйықтары: п, т, қ, к.

Босаң жолдылары да *ашық, тұйық, тұйықтау* болып үш айрылады.

1) Ашықтары: ж, з.

2) Тұйықтары: б, д.

3) Тұйықтаулары: ғ, г.».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарын осылай жіктеуі кездейсоқтық емес, әр дыбыстың фонематикалық мағынасын, дыбыс тіркесімдері, буын ішіндегі, түбір мен қосымша жігіндегі заңдылықтарына қарай талдап, қорытынды жасады, ешбір лингфондық құралдарсыз дыбыстардың функционалдық өзгерістерін, қызметін, көрінісін бақылай отырып, сингармонизм заңдылығын негізге ала отырып, ғылыми тұрғыдан дәл анықтады. Әр дыбысқа таңба берудің өзі кездейсоқтық емес. Дыбыстарды айтылуы мен қасиетіне қарай жіктей отырып, төмендегідей қазақ тілінде атау береді. Олар: «өткелді», «өткелсіз», «еркін өту», «қақтыға өту», «толық», «шала», «аңғал», «қымқырулы», «босаң», «қысаң», «ашық», «тұйықтау», «тұйық», «қамалатындар», «ерінге қамалу», «тіске қамалу», «тамаққа қамалу», «қымқырынды», «именішті», «қақтықпалы», «бөгелісті», «бөгеттісі», «сүзілулер», т.б. [8].

А. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстардың жіктелімін (1927 ж.) төмендегі (кирилге түсірген Е. Маралбек) кесте түрінде көрсетсек:

**1-кесте – Дауысты дыбыстардың (а, р, н, м, н, е, о, ұ, у, ы, й) жіктелімі**

Толық	а, е, о, ұ, ы	Кең шығысты: а, е, ы	
		Тар шығысты: о, ұ	
Шала	р, н, л, м, н, у, й	Ауыз шығысты: р, л, у, й	Босаң жолды: р, у, й
			Қысаң жолды: л
		Мұрын шығысты: н, м, н	Босаң бһгеулісі: н
			Қысаң бөгеулісі: н
		Тұйық бөгеулісі: м	

Қазіргі кезде жаңа бағыт саналатын функционалды лингвистиканың бастау көзін осы еңбектен көреміз. Мағынадан формаға қарайғы бағытты негізге алады. Алайда ғалым ол кезде мағынадан формаға қарайғы бағыттың негізгі ұғымдарын термин ретінде бермесе де, мазмұнын, сипатын жасаған талдаулары мен жіктеу әдістерінен, мазмұндау, талдау тәсілдерінен анық көрінеді.

Ғалым дауысты мен дауыссыздың жігін ажырату үшін «шектерін айыратын нәрсе» түбір мен оған жалғанатын қосымшада екенін айтады. Түбір сөз дауыстыға бітсе, одан кейін жалғанатын жіктік жалғауы *-мын, -мін*, ал сөз бен сөз арасын байланыстырып тұрған *-мен* жалғаулығы да дауысты дыбыстан кейін тіркесетіндігін, егер түбір сөз дауыссызға бітсе, одан кейін жалғанатын жіктік жалғауы *-бын, -пын* және *-бен, -пен* жалғаулықтары тіркесетіндігін айтады. Мұндай тіркесім жайдан-жай ішкі интуицияға жүгініп шешілді деп айтуға болмайды. Ғалым сол кездің өзінде фонетикалық аппарат болмаса да әр дыбыстың функционалды табиғатын, түбір сөзге тіліміздегі 4 түрлі қосымшаны жалғау арқылы оның жігіндегі өзгерістерді байқай білді. Тілдегі дыбыстарды дауысты мен дауыссызға бөлу жігін

қосымша жалғау арқылы өз әдісін қолдана отырып, дыбыстардың төл табиғатын терең таныды. А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын жіктеу әдісін төмендегіше көрсетсек (Е. Маралбектің мақаласында толық баяндалады). 1. Дыбыстардың *септік жалғауға жалғануы*: дауысты дыбыстан кейін (-ның/-нің, -ға/-ге, -ны/-ні, -да/-де, -дан/-ден, -мен) *ана+ның, ана+ға, ана-ны, ана+да, ана+дан, ана+мен*. 2. *Көптік жалғауға жалғануы*: дауысты дыбыстан кейін *-лар/-лер*. Дауыссыз екенін айыру үшін оған жалғанатын жалғаудың варианттары *-тар, -тер; -дар, -дер*. Мысалы: *бала+лар, ене+лер; топ+тар, жас+тар, қаз+дар, адам+дар, аңдар*. 3. *Жіктік жалғауының жалғануы*: дауыстыға біткен сөзден кейін (аға+мыз, әке+міз); қатаң дауыссыздан кейін *жас+ңыз, аш+ңыз, тоқ+ңыз*; ұяң дауыссыздан кейін *аз+быз, үнді дауыссызынан кейін адам+быз, хан+быз*; жарты дауыстыдан кейін *тау+мыз, ай+мыз*. 4. *Тәуелдік жалғауының жалғануы* арқылы дауысты мен дауыссызға жіктеу үлгісі: дауыстыға аяқталған сөзге тәуелдіктің *-м, -ң, -сы* жалғаулары, дауыссыздан кейін тәуелдіктің *-ым, -ың, -ы* жалғаулары жалғанады. Мысалы: *бала+м, бала+ң, бала+сы; қол+ым, қол+ың, қол+ы*. Ғалымның төл дыбыстардың фонетикалық, фонологиялық, функционалды ерекшелігін жақсы байқай отырып, қосымша жігіндегі өзгерістерін мұқият анықтай отырып, талдау жүргізген ғылыми ізін анық байқадық. 1927 жылғы «Дыбыстарды жіктеу туралы» еңбегі төл дыбыстардың табиғатын, жігін дәл анықтап, топтастырып берген бағасы жоқ теңдессіз еңбек екенін атап көрсетуге болады.

1912 жылғы «Оқу құралында» дауысты дыбыстардың қатарына *а, о, ұ, ы, е*, дауыссыз дыбыстардың қатарына *б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, г, қ, к, г, ң, л, м, н* таңбаларын береді. Дауыссыздарды жуан, жіңішке айтылуы үшін жіңішкеру белгісі – дәйекшесін ұсынады. [Ғ] мен [қ] ылғи жуан, [к], [г] ылғи жіңішке айтылатынын көрсетеді. Араб әліппесінің таңбаларын қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмады. Байтұрсынұлы «Жазу тәртібі» деген мақаласында «...балалардың жанын қинамас үшін жазудың өз тәртібі болу керек» деп тұжырымдайды. Тәртіпті жазу деген – тілдегі бар дыбыстың бас-басына таңба арнау. Ғалым қазақ жазуын реформалаудан бұрын әр дыбысқа таңба арнамаған, бір таңбамен бірнеше дыбысты ажыратып отырған. Жазуды ұлттық сипатта тәртіпке салып, 24 дыбыстан құралған Жаңа қазақ әліпбиін дайындайды, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты болып жіктелді. А.Байтұрсынұлы қазіргі қазақ фонетикасындағы тоғыз дауыстының әрқайсысына таңба алмай, бес дауыстыға бес түрлі таңба арнап, қай жерде жуан, қай жерде жіңішке айтылатынын дәйекші арқылы ажыратып беретін жазу жүйесін жасайды. А.Байтұрсынұлы тек әліпби түзеп, ондағы дыбыстарды бір жүйеге ғана түсіріп қойған жоқ, сонымен бірге тұңғыш рет фонология теориясындағы айырым әдісін пайдаланып, дыбыстарды дауысты мен дауыссызға ажыратқандығы жайында профессор Н. Уәли «Графема, орфография» еңбегінде жазады: «Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда А. Байтұрсынұлы дауыстыларды функционалдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистикалық танымның мәні айрықша. Әдетте, басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбейе түседі. Мәселен, дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың реңктері әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңішкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, әуен-әуез бірлігіне айналады». «Байтұрсынұлы әліпбиіндегі» (жалпы тіл біліміндегі атауы, Самойловичтің термині) дәйекші әуен-әуез бірлігін бейнелесе, жеке әріптер жекелеген дыбыстық бірліктерді көрсетеді. А. Байтұрсынұлы жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды» - деп профессор Н. Уәли араб графикасына

негізделген қазақ жазуының жүйесі мен жазу жүйесінің айырмашылығы осы сингармонизм заңдылығында екендігін айтады.

Сауатты жаза білу үшін жазуды жеңілдету керектігін, бір әріппен бірнеше дыбысты таңбалау балаға жазу үйретуде қиындық келтіретінін ескере отырып, қазақ тілі дыбыстарын араб графикасымен толық берудің жолын қарастырады. Бұл туралы: «Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: *سنت* сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын *ق* – *ق* менен *غ* – *غ* ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын *ك* – *ك*, *ج* – *ج* һәм *ي* – *ي* -лерді қосқанда, һәммасына 43 харіф керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ. Өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сінген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфтерінің түрін тым бұзып өзгертуде болмаса, қалай амалын таппақ керек?» - дейді. Тілде дауысты дыбыстар буын құрайды, дауысты дыбыстың жанында тұрған дауыссыз дыбыс әрқашан дауысты дыбыстың жетегінде болады. Егер дауысты дыбыс жуан болса, оның қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, дауысты дыбыс жіңішке айтылса қасында селбесіп тұрған дауыссыз дыбыс та жіңішке айтылады. 1926 жылғы «Әліпби. Жаңа құралында» қазақ әліпбиінен шығарылған әріптер деп *h, x, ф, ч, ц* осыларды санамалап әрқайсысына түсінік беріп кетеді. Бұл әріптермен жазылатын сөздер қатары аз болғанымен тілде бар дыбыс болғандықтан, [к], [п], [ш], [т] дыбыстарына жақын дыбыстар болғандықтан олардың жоқтығы сезіледі деп бөлек береді. 1926 жылғы «Сауат ашқыш» еңбегінде дауысты дыбыстардың таңбалары: (а) *ا*, (о) *و*, (ү) *ۇ*, (е) *ه*, (ы) *ی* және дауыссыз дыбыстардың таңбалары: (б) *ب*, (п) *پ*, (т) *ت*, (ж) *ج*, (д) *د*, (р) *ر*, (з) *ز*, (с) *س*, (ш) *ش*, (ғ) *ع*, (к) *ك*, (г) *گ*, (ң) *ڭ*, (л) *ل*, (м) *م*, (н) *ن*, (у) *ۇ*, (й) *ي* деп таңбалап, *h* шаршағанда шығатын дауыстың аяқ үні деп көрсетеді. 1912 жылғы «Оқу құралында» [и] мен [у]-ды жарты дауыстылар қатарына қосады, ал «Сауат ашқышында» дауыссыздар қатарынан орын алатындығын көреміз. 19 дауыссыз бен 5 дауысты дыбыстардың таңбаларын көрсетеді де жарты дауыстылардың қатарына *у* мен *й* -ді жатқызады. Осы әліпбиге негізделген жазудың жүйесін құрылымдық тұрғыда барынша талдау жасасақ. Қазақ тілінің дауыссыздарын таңбалайтын әріптерде (қазіргі әліпбиімізбен салыстырғанда) ешқандай айырмашылық жоқ. Ғалым «х»-ны алып тастауды қолдағанымен, «h» дыбысын қалдыру керек, қалуға қақысы бар дегенді айтқан болатын. Басты ерекшелік дауысты дыбыстардың құрылымын, фонемалық мәнін ашып көрсеткенінде. Н. Уәлидің сөзімен айтқанда А. Байтұрсынұлы бес дауыстыға қатысты фонологиядағы инвариант-вариант ұғымдарын сәтті қолданған: «Біздің ойымызша, А. Байтұрсынұлы көрсетіп отырған қазақ дауыстыларының жүйесін фонологиядағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша негізінен былайша қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде бес инвариант-фонема бар. Осы инвариант-фонемалардың нақты қолданыста әрқайсының, е-ден басқасының, жуан және жіңішке әуезбен (тембрмен) түрленіп отыратын екі варианттары бар:

- 1 инвариант – фонема <a> вариант [a] ақ вариант [ә] әк
- 2 инвариант-фонема <o> вариант [o] оқ вариант [ө] өк
- 3 инвариант-фонема <ү> вариант [ү] ұқ вариант [ү] үк
- 4 инвариант-фонема <ы> вариант [ы] ық вариант [і] тік
- 5 инвариант-фонема <е> – е ек

Әдетте [a] мен [ә] варианттарын бір инвариант-фонема деп тану үшін олардың өзара ортақ белгілері болуы шарт. Ол – екі варианттың да ашық, езулік болуы; ал осы екеуін екі түрлі вариант деп тану үшін олардың ортақ белгісінен басқа айырмасы да болуы керек. Ол – бірінің жуан [a], екіншісінің жіңішке [ә] әуезде айтылуы. <o>, <ү>, <ы> инвариант-фонемалары жайында да осыны айтуға болады. Бұл – бір. Екінші, варианттар парадигмалық қатынаста болады, яғни «екінің бірі» принципі бойынша сөзде не [a] варианты, не [ә]

варианты қолданылуы шарт. Ал инварианттар синтагмалық қатынаста болады, ал бұл қатынас «және ... және» принципі бойынша жүзеге асады» - деп профессор Н. Уәли Байтұрсынұлының бес дауыстысы «инвариант» деп оған таңба беретіндігін, дәйекшімен айыратын жіңішке нұсқаларына (ә, ө, ү, і, е) арнайы таңба (әріп) арнамайтындығын, бұл нұсқалардың вариант деген ұғым беретіндігін айтады.

А.Байтұрсынұлына дейінгі еңбектерде қазақ тілі араб графикалы ескі мәтіндер және қазақтың сөйлеу тілі негізінде зерттеледі, жоғарыда аталған орыс ғалымдарының еңбектеріндегі зерттеулердің ғылыми нәтижелері жеткілікті болмады, қазақ тілінің өзіндік табиғи қасиеті көп жағдайда ескерілмеді, бір жақты пайымдаулар мен үстірт пікірлерге құрылды, көбіне фиктивті құрылымды тілдердегі ережелерге сәйкестендірілді. Мысалы, Санкт-Петербургте 1875 жылы жарық көрген М.А. Теретьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская» деп аталатын кітабында қазақ тілі, оның дыбыс жүйесі мен грамматикалық құрылысы жайында азды-көпті ғана, қазақ тілінің қасиетін, мәнін, т.б. ерекшеліктерін аша алмайтын мағлұмат берілген.

А. Байтұрсынұлы «Дыбыстарды жіктеу туралы» деген еңбегінде (кириллге түсірген Е. Маралбек) дауыссыз дыбыстардың функционалдық сипатына мағынадан формаға қарайғы бағытта әуелі босаң, қысаң деп бөліп алып, босандары қысаңдарымен жуыспайтындығын, екеуі қатар келмейтіндігін, қысаңдар ашық пен тұйыққа айырылып ашықтары азбайды, айнымайды, тұйықтары азады, айниды деп, ал босаң дауыссыз дыбыстардың ашықтары сөздің басында да, аяғында да келетіндігін, тұйықтары сөздің басында да, аяғында да келмейтіндігін айтады. Кесте түрінде көрсетсек:

**2-кесте – Дауыссыздар (б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г)**

Қысаң	п, т, с, ш, қ, к	Ашықтары (азбайды, айнымайды): с, ш.
		Тұйықтары (азиды, айниды): п, т, қ, к.
Босаң	б, ж, д, з, ғ, г	Ашықтары (сөздің бас-аяғы демей келе береді): ж, з.
		Тұйықтары (сөздің басында ғана келеді): б, д.

Қазақ тілінің төл дыбыстарын түгендеп, арнайы таңба берген Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстарды жіктеуде де белгілі бір ғылыми негізге сүйенді деп айтуға болады. Белгілі фонетист Ә. Жүнісбек бұл дәуірді төл зерттелім дәуірі деген атау қояды. Себебі басқа зерттеушілер көре алмаған фонетикалық құбылыстарын «шын мағынасындағы қазақы фонетика ғылымы бастау алды, оның басты құндылығы да осында» - деп баға береді.

Байтұрсынұлы дыбыстардың құрылымын, жасалу жолын, фонемалық мәнін фонетикалық, грамматикалық бірліктердің синтагматикалық қатынастарын жіті зерттеу арқылы дәл анықтады. Бірақ қазіргі таңда зерттеушілер (Ә. Жүнісбек) дыбыстың жасалу жолын мына тізбек бойынша қарастырады: дыбыстың жасалым, айтылым, естілім сәттері. Профессор Ә. Жүнісбек зерттеулерінің бастау көзі А. Байтұрсынұлынан көрініс береді. Байтұрсынұлы арнайы термин беріп, фонемалық мәніне, дыбыстың мағынасына қарай ажыратып, топ-топқа бөліп қарастырмағанымен, дыбыстардың мағынаға әсер ететін негізгі реңкіне арнайы таңба беріп отырды.

24 дыбысқа араб харифтерінен үйлескендерін өзгертпей, үйлеспегендерін өзгертіп харифтер арнады.

Әуелі, араб харифтері үйлесетін дыбыстарды айтып көрсетелік (Дыбыс үні қате ұғылмас үшін арабша һәм орысша екі әліппемен қатар көрсетеміз).

Дауысты дыбыстар: жоқ

Дауыссыз дыбыстар: (б), (т), (ж), (д), (р), (з). (с), (жөк), (жөк), (к), (л), (м), (н) бәрі он үш. Жетпейтіні – төртеу.

Жарты дауысты дыбыстар: (жөк) (й)-екеу(түгел).

Дауысты дыбыс қазақ тілінде – бесеу. Оларға тура келетін араб әліппесінде бір де харіф жоқ.

Дауыссыз дыбыстар қазақ тілінде он жеті. Оларға тура келетін араб әліппесіндегі харіфтер он үш. Демек, төртеуі жетпейді. Бұл харіф жетпейтін дауыссыз төрт дыбыс үшін харіфтер бұрын арналған. Арналған харіфтер бәрібір араб харіфтері, бірақ олай-бұлай шет пұшпақтары ғана өзгертілген. Мәселен, [б] харіфінің нүктесін өзгертіп [п] жасаған, [с], харіфінің нүктесін өзгертіп [ш] жасаған, [к] харіфінің үстін қосарлап [г] жасаған, [к] харіфінің үстіне үш нүкте қойып [ң], жасаған. Осы даяр харіфтерді біз да қабыл етеміз.

«Тіл – құралдың» 1912 жылғы басылымында «Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері» атты тараушада қазақ тілінде 24 дыбыс бар деп олардың таңбаларын береді: а, б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ү, и, е, ы. Дауыссыз һаріфтерге б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н деп дауыссыз дыбыстарды қатаң және ұяң деп екіге бөледі. Қатаң һаріфтерге: б, п, т, д, ш, с, ғ, қ, л, г. Ұяң һаріфтерге: ж, р, з, л, м, н, ң. Ұяң дыбыстарды іштей екіге бөледі: 1) ымыралы (ж, р, з, л); 2) ымырасыз (м, н, ң).

Ғалым [к], [ғ] дыбыстарының жазылуына тоқталады. Естілуінше жазылады. [К] естілсе [к], жазылады, [Ғ] естілген жерде [ғ] жазылады. Бұлар жуан дыбыстар дейді. Түбірге қосымша жалғанғанда [к] бітетін сөздердің соңы [ғ] ға айналады. Бұл жерде жалғау жалғанғандықтан дауысты дыбыстың әсерінен ұяңданып кетеді. Байтұрсынұлы дыбыс жүйелі емлені ұстанады. Сөздерді естілуінше жазуды күп көреді.

*Қ дыбысының сипаттамасы.* «Тіл-құралдың» 1914 жылғы басылымында «дауыс қатысына қарай» [к] дыбысын қатаң дауыссыздар қатарынан орын алады. 1927 жылғы «Дыбыстық жіктеу туралы» атты мақаласында [к] дыбысын қысаң, оның ішінде тұйық дауыссыз дыбыс екенін және жасалу орны немесе «мүшенің қатысуына қарай» өткелсіз, тамаққа қамалады. [К] ның жіңішке варианты [к], [к] қатаң дыбысының варианты ретінде [ғ] дыбысын алады. Кей жерлерде [ғ] сол күйі айтылуынша жазылатындығын және жуан естілетіндігін, жуан дауысты дыбыстар келетін жерде [к] мен [ғ] қолданылады дейді. Ал 1924 жылғы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» «бұл дыбыстар бір-бірінің жіңішке/жуан нұсқасы емес, мүлде бөлек дыбыстар екендігін, себебі жасалу орны басқа» деп айтқан еді [9]. [К] ның [ғ] ға айналып кету үдерісі үндестік заңына бағынғандықтан. А. Байтұрсынұлы 1914 жылғы «Тіл-құрал» еңбегінде қазақ тілін түркі тілінің бір тарауы болғандықтан жалғамалы тілдер қатарына кіретіндігін айтады. Түбірге жалғау жалғанғанда, түбірдегі қ-мен аяқталған сөзге жуан дауысты жалғанса қ дыбысы ғ-ға айналады. Қазақ тілінде ғ әрпі сөз соңында жазылмайтындығын айтады ғалым.

Кей орында «к» дыбысы «ғ» болып өзгереді. Ондай орында айтылуынша «ғ» харфін жазу тиіс. *Ақ – ағы, бақ – бағы, сақ – сағы.* Ғалымның 1914 жылғы еңбегінен: «*Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер. Иттің сағы жақсы. Аяқ – аяғынан, таяқ – таяғынан. Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан. «[К]» һәм «[ғ]» дыбыстар еш уақытта жіңішкермейді, яғни жіңішке айтылмайды.*». «Тіл жұмсар» еңбегінде [к] дыбысы [ғ] дыбысының азғын түріне жатқызады, өйткені қ мен к керек қылмаған дәйекшіні бұлар да керек қылмайды дейді. Ғалым бұл еңбегінде дәйекшіні қойғаннан немесе қоймағаннан қандай ерекшелік байқалатындығын оқушыға қол мен көл, құн мен күн, қон мен көн, құт пен күт сөздерін мысалға алып [к] мен [к]-ның орналасу ретін, дыбыстық мағынасын ажырату үшін тапсырма түрінде көрсеткен. Ғалым дәйекші қоюдағы мақсаты [к]-ның жіңішке дауысты дыбыста кездеспейтіндігін, жіңішке айтылатын дауысты дыбыстарды, яғни сөздің түбірінде жіңішке дауысты дыбыс болса жанындағы дауыссыз дыбыс та жіңішкеретіндігін айтқан.

XX ғасырдың басында (1912-ден бастап) жазуымыз дыбыс жүйесінше болған, қалай естіледі солай жазған, егер сөз жүйесінше болатын болса, үндестік заңы болмайтын еді, сөз түбірінде қалай тұр солай жазылады да, оған жалғанатын қосымшаның ықпалына көнбейтін еді. Жазу жүйесінше сөздер түбірін сақтамай жазылады. Мысалы, *тақ* деген сөзге қосымша жалғасақ *тағы, лақ – лағы* болады. Сөз жүйесінше *тақ-тақы, ақ - ақы* болар еді. Қазақ тілінің артықшылығы *ымыра* бар. Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстарды ымыралы, ымырасыз деп қатаң мен ұяңнан бөлек тағы

топтастырды. Ымырасыз деп отырған [ғ] мен [г]-дан аяқталатын сөз жоқ. Жұрнақтардың ешқайсысын қабылдамайды. 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін ғалымдар қатаңның ішінде қаралатын [ғ] мен [г]-ні ымырасыздар қатарына қосты. Осыдан кейін «қ»-ның сыңары «[ғ]» болады; «[к]»-нің сыңары «[г]» болатын болды. 1924 жылға дейін бұл төрт дыбыс қатаң дауыссыз дыбыстар болған екен. Сол себепті осы төртеуін бірге қарастырған, дыбыстық жіктелімін қатар зерттеген болып шығады. Қазақша сөздердің аяғы ешуақытта да «[д]», «[ғ]», «[г]» болып келмейді. Сондықтан бұл дыбыстар жалғау, жұрнақтардың ешбір түрін де керек қылмайды. Сондықтан Съез бұл үш дыбысты қатаң дыбыстардан айырып, ымырасыз деп өз алдына бір тап қылып жіктеді.

Сонымен Байтұрсынұлы [ғ] мен [г] дыбыстарын босаң жолды, оның ішінде тұйықтаулары дейді, тұйықтары демейді. Өткелсіз оның ішінде сүзілетіндер қатарында және тамақта сүзілетіндер деп жіктейді. [ғ]-ның дыбыстық мағынасы [к]-ға ұқсас, тіл таңдайдың артқы жағына жуықталады, яғни тұйықталады, кішкене айырмашылық тіл таңдайға нық тимейді, кішкене діріл сезіледі, жұмсақ сүзіліп шығады. Ал қазіргі қазақ тілінде [ғ] мен [г] дыбыстары ұяң дауыссыздардың қатарында екенін білеміз. Бұл дыбыстарды айтқанда дауыс тамаққа қырналып бөгеліп, дауыс желбезегі тербеліңкі шығады. Ғалым бұл дыбыстарды жіктегенде айтылуына және сөйлеу мүшелерінің қатысуына қарай деген жүйені ұстанғанын көреміз. «Тіл-құралдың» 1914, 1918, 1920, 1923, 1924 жылғы басылымдарында [ғ] мен [г] дыбысын қатаң дауыссыздың ішінде қарастырған. 1924 жылдан кейін ымырасыз деген.

1920 жылы жарық көрген «Баяншы» еңбегінде «дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» дейді. Яғни дауыссыздардың не жуан, не жіңішке айтылуы осы дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қатысты. Бірақ бұл қағида [к], [к], [ғ] мен [г], [т] мен [с] әріптеріне арналмаған. Бұларға бөлек таңба ұсынбай, дәйекшімен ажыратуды ұсынады. Себебі ғалымның сөзінше: «Егерде екі түрлі айтылатын дыбыстарда жуан айтылуы үшін бір харіп, жіңішке айтылуы үшін бір харіп керек десек, ондай дыбыстардың әрқайсысына екі харіптен керек болар еді. Олай етуге болмайтын жайын жоғарыда айттық. Дауыссыз дыбыстардың бірінен-бірінің артықтығы жоқ, дәрежесі бірдей». Сонымен [к] мен [к] дыбысын қатар қарастыра отырып, екеуін де дауыстың қатысуына қарай қатаң дауыссыздың қатарынан орын алатындығын, сөздің түбірінде кездессе, дауысты дыбыстардың әсерінен жуан, жіңішке айтылып, жазылатындығын айтады. Дыбыстардың жіктелімінде көрсеткендей, дыбыстау мүшелерінің қатысуына қарай, яғни жақ қысаң ашылғандықтан қысаң, оның ішінде тұйықтар екендігін көрсетеді. Қысаң екені түсінікті, бірақ қазіргі фонетикада ашық/қысаң деген дауысты дыбыстарға арналған ұғым. Мүшелердің қатысуына қарай өткелсіздер, яғни көмейден шыққан дыбыс бөгеліп, жаңғырып шықпағандықтан, осындай атау беруі мүмкін, оның ішінде тамаққа қамалатындар қатарына жіктейді. Тамаққа қамалатын дыбыс деп дыбыстау мүшелері, яғни тіл артқа қарай таңдайға тіреліп қатқыл жарқын шықпай естілетін дыбыс болуы мүмкін. «Тілжұмсар» [10] еңбегінде ғ мен г-ны сыбысты дыбыстар деп атайды. Ал [к] мен [к]-ны сыбырлы дыбыстар деп ат қояды. Бұл еңбегінде дыбыстарды естілуіне қарай деп «төрт даражылы» деп *дауысты дыбыс, үнді дыбыс, сыбысты дыбыс, сыбырлы дыбыс* деген топтарға бөледі. Сыбысты дыбыстар деп ұяң дауыссызды айтқан болуы керек, ал сыбырлы деп қатаң дауыссыздарды атауы мүмкін деген ойға келеміз. [ғ] мен [г]-ны сыбысты дыбыстар қатарына жатқызады. Байтұрсынұлы ұяң деп топқа бөліп берген дауыссыздары қазіргі қазақ тілінде үнді дауыссыздар екенін білеміз. Тек 1928 жылы ғана [р], [н], [л], [м], [н] дауыссыздары үндінің қатарынан орын алды.

Сонымен, Қ/К дауыссыз дыбыстары дауыстың қатысуына қарай қатаң, дыбыстау мүшелерінің қатысуына қарай қысаң, оның ішінде тұйықтар. Дыбыстау мүшелердің қатысуына қарай өткелсіздер, оның ішінде тамаққа қамалатындар қатарынан орын алады.

Ғ/Г дыбыстарын А.Байтұрсынұлы ымырасыз дауыссыздардың қатарына жатқызады. Дыбыстың жасалуына қарай босаң жолды, оның ішінде тұйықтаулары дейді, тұйықтары демейді. Сөйлеу мүшелерінің қатысуына өткелсіз, оның ішінде сүзілетіндер қатарында және тамақта сүзілетіндер деп жіктейді. [К] хәм «[г]» дыбыстар еш уақытта жуандамайды, яғни жуан айтылмайды. Сондықтан бұл дыбыстар *тоң дыбыстар* деп аталады.

*Ш дыбысының сипаты.* А.Байтұрсынұлы әліпбиінде төл сөздерде кездесетін [ш] дыбысы парсының че (چ) таңбасы арқылы берілгені мәлім. Ал арабтың [ш] (ش) таңбасы шаһар, шифа, шарбат, [х] таңбасы хажы, хакім, хүкім, хайуан, хайран, хайыр, хайыршы, хұлық, [ф] таңбасы офат, файда, фарман, саф, жафа, фақыр, фасық тәрізді араб, парсы сөздерін жазу үшін, ал [h] таңбасы аһілеу, үһілеу сөздерімен қатар гауһар, жауһар, һауа, һеш, һәр, һәман, баһа, қаһарман, жаһат тәрізді сөздерді таңбалау үшін алынғаны «Әліппеде» арнайы бөлек көрсетілген.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлы қазақ дыбыстарының табиғатын ғылыми деңгейде дәл анықтай білген, араб әліпбиі негізінде қазақ әліпбиін жасап шығарды. Қазақ тілі дыбыстарын таңбалауға жетпеген араб таңбаларын қажетінше түрлендіріп, түрлі диакритикалық белгілер қою арқылы төл таңбалар әзірледі. Ғалым әр дыбыстың табиғатын жақсы білгенімен, сол кездегі түрік әліпбиін, емлесін, орыстың жазуын негізге алды. Ең бірінші, дыбыстардың тіркесу заңдылығын терең зерттеген.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін, өзі дайындаған қазақ әліпбиіне түзетулер енгізген болатын. Ал 1912 жылдан бастап жарыққа шыққан «Тіл-құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» еңбектерін негізге ала отырып, ғалымның дауыссыз дыбыстардың жүйесін сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция жолдары негізінде дауыссыздан аяқталатын сөздерге қосымшаның кездейсоқ жалғанбағандығы анықталды. Ғалымның жарты дауысты дегені – қазіргі үнді дауыссыздар. Араб әліпбиінде жоқ, бірақ қазақ тілінің әуезділігін танытатын әріптерді таңбалауда дәйекші енгізеді, сонымен қатар қаралатын, фонема, вариант, инвариант секілді ұғымдарды термин ретінде қолданбаса да, табиғатын ғылыми тұрғыдан терең түсіне білген. Дыбыстардың дыбыстық мәнін, яғни дауыстыны да, дауыссызды да жуан, жіңішкеге бөліп қарауы сингармонизм жүйесімен үйлесім табады. Ғалымның сөзімен айтқанда: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді, яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады» [1, 325-б.]. Дауыстылардан гөрі дауыссыздардың реңктері, яғни аллофондары дауыстыға қарағанда көп болды, сөйлеу мүшелерінің, жасалу орнына қарай жуан, жіңішке, мұрын жолды босаң деп ары қарай жіктеле берді.

*Мақала 2022–2024 жылдарға арналған «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» (AP14872071) атты гранттық зерттеу жобасы аясында жазылды. Қажетті материалды жинап, жүйелеуді авторлар бірлесіп атқарды.*

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Маралбек Е. А.Байтұрсынұлының дыбыстарды жіктеу туралы мақаласы. [Электронды ресурс]. URL: <https://malim.kz/article/sports/baitursynulynyn-dybystardy-zikteu-turaly-maqalasy-15159> (қаралған күні 28.05.2021)
3. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2018. – 368 б.
4. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы: Сардар, 2018. – 250 б.
5. Момынова Б. «Қазақ» газеті (1913–1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 256 б.
6. Омарұлы Е. Қазақ тілінің дыбыстары // Жаңа мектеп. – 1927. – №2(17). – Б. 61–67.



7. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 664 б.
8. Жұмабаева Ә., Құрман Н. «Атамұра» баспасы: Ахмет Байтұрсынұлы «Әліппесінің» алтын белдеуі – дыбысты әдіс // «Білімді ел» республикалық қоғамдық-саяси газет. – 16 наурыз, 2021.
9. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі / Баспаға дайындаған Ш. Құрманбайұлы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2005. – 144 б.
10. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

#### REFERENCES

1. Baitursynov A. Til tagylymy [Language lessons]. – Almaty: Ana tili. – 448 b. [in Kazakh]
2. Maralbek E. A. Baitursynulynyn dybystardy jikteu turaly maqalasy [Article by A. Baitursynov on the classification of sounds]. [Electronic resource]. URL: <https://malim.kz/article/sports/baitursynulynyn-dybystardy-zikteu-turaly-maqalasy-15159> (qaralghan kuni 28.05.2021) [in Kazakh]
3. Junisbek A. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2018. – 368 b. [in Kazakh]
4. Uali N. Grafika. Orfografia. Orfoepia. [Graphics. Spelling. Orthoepy]. – Almaty: Sardar, 2018 – 250 b. [in Kazakh]
5. Momynova B. «Qazaq» gazetі (1913–1918): alipbi, emle erekshelikteri jane leksika-grammatikasy [Newspaper “Kazakh” (1913–1918): alphabet, spelling features and vocabulary and grammar]. – Almaty: Qazaq tili, 2022. – 256 b. [in Kazakh]
6. Omaruly E. Qazaq tilinin dybystary [Sounds of the Kazakh language] // Jana mektep. – 1927. – №2(17). – B. 61–67. [in Kazakh]
7. XX gasyr basyndagy qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language at the beginning of the XX century] / Qurastyrgan O. Jubaeva. – Almaty: Qazygurt, 2013. – 664 b. [in Kazakh]
8. Jumabaeva A., Kurman N. «Atamura» baspasy: Ahmet Baitursynuly «Alippesinin» altyn beldeui – dybysty adis [Publishing house “Atamura”: the golden belt of Akhmet Baitursynov's “Alphabet” – sound method] // «Bilimdi el» respublikalyq qogamdyq-saiasi gazet. – 16 nauryz, 2021. [in Kazakh]
9. Qazaq bilimpazdarynyn tungysh siezi [The first congress of Kazakh educators] / Baspaga daiyndagan Sh. Qurmanbaiuly. – Almaty: El-shejire, 2005. – 144 b. [in Kazakh]
10. Baitursynuly A. Alty tomdyq shygarmalar jinagy [Collection of works in six volumes]. – Almaty: El-shejire, 2013. -384 b. [in Kazakh]

ЭОЖ 821.512.122:7.03(043.3); МҒТАР 17.82.09

<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07>**Б.Ә. ЫСҚАҚ** *филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор**«Торайғыров университеті» КЕАҚ**(Қазақстан, Павлодар қ.), e-mail: yskak.b@teachers.tou.kz*

## МӘДИНА ОМАРОВА ӘНГІМЕСІНДЕГІ ГОТИКА МӘСЕЛЕСІ

**Аңдатпа.** Берілген мақалада жазушы Мәдина Омарованың әңгімесіндегі готика мәселесі қарастырылады. Батыс әдебиетіне тән готика стилінің қазақ прозасына өзіндік қазақы нақышпен қолтаңбаланып, синтез тұрғысында көрінгенін бұған дейінгі талдамаларға сүйеніп, жалғаспалы зерттеу ретінде талдап, ұсынамыз. Тақырыпты ашу үшін қазіргі қазақ әдебиеттану әдіснамасының авторды зерттеуге бағытталған және мифо-сын герменевтика әдісін, ұлттық және халықаралық шеңбердегі әдеби процесті зерделеу әдіснамасын қолданамыз. Аталған мәселенің теориялық негізделуін қазақ, орыс, ағылшын әдебиеттанушы еңбектерінен оқып, пайдаландық. Қазақ жазушысының шығармашылығындағы готика стилі Әділ Жақұлаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер» атты мақаласында талданған. Дәстүрлі қазақ әңгімелеріндегі мистикалық бағыт, психологизм тармақтары жаңаша пайыммен зерттеле бастады. Бұл тақырып грант негізінде зерттелген жоба жұмысында көрінді. Дегенмен де жазушы Мәдина Омарованың әңгімелері арқылы неоготика стилін, оның көркемдік қызметін тану зерттемесі қажет деп білеміз. Бұны әңгіме тартысынан анықтау мақаланың міндеті болады. Оның себебі, қазақ қоғамында готиканың жанрлық сипатын беретін басқа әлемдегі күш, жағымсыз елес, жұмбақ тағдырлар, тағы басқа негіздері мистикалық тұрғыдан ауыз әдебиетінен таныс. Бірақ жаңа заманның кейіпкеріндегі ішкі тартысты осы готика стилінде сомдау жазушының қабілеттілігін және қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытты көрсетеді. Жазушы М. Омарованың әңгімелерінен готика жанрының көркем эволюциясы сарапталады. Поэтикалық табиғаты талданып, мекеншақтық тұрғысы пайымдалады. Готиканың пассивті және активті элементін қазақ әңгімесінің көркемдік қызметінде анықтау жұмысы жүргізіледі. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі готика мен ғылыми фантастика элементтерінің тоғысу үдерісі бағамдалады.

**Кілт сөздер:** готика, мистикалық әдебиет, әдеби сын, қазіргі қазақ әңгімесі, тылсым, өрнек, жазушы Мәдина Омарова.

**В.А. Yskak***Candidate of Philological Sciences, Associate Professor**NJSC «Toraighyrov University»**(Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: yskak.b@teachers.tou.kz*

## The Problem of Gothic in the Storytelling of Madina Omarova

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ысқақ Б.Ә. Мәдина Омарова әңгімесіндегі готика мәселесі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 98–110. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07>

**\*Cite us correctly:**

Ysqaq B.A. Madina Omarova angimesindegi gotika maselesi [The Problem of Gothic in the Storytelling of Madina Omarova] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3 (129). – Б. 98–110. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07>

**Abstract.** This article examines the problem of the Gothic in contemporary storytelling of the writer Madina Omarova. Let's imagine that the Gothic style characteristic of Western literature, reflected in the Kazakh prose with an original Kazakh coloring and in the context of synthesis, are analyzed and presented as an ongoing study, building on previous research. To reveal the topic, we use the methodology of modern Kazakh literary studies aimed at studying the author and the methodology of studying mythological-critical hermeneutics, the literary process in the national and international framework. We studied and used the theoretical justification of this problem in the works of Kazakh, Russian, and English literary critics. The initiative of this question was analyzed in the Kazakh literary studies in the article «Gothic expressions in modern Kazakh prose» by Adil Zhakulaev. This was followed by some discussions and work on a project studied on the basis of a grant. Nevertheless, according to the stories of the writer Madina Omarova, we consider it necessary to study the Neo-Gothic style and its artistic activity. Mystical directions, branches of psychologism in traditional Kazakh stories began to be studied in a new way. Therefore, the identification of the Gothic style, its artistic manner through the stories of the writer Madina Omarova becomes the task of the article. This is due to the fact that in Kazakh society the foundations of otherworldly power, negative illusions, mysterious destinies that give the genre character of the gothic are mystically familiar from oral literature. But the embodiment in this gothic style of the struggle between the heroes of the new time reflects the ability of the writer and the new direction in Kazakh literature. From the stories of the writer M. Omarova analyzes the artistic evolution of the gothic genre. The poetic nature is analyzed, the aspiration for the location is expressed. The work on revealing the passive and active element of the gothic in the artistic aspect of the Kazakh narrative is carried out. The process of intertwining elements of gothic and science fiction in the modern Kazakh storytelling is considered.

**Keywords:** gothic, mysticism, literary criticism, contemporary Kazakh storytelling, mysterious fates, expression, writer Madina Omarova.

**Б.А. Ыскак**

*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
НАО «Торайгыров университет»  
(Казахстан, г. Павлодар), e-mail: yskak.b@teachers.tou.kz*

### **Проблема готики в рассказе Мадины Омаровой**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема готики в рассказах писательницы Мадины Омаровой. Представим, что характерный для западной литературы готический стиль, отражен в казахской прозе с оригинальным казахским колоритом и в контексте синтеза, проанализированы и представлены как продолжающееся исследование, опирающееся на предыдущие исследования. Для раскрытия темы используем методологию современного казахского литературоведения, направленную на изучение автора и методологию изучения мифо-критической герменевтики, литературного процесса в национальном и международном рамках. Теоретическое обоснование данной проблемы мы изучали и использовали из трудов казахского, русского, английского литературоведов. Готический стиль в творчестве казахского писателя проанализирован в казахском литературоведении в статье Адила Жакулаева «Готические выражение в современной казахской прозе». По-новому стали изучаться мистические направления, ветви психологизма в традиционных казахских рассказах. Эта тема отражена в работе проекта, исследованного на основе гранта. Тем не менее, по рассказам писательницы Мадины Омаровой мы считаем необходимым изучение неоготического стиля, его художественной деятельности. Поэтому выявление готического стиля, его художественной манеры через рассказы писателя Мадины Омаровой становится задачей статьи. Это связано с тем, что в казахском обществе устои потусторонней силы, негативных иллюзий, загадочных

судеб, дающих жанровый характер готики, мистически знакомы из устной литературы. Но воплощение в этом готическом стиле борьбы между героями нового времени отражает способности писателя и новое направление в казахской литературе. Из рассказов писателя М. Омаровой анализируется художественная эволюция готического жанра. Анализируется поэтическая природа, высказывается стремление к местопребыванию. Проводится работа по выявлению пассивного и активного элемента готики в художественном аспекте казахского повествования. Рассматривается процесс переплетения элементов готики и научной фантастики в современном казахском рассказе.

**Ключевые слова:** готика, мистика, литературная критика, современный казахский рассказ, загадочные судьбы, выражение, писатель Мадина Омарова.

### Кіріспе

Мәдина Омарованың «Ана ғұмыр» [1], «Қадір түні» [2] кітабы бойынша зерттеушілер, сыншылар жеткізе талдаған пікірді толықтырып, авторды зерттеуге бағытталған зерттеу сұрақтарын көркем мәтін контекстінде қарастырамыз. Мәдина Омарованың жазушылық шығармашылығы арқылы қазақ әңгіме жанрына сіңген готикалық стильді тануға дәлелдеме ұсынамыз. Әділ Жақулаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер» атты мақаласында берілген готика сипатын біз талдап, қарастыратын жазушының зияткерлік қалпынан пайымдау, талдау, түйіндеу жинақтамасы жасалады.

Зерттеуші Әділ Жақулаев қазіргі қазақ прозасында готикалық элементтер М. Омарова, Қ. Мұбарак, А. Мырзахмет шығармаларында кездесетінін талдап көрсеткен [3]. Зерттеушінің аталған мақаласы қазақ әдебиетіндегі готика стилінде жазатын жазушы шығармашылығы туралы басқа да әдеби талдауларға жол ашқан. Бізді қызықтырғаны, готика стилін қазақ әңгіме жанрында алғаш рет Мәдина Омарова қолданғаны және қазақ әдебиеттануында готика стилі қай жазушыда танылғаны жайында жазылған алғашқы зерттеу жұмысының мәні болды. Сондықтан осы мақалаға арнайы тоқталып өтеміз.

Ұйтқы болған талдамада, әсіресе готика жанрының бастауы және өнертанушылар мен әдебиеттанушылардың зерттемелері арқылы оның тарихына, ерекшелігіне, төрт ғасырдан аса әр елдің әдебиетінде түрліше орнығуы мәселелері қамтылған. Автордың мақаласында, жалпы әдебиетке жанр ретінде келуінен бұрын өзара сабақтастықпен сәулет, мүсін өнерінен бастау алғанына шолу жасаған. Готика өнер деп танылуы үшін бес ғасырдай уақыт кеткеніне нақты мысалдар келтірген. Готикалық өнердің ерекшелігіне тоқталған: техникалық жетістіктердің қолданылуы мен адамның бас бостандығына ұмтылуын ұштастыра келістіретінін сөз еткен. Готикалық стиль бойынша даму тарихы баяндалады. Әділ Жақулаевтың мақаласында готиканың әдебиетте термин ретінде де қалай пайда болғаны және оның қандай еңбектерде көрініс беруі толық қамтылған. Ізденушіге готикалық стиль, ағым, оның табиғаты жайында дұрыс тануы үшін ой салатын деректер жинақтаған, Монтегю Саммерстің монографиялық еңбегінен қажетті ақпарат бөліскен.

Бұндай ақпараттың маңыздылығы бар. Яғни, іргелі зерттеулер осындай түсіндірмелер түрткі болып өз зерттеушісін табады.

Готика жанрының әдебиеттегі негізгі белгілерін анықтап, жүйеленіп, мысалмен келтірген түйінін ұсынғанын да атап айтуымыз керек. Себебі бұған дейін «басқа әлемдегі күш және жағымсыз мақсаттағы сапар, елестің пайда болуы, ақылға қонбайтын жұмбақ ауру, ақыреттің көрінуі, тірі өлік, қабірден қайта оралу, дұғаның қабыл болуы, жанның мазасыздығы, жұмбақ тағдырлар сияқты тылсым оқиғалардың түрлері» қазақ әдебиетінде көрініс тапқан готикалық сюжеттік шешім мен тартыс шығармашылық қолтаңбалары бар жазушыларымыздың лабораториясын зерттеушілер көбіне психологизм тұрғысынан талдап келді. Автор зерттеу тәсілін дұрыс таңдаса, готикалық өрнектің де қазақ әдебиетінде

табылып қалуына мән береді. Егер мақаланың маңыздылығы неде десеніз, осы зерттеушілік танымға, яғни қазақ әңгіме жанрындағы готикалық стиль жайында біліп, зерделеуге жетелейтін білім, дереккөзі болады.

Мақаламен танысқан зерттеуші, автордың нұсқама көмегімен Уолтер Фрайдың «Готикалық әдебиеттің Вальтер Скотт шығармашылығына әсері» кітабын оқып шығады, кешегі білімінен бір мысқал болса да ілгерілейді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, аталған мақала іргелі зерттеулерге ұласты. Нақтырақ айтсақ, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері «Қазақ прозасындағы мистика» гранттық жобасында осы мәселені зерттеп жүрген еңбектерді атап өткен: Әділ Жақұлаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер» [3], Гүлзия Пірәлінің «Қазіргі прозадағы Мәдинаның қолтаңбасы» [4, 135-б.], Жолдасбек Мәмбетов пен Гүлжанат Әбиханованың бірлескен авторлығымен шыққан «Мистиканың үзілмей жеткен арқауы» [5], Сандуғаш Сағидуллиеваның «Жас қаламгер, жаңалыққа талпыныс, жаңашылдық іздер» [6], Сағындық Ордабековтің «Жұмбаққа толы тылсым дүние» [7, 4-б.]. Жоба зерттеушілері Г. Сәулембек, А. Таңжарықова, А. Асқарова, А. Ахметова, Г. Ахметова: «Бұның әдеби жанрға, оның толысуына ықпал ететін факторлардың бірі ретінде танылуы заңдылық», - деп түйін берген.

Жоба жұмысын орындау барысында ғалым Г. Сәулембек жазушы Мәдина Омарованың «Патша қызының өлімі», «Жартас басында», «Суретші», «Кім өлді екен?», «Жұмбақ», «Ғажайып көл» әңгімелерін аталған тақырыпқа қатысты топтаған.

Жобаның зерттеушісі, әдебиеттанушы Г. Ахметова Мәдина Омарованың «Күзгі бір кеште» әңгімесінде «табиғат пен адам арасындағы құпияға толы магиялық күштердің, мистикалық элементтердің авторлық таным арқылы берілу жолдарын» ғылыми негіздемемен дәлелдеген. Біз де шолу түрінде жазушы Мәдина Омарованың готика стилінде жазған шығармашылығына қатысты болғандықтан қарап шықтық.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес ғаламның тілдік бейнесін ашатын «көк» концептісінің когнитивтік сипаты ашылып, оның халық арасындағы қолданысындағы эмоционалдық мән-мазмұны зерттелді. Көк түсінің эмоционалдық реңк арқылы жеткізілетін адамның сезімі мен толғанысын ашатын тілдік бірліктердің коннотациялық мағыналары алғаш рет психоллингвистика тұрғысында қарастырылды.

Қазақ тіліндегі көк түсіне байланысты фразеологиялық тіл бірліктерінің эмоционалдылығы, эмоционалдылық мүмкіндіктері көбінесе тіркесіп келген сөздерге өз әсерін күшейте түсумен қатар, экспрессивті күш беретіні ақиқат. Көк түсі арқылы айтылатын тұрақты сөз тіркестері көбінесе адамда ашу-ыза, ренжу, қарғыс мәндегі эмоцияларды бергенде қолданылатынын нақты мысалдармен дәйектей алдық. Көк түсі арқылы берілетін эмоциялық күйдің шешуші белгісі оның тұтастығы, басқа күйлерге және басқа реакцияларға әсерлілігі күшті және эксклюзивтілігімен ерекшеленеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Древнетюркский словарь / под ред. Д.М. Насилова, И.В. Кормушина и др.; сост. Т.А. Боровкова, Л.В. Дмитриева, А.А. Зырин. И.В. Кормушина и др. 2-е изд., пересмотр. – Астана: Ғылым, 2016. – 760 б.



2. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.
3. Баялиева Г.Ж. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімдер («Қутадғу билиг» пен «Ғибат-ул хақайық» жәдігерліктері бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2003. – 166 б.
4. Kaskatayeva Zh.A., Mazhitayeva Sh., Omasheva Zh.M., Nygmetova N., Kadyrov Zh. Colour Categories in Different Linguistic Cultures // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2020. – №12(6). – P. 1–13. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n6.14>
5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 306 с.
6. Рубинштейн С.Л. Эмоции // Психология эмоции. Тексты. – М.: Изд-во МГУ, 1993. – С. 160–170.
7. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта, 2007. – 296 с.
8. Бабушкин А.К. Типы концептов в лексико-фразеологический семантике языка их личная и национальная специфика: Дисс. ... док. филол. наук. – Воронеж, 1998. – 303 с.
9. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. док. ... дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 54 б.
10. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 278 б.
11. Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 34 б.
12. Звегинцев В.А. Семасиология. – М.: МГУ, 1967. – 321 с.
13. Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.
14. Леонтьев А.И. Потребности, мотивы и эмоции. В кн.: Психология эмоций / Под ред. В.К.Вилюнаса, Ю.Б.Гиппенрейтер. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – С. 162–171.
15. Түйте Е.Е. Психикалық жай-күйлер атауларының лингвостилистикалық сипаты: монография. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2013. – 246 б.
16. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
17. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2014. – 216 б.
18. Жансүгіров І. Шығармалары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 615 б.
19. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
20. Қайдар Ә.Т., Өмірбеков Б.Е., Ахтамбердиева З.Т. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
21. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 618 б.
22. Шаховский В.И. Голос эмоций в языковом круге. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2012. – 144 с.

## REFERENCES

1. Drevnetiurkskyi slovar [Ancient Turkic Dictionary] / pod red. D.M. Nasilova, I.V. Kormushina i dr.; sost. T.A. Borovkova, L.V. Dmirtieva, A.A. Zyryn. I.V. Kormushina i dr. 2-e izd., peresmotr. – Astana: Gylym, 2016. – 760 b. [in Russian]
2. Ualiuly N. Frazeologia jane tildik norma [Phraseology and language norm]. – Almaty: Respublikalyq baspa kabineti, 1998. – 128 b. [in Kazakh]
3. Baialieva G.J. XI-XII gasyrlardagy jazba adebi eskertkishter tilindegi syn esimder («Qutadgu bilig» pen «Hibat-ul haqaiiq» jadigerlikleri boiynsha: filol. gyl. kand. ... diss. [The adjectives in the language of written literary monuments of the 11th-12th centuries (according to the “Kutadgu bilig” and “Hibat-ul khakayik” records: A dissertation ... cand. of philol. sciences]. – Almaty, 2003. – 166 b. [in Kazakh]
4. Kaskatayeva Zh.A., Mazhitayeva Sh., Omasheva Zh.M., Nygmetova N., Kadyrov Zh. Colour Categories in Different Linguistic Cultures // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2020. – №12(6). – P. 1–13. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n6.14>
5. Ahmanova O.S. Slovar lingvisticheskikh terminov [Dictionary of Linguistic Terms]. – M.: Sovetskaia ensiklopedia, 1966. – 306 s. [in Russian]

6. Rubinshtein S.L. Emosii // Psihologia emosii. Teksty [Emotions // Psychology of emotions. Texts]. – M.: Izd-vo MGU, 1993. – S. 160–170. [in Russian]
7. Maslova V.A. Vvedenie v kognitivnuiu lingvistiku [Introduction to cognitive linguistics]. – M.: Flinta, 2007. – 296 s. [in Russian]
8. Babushkin A.K. Tipy konseptov v leksiko-frazeologicheski semantike iazyka ih lichnaia i natsionalnaia spesifika: Diss. ... dok. filol. nauk. [Types of concepts in the lexical-phraseological semantics of the language of personal and national specifics: Dissertation ... doct. of philol. sciences]. – Voronej, 1998. – 303 s. [in Russian]
9. Islam A. Ulttyq madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): filol. gyl. dok. ... diss. avtoref. [Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural expertise)]. – Almaty, 2004. – 54 b. [in Kazakh]
10. Tileuberdiev B.M. Qazaq onomastikasynyn lingvokonseptologialyq negizderi [Linguistic-conceptual foundations of Kazakh onomastics]. – Almaty: Arys, 2007. – 278 b. [in Kazakh]
11. Qoshanova J. «Qazaq tilindegi «bailyq-kedeilik» konseptisi: tanyndyq sipaty men qyzmeti: filol. gyl. kand. ... diss. avtoref. [The concept of "wealth-poverty" in the Kazakh language: cognitive character i activity]. – Almaty, 2009. – 34 b. [in Kazakh]
12. Zveginsev V.A Semasiologia [Semasiology]. – M.: MGU, 1967. – 321 s. [in Russian]
13. Imanalieva G.Q. Qazaq tilindegi emosionaldy qurylymdar [Emotional structures in the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 255 b. [in Kazakh]
14. Leontiev A.I. Potrebnosti, motivy i emocii [Needs, motives and emotions]. V kn.: Psihologia emocii. – M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1984. – S. 162–171. [in Russian]
15. Tuite E.E. Psihikalıyq jai-kuiler ataularynyn lingvostilistikalyq sipaty: Monografıa [Linguostilistic nature of the names of mental states: Monograph]. – Qaragandy: E.A. Boketov atyndagy QarMU, 2013. – 246 b. [in Kazakh]
16. Kenesbaev I. Qazaq tilinin frazeologialyq sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1977. – 711 b. [in Kazakh]
17. Isabekov D. Tandamaly shygarmalary [Selected works]. – Almaty: «Aiganym» baspa uii, 2014. – 216 b. [in Kazakh]
18. Jansugirov I. Shygarmalary [Works]. – Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1960. – 615 b. [in Kazakh]
19. Auezov M. Abai joly: Roman-epopeia. Birinshi kitap [Abai's Way]. – Almaty: Jazushy, 2004. – 368 b. [in Kazakh]
20. Qaidar A.T., Omirbekov B.E., Ahtamberdieva Z.T. Tur-tusterdin tildegi korinisi [Species-expression of colors on the tongue]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b. [in Kazakh]
21. Aitbaev O. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Arys, 2007. – 618 b. [in Kazakh]
22. Shahovski V.I. Golos emosi v iazykovom krugе [The voice of emotions in the language circle]. – M.: Kniznyi dom «LIBROKOM», 2012. – 144 s. [in Russian]

Ғ.С. ҚАМБАРОВА<sup>1</sup> , Б.Д. ЖҰМАҚАЕВА<sup>2</sup> , Ә.Т. ТОЛЫСБАЕВА<sup>3</sup> <sup>1</sup>Сүлеймен Демирел университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: k.gainizhamal@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Сүлеймен Демирел университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz

<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қода Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: adetau.tolysbayeva@ayu.edu.kz

## ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АВТОР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУ ӨРІСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

**Аңдатпа.** Мақалаға әдебиеттану ғылымындағы «автор» ұғымының көпқырлы жеке-дара категория ретіндегі тарихи даму өрісі негіз болды. «Автор» теориясының әдебиеттегі романтизм, структурализм, формализм, постструктурализм мен постмодернизм сынды ағымдар үстемдік құрған кезеңдердегі даму бағдарына назар аударылып, осы кезеңнің іргелі теориялық тұжырымдары мен беделді өкілдерінің негізгі қағидаттарына салыстырмалы, сараптамалық талдау жасалынды. Әдебиеттану ғылымына жаңа серпін алып келген неореализмде бір уақыт кезеңінде АҚШ, Еуропа, Ресейде және біздің елімізде «автор» теориясы әртүрлі бағытта дамып, әрқалай түсіндірілді. Бұл теориялардың бір-бірімен қиыны байланысы кейде әлсіз келіп, кейде кейбір мәселеде қарама-қайшылықтары да көрінді. Сонымен қатар, америкалық-ағылшындық «жаңа сын» мектебі, еуропалық-француздық «сана сыны» мектебі мен кеңестік классикалық парадигмалардың өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары болғаны талдау барысында айқындалады. А. Байтұрсыновтың авторға қатысты тұжырымдарының мәні ашылып, әлем әдебиеттануында өзге ғалымдардың зерттеулерімен үндестігі сараланды. Сондай-ақ, «автор» теориясының қазіргі даму тенденциялары айқындалып, осы бағыттағы ғалымдардың еңбектеріне сараптамалық талдау жасалынды. «Автор» ұғымын құраушы компоненттердің негізгілері ретінде – «автор образы», «автор ұстанымы», «автор интенциясы» категориялары анықталып, осы бағыттағы жаңашыл ой-пікірлер сараланды. Мақала авторлары ғылыми теориялар мен әдеби мектептердің дамуы мен құлдырауындағы тарихи заңдылыққа сүйене отырып, бүгінгі күнді автортанымға қатысты ғылымдағы «теориялық дағдарыс кезеңі» деген тұжырым жасайды.

**Кілт сөздер:** әдебиеттану, әдебиет теориясы, мәтіндегі автор, автор образы, авторлық ұстаным, автор интенциясы.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Қамбаров Ф.С., Жұмақаева Б.Д., Толысбаева Ә.Т. Әдебиеттану ғылымындағы автор теориясының даму өрісі: өткені мен бүгінгі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 147–161. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.11>

### \*Cite us correctly:

Qambarova G.S., Jumaqayeva B.D., Tolysbaeva A.T. Adebiettanu gylmyndagy avtor teoriasynyn damu orisi: otkeni men bugini [Development of Author Theory in Literary Studies: Past and Present] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 147–161. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.11>

**G.S. Kambarova<sup>1</sup>, B.D. Zhumakayeva<sup>2</sup>, A.T. Tolysbaeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of Suleyman Demirel University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: k.gainizhamal@mail.ru*

<sup>2</sup>*Candidate of Pedagogical Sciences, Professor  
Suleyman Demirel University*

*(Kazakhstan, Almaty), e-mail: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz*

<sup>3</sup>*Candidate of Filological Sciences, Associate Professor  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: ademau.tolysbayeva@ayu.edu.kz*

### **Development of Author Theory in Literary Studies: Past and Present**

**Abstract.** The article is based on the field of historical development of the concept of «author» in literary studies as a multifaceted single category. Attention was paid to the direction of the development of the theory of the «author» in literature in the periods of Romanticism, structuralism, formalism, poststructuralism and postmodernism, a comparative, expert analysis of the fundamental theoretical conclusions and basic principles of outstanding representatives of this period was carried out. In neorealism, which brought a new impetus to literary criticism, over the same period of time in the USA, Europe, Russia and our country, the theory of the «author» developed and interpreted in different ways. The logical connection between these theories was sometimes weak, and sometimes contradictory in some matters. In addition, the analysis reveals that the American-English «new criticism», the European-French «criticism of consciousness» and the Soviet classical paradigms have their own characteristics and differences. The consistency of A. Baitursynov's conclusions in relation to the author with the studies of other scientists in the world literature was analyzed. Modern trends in the development of the author's theory were also identified and an expert analysis of the works of scientists in this field was carried out. As the main components that make up the concept of «Author», the categories are defined – «the image of the author», «the position of the author», «the intention of the author», innovative ideas in this direction are analyzed. The authors of the article, relying on the historical pattern in the development and decline of scientific theories and literary schools, formulate that at present there is a «period of theoretical crisis» in science related to the author's theory.

**Keywords:** literary studies, literary theory, author in the text, image of the author, author's position, author's intention.

**Г.С. Камбарова<sup>1</sup>, Б.Д. Жумакаева<sup>2</sup>, А.Т. Толысбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Университета Сулеймана Демиреля  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: k.gainizhamal@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат педагогических наук, профессор  
Университет Сулеймана Демиреля*

*(Казахстан, г. Алматы), e-mail: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz*

<sup>3</sup>*кандидат филологических наук, доцент  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: ademau.tolysbayeva@ayu.edu.kz*

### **Развитие теории автора в литературоведении: прошлое и настоящее**

**Аннотация.** Статья основана на области исторического развития понятия «автор» в литературоведении как многогранной единой категории. Было уделено внимание на направление развития теории «автора» в литературе в периодах романтизма, структурализма, формализма, постструктурализма и постмодернизма, проведен сравнительный, экспертный

анализ фундаментальных теоретических выводов и основных принципов выдающихся представителей этого периода. В неореализме, который придал новый импульс литературоведению, за один и тот же период времени в США, Европе, России и нашей стране теория «автора» развивалась и интерпретировалась по-разному. Логическая связь между этими теориями иногда была слабой, а иногда и противоречивой в некоторых вопросах. Кроме того, в ходе анализа выявляется, что американско-английская школа «новая критика», европейско-французская школа «критика сознания» и советские классические парадигмы имеют свои особенности и различия. Была проанализирована согласованность выводов А. Байтурсынова по отношению к автору с исследованиями других ученых в мировой литературе. Также были определены современные тенденции развития теории «автора» и проведен экспертный анализ работ ученых данного направления. В качестве основных компонентов, составляющих понятие «автор», определены категории – «образ автора», «позиция автора», «интенция автора», проанализированы новаторские идеи в данном направлении. Авторы статьи, опираясь на историческую закономерность в развитии и упадке научных теорий и литературных школ, делают вывод о том, что сегодняшний день является «периодом теоретического кризиса» в науке.

**Ключевые слова:** литературоведение, теория литературы, автор в тексте, образ автора, авторская позиция, интенция автора.

### Кіріспе

Әдебиеттегі «автор» ұғымы адамзаттың тарихи, идеологиялық, құндылықтық, шығармашылық, т.с.с. тұрғыдан дамуы мен құлдырауы фонында көп қырлы позицияда өзіндік сипаты мен дүниетанымы бар жекедара категория ретінде ақырындап дамыды. Әлемдік әдебиет теориясында мәтіндегі автор мәселесі тұлғаның рухани, шығармашылық өмірінің құндылығын арттырған романтизм, автордың көркем шығармадағы орталық рөлін айқындайтын классикалық структурализм, автордың шығармашылық тұлғасын жоққа шығарған формализм, постструктурализм мен постмодернизм сынды теориялық бағыттарда әртүрлі аспектіде қарастырылды. Аталған мәселедегі зерттеулер «авторды қайта тірілткен» қабылдау теориясында, New Historicism, содан кейін аналитикалық филологияда логикалық жалғасын тапты.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында «Автор» теориясы және оның құрамдас категорияларын анықтауда зерттеушілер арасында бірізділік жоқ. Ғалымдардың бір тобы М.М. Бахтин мен В.В. Виноградовтың классикалық тұжырымдарын ұстанса, кейбір ғалымдар өз зерттеулерінде постструктуралистік ұстанымдарды негізге алады. Ғалымдардың тағы бір тобы пост-постмодерниттік парадигманың орын алуы мүмкін деген болжамдар жасайды. Бүгінгі таңда әртүрлі зерттеулерде, монографияларда, оқулықтар мен ғылыми мақалаларда «авторға» қатысты айтылатын төмендегідей атау, ұғымдарды кездестіруге болады:

1. Автор ойы (мысль автора) (В.Г. Белинский);
2. Авторлық таным (авторское сознание);
3. Автор дүниетанымы (миросозерцание автора) (Н.А. Добролюбов);
4. Автор сөзі, автор үні, бастапқы автор (авторское слово, голос автора, первичный автор) (М.М. Бахтин);
5. Автор бейнесі (образ автора) (В.В. Виноградов);
6. Авторлық ұстаным;
7. Автор интенциясы;
8. Автор концепция тасымалдаушысы ретінде (автор как носитель концепции) (Б.О. Корман);

9. Автордың өлімі (the death of the author) (Р. Барт);

10. Имплицит автор (implied author) (У. Бут), т.с.с.

Филологияда «авторология» өз бетінше ғылым ретінде қалыптасып, дамып келеді.

Әрине, ХХІ ғасырда «көркем мәтін – автордың өмірлік тәжірибесінің көрінісі» деген ескі әрі біржақты романтикалық идеяға қайта орала алмаймыз. Себебі, жоғарыдағы тізімнен байқағанымыздай, автор мәтінде өте көп қырынан көрінеді. Сонда, жаңа дәуірдегі жаңа парадигма «авторды» қалай анықтайды, «автор» теориясының қазіргі даму тенденциясы қандай деген заңды сауал туындайды. Ең алдымен, автор дегеніміз «кім» немесе «не» деген мәселенің басын ашу үшін оның қалыптасуы мен даму жолына сараптамалық талдау жасағанымыз жөн.

### **Зерттеу әдістері**

Мақалада көтерілген мәселені зерттеу барысында көптеген теориялық еңбектер – оқулықтар, монографиялар, ғылыми мақалалар, сөздіктер қаралды. Алынған ақпараттарды өңдеу үшін жалпы логикалық әдістер – талдау, синтездеу және жеке қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасау үшін индукция әдісі пайдаланылды. Сонымен бірге, ұсынылған теориялық тұжырымдарға салыстыру, сәйкестендіру, топтастыру әдіс-тәсілдері қолданылып, алынған нәтижелер бойынша қорытынды тұжырымдар жасалынды.


### **Талдау мен нәтижелер**

Көркем шығармадағы автор мәселесін зерттеу Америкада, Еуропа мен Ресейде ХХ ғасырға дейін әртүрлі әдеби-теориялық мектептерде ішінара болса да қаралып келді. ХІХ ғасырдағы романтизм немесе «әдебиеттанудың дағдарыс дәуірінде» шығарма автор психологиясының, автордың таптық идеологиясының көрінісі деген идеяға басымдық берілді. В. Дильтей шығарманы автордың өмірлік тәжірибесін білдіру формасы ретінде түсіну керектігін ұсынды [1]. Дегенмен, ХХ ғасырда туындаған жаңа толқын әдебиеттанудағы романтизмді үлкен сынның астына алады.

Ағылшын-американ әдебиеттануында ХХ ғасырдың 20-шы жылдары қалыптасқан «Жаңа сын» (new criticism) әдеби қозғалысы «автор» теориясына түбегейлі қайшылықпен келді. «Жаңа сын» ХІХ ғасырдағы әдебиеттануда жіберілген қателіктерді «түзетуге» ден қояды. «Жаңа сын» өкілдері көркем шығарманы автордан бөлек қарастырды. Олардың пайымдауынша, жазушы өз жұмысын аяқтаған сәтінде шығарма автордан бөлініп, оның субъективті ойынан, ниетінен тәуелсіз, дербес өмірге және әсер ету күшіне ие болады. Осылайша, шығарманы талдауда субъективті факторлардан толықтай бас тартып, автордың шығармаға қатысын, ықпалын жоққа шығарады. «Жаңа сын» мектебінің теориялық тұжырымдары ХХ ғасырдың екінші жартысында постмодернистік парадигмада белгілі бір тараптан, бірақ радикалды түрде жалғасын тапты.

Дәл осы кезеңде кеңес әдебиеттануында автор мәселесі және оның шығармаға қатынасын зерттеуге М.М. Бахтин, В.В. Виноградов, Б. Эйхенбаум, т.б. ерекше көңіл аударды. Бұл ғалымдардың ғылыми тұжырымдары «жаңа сыншылармен» қайшылықтарға толы болды. Әңгімелеушінің, баяндаушының рөлі тұтас шығармадан бөлектеп, оқшаулап қарастырылмайды. Керісінше, тұтас шығарма жүйесіндегі автор концепциясы немесе автор образы ретінде композициялық-сюжеттік ерекшеліктермен бірге қарастырылады.

М.М. Бахтин мен В.В. Виноградов ұсынған іргелі парадигмалар бүгінгі күнге дейін автор мәселесіндегі көптеген зерттеулердің мызғымас негізіне айналды. Осы бағытта жазылған біршама оқулықтар, әдістеме құралдары, анықтамалықтар мен сөздіктерде өте ұзақ уақыт «автор» мәселесін ашуда жаңашылдықтың болмауы – жоғарыдағы сөзімізге дәлел бола алады. М.М. Бахтин мен В.В. Виноградов парадигмасына негізделген еңбектерді топтастыра келе, «мәтіндегі авторды» ажырату формасын төмендегідей көрсетуге болады.



1-сурет – Мәтіндегі автор ұғымының ажыратылуы

Бастапқы автор – бұл автор бейнесінің прототипі, нақты адам. Автор - жасаушы - оқырманның шығарманы жасаушымен диалогта тікелей байланысатын ұғым, категория. Бұл тізімдегі негізгі әдеби ұғым – В.В. Виноградов пен Б. Корман түсінігіндегі *«автор бейнесі»*.

XX ғасырдың 20–30-жылдарынан бастап академик В.В. Виноградов көркем әдебиетті зерттеу барысында автор мәселесін кеңінен қозғап, автор бейнесін терең қарастыра бастады. Автордың шығармаға қатысын «автор образы» тұрғысынан қарастыруды ұсынды. «Автор образы – бұл ақынның шығармашылығында жасалынған образдың басты бір ерекшелігі. Ол өз биографиясының да көркем-бейнелік элементтерін қамтып, жүзеге асырады... Лирикалық «мен» – бұл автордың образы ғана емес, сонымен қатар адамзаттық үлкен қоғамның өкілі» [2, 113-б]. В.В. Виноградов автордың бейнесі мәтіннің жеке ерекшелігін құрайтын тілдік ерекшеліктерінен тұрады деп санайды. Яғни, «автор образы» тек автордың өмірбаянына қатысты ұғым емес, автор өз биографиясына қатысты кейбір «элементтерін» қамтығанмен, ол – толыққанды көркем құбылыс. Образ «...тек қана ақиқатты суреттеп берумен шектелмейді. Өмір шындығын жинақтай келе, жекелеген оқиғаларды, құбылыстарды бейнелей отырып, адам баласын ойландыратын мәңгілік сауалдардың мәніне де үңіледі» [3].

Керісінше, М.М. Бахтин «автор образына» Виноградов сияқты ерекше маңыз бермейді. Оның ойынша *«нағыз автор образ бола алмайды»*. Себебі автор – шығарманың барлық образын тудырушы. Ал аталып жүрген «автор образын» белгілі бір шығармадағы образдардың бірі ғана болуы мүмкін *ерекше текті образ* (образ особого рода) деп атау керек деген ой толғайды. Бахтин тұрғысынан қарастырсақ, «ерекше текті образды» көркем шығармадағы басқа образдармен шатастырып алмау керек. Себебі ол басқа образдармен қатар қарастырыла алмайтын «ерекше» образ [4].

Жалпылай алғанда, кеңестік ғалымдардың мәтін ішіндегі автор жайлы пікірлері бір-бірімен үндес келеді. Ендеше, «автор образы» категориясын тек бір ғана образ деп түсіну дұрыс емес. Автор – тұтас көркем шығарманың идеялық-мазмұнын, композициялық құрылымын ұйымдастырушы. Ол көркем шығарма табиғатынан нақты объект ретінде орын алып, баяндаушымен немесе әңгімелеушімен тығыз байланыста шығарма мәтіндегі негізгі рөл атқаратын субъективті бейне.

Дәл осы кезеңде қазақ әдебиетінде де А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі жазылды. 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» – әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек [5]. Ондағы автордың баяндаушылық тәсіліне байланысты іргелі ойлары дүниежүзілік әдебиет теориясында үндестік тапты. Себебі, Байтұрсынов көркем шығарманың түріне қарай авторға қатысты – *әуезелеуші, толғаушы, жазушы, сарындаушы* (1-кесте), т.с.с. атаулары өзге ғалымдардың баяндаушы (повествователь), әңгімелеуші (рассказчик), хроникашы (хроникер), әңгімелеуші-кейіпкер, т.б. терминдерімен сәйкес келеді. Мәселен, кеңес әдебиеттанушысы Б.О. Корман көркем

мәтіндегі автор санасын білдіру формалары ретінде көптеген баяндау көзқарастарын бөліп көрсетті. Ол «Некрасовтың лирикасы» атты монографиясында ақын өлеңдеріндегі *автордың өзі, автор-баяндаушы, лирикалық қаһарман, рөлдік қаһарман* сияқты авторлық сананы білдіру формаларын бөліп көрсеткен.


**1-кесте – А. Байтұрсынов ұсынатын автор классификациясы**

Әуезелеуші	Толғаушы	Сарындаушы
Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады. Тек сыртта тұрып бақылап, уақиғаға көз салған адамша, қатта біреуден естіген адамша айтады.	Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйіншіні, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды	Сарындаушы өз заманындағы бар тұрмысты ғана суреттеп қоймайды, өнеге үшін жоқ тұрмысты да алып суреттейді

Осы арада көңіл қоятын бір нәрсе – Байтұрсынов «әуезе» деп әңгіме, тарихи әңгіме, оқиғалы дастан сияқты көркем шығарманың нақты бір түріне тоқталып, сондағы әуезелеушіні шығарманы қалай баяндап, әңгімелейтініне, яғни автордың баяндаушы, әңгімелеуші қызметін атқаратын тұлғасына тоқталған. Ал толғаушы деп лирикалық өлеңдегі басқаларға құпия жан-дүниесінің сан түрлі сырын ақтаратын, басқаларды өзінің көңіл күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне еліктіретін ақынның рөлін көрсетеді. Сарындаушы-автордың өзі өмір сүрген заманның, қоғамның шындығын көркем шығармасына өзек етіп қана қоймай, өмірде жоқ өз фантазиясы мен қиял байлығынан да қосып, өзінше бір көлемді туынды туғыза алатынына баса мән береді. Бұл жерде авторды сарындаушы деп роман жанрына қатысты орнын анықтайды.

XX ғасырдағы «автор» теориясының даму бағытына М.М. Бахтиннің ой-тұжырымдарының орасан ықпалы болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бахтин теориясын кейде «диалогтық» деп те атайды. Бахтиннің пікірінше, диалогтық мағына автор, шығарма және оқырман арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын үрдісті білдіреді. М.М. Бахтин «автордың сөзі» мен «бөтен сөз» деп ажыратылатын *диалогтық теориясын* кейінгі зерттеушілер мен әдіскерлердің еңбектерінде заңды жалғасын тапты. Тіпті «диалогтық мәтін тұжырымдамасы» постструктуралистік ғылыми парадигманың дамуын алдын ала анықтап қойған деген тұжырымдар да кездеседі [6].

Ғалым автордың үш бейнесін анықтайды (2-сурет):



**2-сурет – М. Бахтин бөлген автордың үш көрінісі**

Бахтин зерттеулерінде биографиялық автор турасында зерттеулер өте аз. «Сөздік шығармашылық эстетикасы» еңбегінде ғана биографиялық автор шығармадан тыс өз өмірін сүріп жатқан адам ретінде танылады деген ойын ұсынады [4].



Бастапқы автор, оның көзқарасы бойынша, эстетикалық оқиғаның белсенді қатысушысы. Онда жазушы өз құндылығындағы ақиқат және шынайы адам ретінде емес, көркемдік әрекеттің ішкі объектісі ретінде қызмет ететін оқырман бейнесінде кездеседі. Бастапқы автор эстетикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде бағаланбайды.

Екінші автор – иерархиялық және идеялық маңызды ұғым. Бұл жағдайда иерархияның шыңы мәтіннің сюжеттік композициялық, кеңістіктік-уақыттық және жанрлық құрылымында бейнеленген авторлық позициядан тұрады.

Сондай-ақ, Бахтин шығармадағы автор мен кейіпкер қатынасына ерекше мән береді. Кейіпкерді өз ұстанымы, өз сөзі бар дербес тұлға, жеке субъект ретінде қарастырады. Бахтиннің оқырманды өз «эстетикасына» (кітабының атауы «Эстетика словесного творчества») қосуының нәтижесінде белгілі бір дәрежеде автордың мәтіннен «кетуін» алдын ала болжағандай. Бахтиннің пікірінше, кейіпкер автормен және басқа кейіпкерлермен диалогқа түседі, бұл микродиалогтарда (мысалы, Раскольниковтың ішкі монологтары) және үлкен диалогта (романның негізгі идеяларының қақтығысы) көрінеді. Ғалым бұл құбылысты «Полифония» деп атайды.

Полифония сөзбе-сөз «көпдауыстылық» деген мағынаны білдіреді. Полифония – бұл көркем әдебиетте автордың ерекше ұстанымы оқиға кейіпкерлерінің өзара әрекеттесуіне үлкен еркіндік берген кезде пайда болатын жағдай. Полифониялық романның кейіпкерлеріне бір-бірімен, тіпті олардың авторымен дауласу үшін максималды еркіндік беріледі. Бұл полифониялық романда әртүрлі идеологиялардың өзара әрекеттесуіне рұқсат етілгенін білдіреді [7].

Дэвид Лодждың айтуынша, полифониялық роман «әр түрлі қарама-қайшы идеологиялық ұстанымдарды баяндайтын және жеке сөйлейтін субъектілер арасында байланыс орнататын роман» [8]. Мұндай принцип бойынша автор оқиғаға әртүрлі идеялық көзқарастарды енгізе алады.

Бахтиннің классикалық теория мектебіне қосқан орасан үлесін Michael Holquist-тың ағылшын тілді аудиторияға бахтиндік теорияны талдап, түсіндіруге тырысқан «Answering as Authoring: Mikhail Bakhtin's Trans-linguistics» еңбегіндегі сөзімен қорытындылауға болады: «Бахтиннің сананың айрықша белгісі ретінде *авторлықты* табанды түрде көрсетуі *адамның белгі ретінде анықтамасына* мән берудің ерекше күшті тәсілі болып табылады» [9].

*Сана сыны мектебі (critics of consciousness)*. XX ғасырдың бірінші жартысына тән тағы бір әдеби бағыттың негізі Еуропа әдебиеттануында дербес авторлардың зерттеулерінде қалыптаса бастады. Шығарманы автор санасының феномені ретінде қарастыру үрдісі Ж.П. Сартр, Дж. Старобинский еңбектерінде байқалды. Әдеби феноменологиядағы бұл саланың бастауын Жан-Поль Сартр, яғни оның бір жағынан шығармашылық сананы талдауы, екінші жағынан автордың болмысын (экзистенциясы) талдауы салды. Ж.П. Сартрдың экзистенциалды психоанализ әдісінің негізі пәні – автор шығармашылығының бейсаналық тетіктері ғана емес, кеңірек айтқанда, өзінің «жеке таңдауының» нәтижесі ретінде қарастырылатын автордың тағдыры. Осы тұста экзистенциалды психоанализ мәтіннің мағынасына емес, мәтіннен өзінің шифрланған көрінісін тапқан автордың «болмысын ашуға» бағытталғанын атап өту керек [1].

Сана сынының Женева мектебінің тұжырымдары да назар аударарлық. Сана сыны Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда оңай мойындалған дәстүрлі сынға («жаңа сын» мектебі») қарама-қарсы ұстанымда болды. Осы мектеп аясында шығарма, Ж.П. Сартрдың идеясын қолдай отырып, «автордың шифрланған тәжірибесі» (Ж. Старобинский) ретінде қарастырылады. Яғни, шығарма – автордың ерік-жігерінің, авторлық тәжірибенің, авторлық сезімнің, автордың дүниеге және өзінің дүниеге көзқарасының көрінісі. Француз сыншылары формальды, объективті мәтіндік талдаудан бас тарта отырып, әдеби шығарма объект емес, «акт» немесе «тәжірибе» деген пікірді ұстанады

[10]. Мәтінді талдау негізінде автордың дүниетанымын жаңғырту осы мектептің әдістемелік «декларациясының» негізі ретінде танылады. Еуропадағы сана сыны XX ғасырдың 50–70-жылдарына дейін өмір сүрді.

Өткен ғасыр басында француз әдеби сынында өзіндік концептісімен ерекшеленген ғалымдардың бірі – Андре Маруа. Андре Маруа көркем мәтіндегі баяндаушының шын мәнінде өзінің шын болмысын көлеңкелеуге тырысқан автордың «маскасы» болуы әбден мүмкін деп топшылайды. Автор баяндаушының немесе қаһарманның «маскасын» кию арқылы ішкі әлемінің сұраныстарын қанағаттандырмайтын өзінің өмірін мәтінде басқаша сүруге тырысады [11]. Осылайша, Маруа бүкіл ғылыми, шығармашылық жолында өзі зерттеген жазушылардың шығармашылығын олардың тұлға ретінде қалыптасқан қоғаммен және әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланыстырады.


*Теориядағы қарама-қайшылық.* Жоғарыда аталған іргелі сыни мектептердің ығысуымен әдеби сыншылардың ұстанымдарында қарама-қайшылық көріне бастады. Бұл қайшылықтар, негізінен, автордың мәтінге қатысы (бар немесе жоқ) тұрғысында көрінді. «Антибахтинология» мектебі автордың «мәтіннен тыс өмір сүруі» идеясын асыра мақтап, бұл мәселені одан сайын ушықтырды. М.М. Бахтин мен В.В. Виноградовтың «ілімдерінің» ізбасарлары еңбектерінде екі қарама-қарсы тенденцияның қақтығысы – авторды жоққа шығару және қабылдау – белгілі бір теориялық дағдарысқа алып келді. Сонымен қатар, екі тенденция да бір автордың әр түрлі кезеңдерде жазылған сыни шығармаларында қатар өмір сүргенін байқауға болады. Мәселен, Н.А. Добролюбов Тургеневтің «Накануне» романын талдауда: «Біз үшін автордың не айтқысы келгені маңызды емес, оларға не әсер еткені маңызды», [12] - дейді. Ал бір жылдан кейін Достоевский туралы мақалада шығарманы талдауда ақиқат шындықтың сан алуан және қайшылықты аспектілерін өз дүниетанымында біріктіретін автор тұлғасы мен көзқарасын ескеру қажеттілігін негіздейді [13].

Тағы бір мысал ретінде, Ю.М. Лотманның «алғашқы» және «кейінгі» ғылыми ұстанымдарын қарастыруға болады. Алғашқыда тұжырымдамалық тұрғыдан М. Бахтиннің «ізбасары» болған Ю.М. Лотманның авторға қатысты кейінгі зерттеулері құрылымдық талдаудың шекарасын біршама кеңейтті. Лотман көркем шығарманы мәтінді жасаушы мен аудитория көзқарастарының тоғысуы деп түсіндіреді [14]. Оның биографиялық автордың мәтінге ықпалы мәселесіне қатысты зерттеулері де Бахтиннің ғылыми мүдделеріне қайшы келді. Яғни, Лотман Бахтин енгізген *шынайы автор* мен *автор бейнесінің* байланысын біршама жақындатты деп айта аламыз.

Қарама-қайшылық Д. Писарев еңбектерінде де байқалады. Д.И. Писарев автор ұстанымы мен интенсиясын өз назарынан тыс қалдырып, «...маған автордың жеке сенімі маңызды емес. Мен оның романында бейнеленген әлеуметтік өмір құбылыстарына ғана назар аударамын» дейді. Сол мақаласында айтушының жеке көзқарасын түсіндірудің негізі жоқ деген қорытындыға келеді [15].


*Постмодернистік парадигмадағы автор.* Әдебиеттегі автор мәселесінің түбегейлі жаңаруы реалистік көркемдік парадигманың постмодернистік парадигмаға ауысуымен қатар жүрді. Талдаудың постструктуралистік стратегиясының өзгеруімен автордың мәтіндегі рөлін түсіну де айтарлықтай жаңа және өткір бетбұрыс жасады.

Келесі ғылыми парадигманы құрайтын нарратологиялық дискурста негізгі талдау нысаны ретінде автордың коммуникативті қызметі таңдалды. Осылайша, нарратологияда австриялық әдебиеттанушы Ф.Л. Штанцель 1955 жылы “*ауктор*” терминін енгізді. Ауктор – абстрактілі автор, мәтіндегі басым идеологиялық позицияның иесі, ең алдымен, қабылдаушы санаға бағдарлануды білдіреді. Ауктор мәтінде екі бейнеде, мағынада сөйлей алады (3-сурет):



### 3-сурет – «Ауктордың» екі түрлі бейнеде көрінуі

Рецептивті эстетикада (В. Изер, Х.Р. Яусс) автор мен оқырман бір-біріне қарама-қайшы қойылып, оқырман авторға қарсы ерекше белсенді инстанция ретінде қарастырыла бастады (4-сурет).



### 4-сурет – Авторлық дифференциацияның нарратологиялық формалары

Жасырын (имплицитті) автор (тұжырымдаманың авторы В. Бут) – бұл барлық баяндау құралдарын ұйымдастыратын құрылымдық принцип. Ол – автордың оқырманды қабылдаудағы бейнесі, шынайы автордың барлық құндылық (ориентиры) нұсқауларына міндетті түрде жауап бермейді. Имплицитті (интратекстік) автор бұл ғылыми бағытта негізінен кейіпкерлердің бірі ретінде әрекет ете алады.

Жасырын (имплицитті) оқырман (терминнің авторы В. Изер) нарратологияда барлық авторлық коннотацияларды декодтауы керек, авторлық кодты декодтаушы ретінде түсіндіріледі. Оқырман, автор сияқты, шығармаларға проекциялануы мүмкін, сол арқылы оның бар болуының ізін қалдырады.

Эксплицитті автор-мәтінге синтаксистік түрде енгізілген эксплициттік оқырманға, реципиентке бағытталған мәтіндегі жалған авторлық фигура.

Баяндаушы (нарратор) – «шынайы автор» ұғымына қарама-қарсы формальды категория. Наррататор (терминді Д. Принс енгізген) – нарроторға, баяндау құрылысына толық тәуелді, мәтіннің баяндау өрісінен тыс өмір сүре алмайтын мәтінішілік фигура.

*Автордың жоғалуы.* Авторға қатысты мұндай нигилизм (қалыптасқан норма, ереже, ұстанымдарды теріске шығару) XX ғасырдың екінші жартысында (Барт 1968 жыл, Фуко 1969 жыл) әлем әдебиеттануында қарқын алды. Автор теориясында «теріске шығару кезеңі немесе нөлдік кезең» қалыптаса бастады. Автор «ешкім емес», «ештеңе емес», ол «аномдік пен алшақтыққа айналады» [16].

Постмодернистік қоғамда (1960-жылдардан бастап) авторға қарсылық көрсету, авторды терістеу мәселесі «Қарсылас оқырман» концепциясын (Д. Фетгерли) («сопротивляющийся читатель») туындатты. Бұл – белгілі бір белсенді инстанция, авторлық стратегияларға күмән келтіретін, оқу тәжірибесін өзгертетін реципиент [17]. Осылайша, француз постструктуралистері М. Фуко, Дж. Лакан, Дж. Деррида және әсіресе Р. Барттың «автордың

жоғалуы» тұжырымдамалары классикалық емес ғылым мен философияда одан да радикалды түрде қарқын ала бастады.

Бұл теорияның түбегейлі орнығуында француз әдебиет сыншысы Ролан Барттың 1967 жылы жазған «*Автордың өлімі*» (фр. *La mort de l'auteur*) эссесі шешуші рөл атқарды. Теоритик мәтіннің «түпкі мағынасын» тереңінен түсіндіру үшін автордың ниеті мен өмірбаянына сүйенетін дәстүрлі әдебиеттану тәжірибесіне қарсы пікір айтады. «Ескі» әдіс Барт үшін, бір қарағанда тиянақты және ыңғайлы көрінуі мүмкін. Шын мәнінде автордың жеке аспектілеріне сүйену қате әдіс. «Мәтінге авторды беру» және оған бір ғана интерпретацияны тағайындау «сол мәтінге шектеу қою болып табылады». Оның орнына, әрбір жеке оқырманның шығарманы түсіндіруі – автор көздеген кез келген «нақты» мағынаға қарағанда басым. Оқырмандық интерпретацияда нәзік немесе байқалмаған сипаттамаларды шығаруға болады [18].

Барттың пікірінше, мәтінді *интерпретациялық тираниядан* босату үшін әдеби шығарманы жасаушысынан бөлу керек. Шығарманың шынайы мәні жазушының «қалауына» немесе «талғамына» емес, оқырманның алған әсеріне байланысты. «Мәтіннің бірлігі оның жасаушысында емес, «ол баратын жерінде» немесе оның аудиториясында. Автор мәтінмен қатар туып, мәтіннен тыс өмір сүрмейтін скрипторға («*scriptor*») айналады. Скриптор тек көшіруші, ол өзінен бұрын жазылғанды ғана қайталай алады. Оның ішкі болмысы – дайын сөздік [18].

Авторлық бастамашылықтан автордың функционалдылық жағына, мәтіннің неопрагматикасына көшу мәселесі М. Фуко еңбектерінде көріне бастады. Француз философы Мишель Фуко «Автор дегеніміз не?» деген мақаласында осы уақытқа дейін әдебиетте үстемдік еткен «автор даналығының» бүгінгі күні шегіне бастағанын пайымдайды. «... «Автор» категориясы біршама әлсіз, екінші дәрежелі кейіпке айналып, солғын тартып қалды. Өзі мен туындысы арасына айла-шарғыдан қамал тұрғызған қаламгер жеке мінезінің белгілерін өшіруде» [19]. Яғни, Фуконың айтуынша, автор бүгінде тек мәтіннің шекарасында қалды.

*Автордың қайта оралуы.* Дегенмен, XX және XXI ғасырлардың тоғысында пост-постмодернистік парадигманың пайда болуы туралы болжамдардың күшеюімен «авторға қайта оралу» тенденциясы әртүрлі зерттеулерде синхронды түрде орын ала бастады.

«Автордың қайта оралуының» себептерін А.Ю. Большакова былайша пайымдайды: «Авторлықтың жаңа, әмбебап теориясын құру қажеттілігі туындады. Бұл, ең алдымен, автордың орталық қызметіне көңіл бөлуді, мәтіннің біртұтастығы мен адам болмысының тұтастығын сезінуге деген ұмтылысты күшейтуін білдіреді» [20]. Өйткені, постструктурализмді зерттеушілердің пікірінше, авторды ештеңе және ешкім алмастыра алмайды, өйткені бұл «адамға мәдени бірегейлік беру» әрекетімен пара-пар.

Авторлықтан толық бас тарту жағдайынан сындарлы шығудың тағы бір әрекеті Ш. Берктің (Burke S.) «Автордың өлімі және оралуы: Барт, Фуко және Дерридадағы сын және субъективтілік» (1993 жыл) еңбегі болды [21]. Бұл классикалық зерттеуде Шон Берк алғаш рет антиавторизмнің егжей-тегжейлі түсіндірмесін береді және авторды жою әрекетінің философиялық тұрғыда мүмкін емес екенін көрсетеді. «Бұл керемет кітапта Шон Берк автордың тұжырымдамасына соңғы кездері сәнге айналған авторға «шабуылдардың» қисынсыздығын, қайшылықтарын және сәйкессіздігін әшкерелейді. Барт, Фуко және Дерриданың мәтін мен оны жазған адам арасындағы қарым-қатынас туралы дәстүрлі түсініктерді бұзуға тырысқандағы ұшырасқан тұжырымдамалық қиындықтарын зерттейді» [22]. Ш. Берк Ролан Барттың «*Автордың өлімі*» (фр. *La mort de l'auteur*) эссесінің тұпнұсқасын зерттей келе, оның шын мәнінде авторлыққа қарсы емес екендігін, керісінше, авторды «тілдің инструменталистік тұжырымдамасы» ретінде көрді деген шешімге тоқталады.

Осы сынды «теорияға дұрыс интерпретация жасалмаған» деген пікірді Роберто Симановски (Roberto Simanowski) «Автордың өлімі – оқырманның өлуі» (2001 жыл) мақаласында пайымдайды. Лэндоу, Болтер (Landow, Bolter) және басқа да теоретиктердің еңбектерінде автордың еркіндігі мен бостандығын жоғалтуы, бәлкім, «автордан оқырманға билікті қайтаруы» (Landow) ретінде түсініктірек болатын шығар деген пікірін білдіреді [23].

Сондай-ақ, автор теориясының жаңа бағытын ұстанған «Постструктурализмнен тыс» (1996) атты очерктер жинағы структуралистік және постструктуралистік ойдың қате түсініктерін көрсетуге тырысады. Бұл қате түсініктердің бірі ретінде мәтін талдауда автордың ниетін ескерудің мәні жоқ деген идеяны атайды. Жинақтың II бөліміндегі эсселер әдеби сынды адамзат тәжірибесіне жақындату жолдарын ұсынады [24].

Дегенмен, XX ғасырдың соңғы ширегінде жазылған еңбектер авторлықтың шын мәнінде жаңа және толыққанды тұжырымдамасын әзірлей алған жоқ, Керісінше, олар XX ғасырдың басындағы классикалық тұжырымдамаларға қайта оралғандай болды.

Жоғарыда аталған дәстүрлі тұжырымдардан өзгеше бағыт алуға тырысқан Джон Шоукростың (John T. Shawcross) «Интенционалдық және жаңа дәстүрлілік. Әдеби ревизионизмнің кейбір шекаралық құралдары» (Intentionality and the New Traditionalism) [25] (1991 жыл) еңбегінде біршама жаңа ой байқалады. Автордың пайымдауынша, «Интенционалдық» және «Жаңа дәстүрлілік» әдеби шығарманың мәтіні де, авторы да сол шығарманы нанымды әрі толық оқу үшін маңызды деп санайды. Автор мәтінді тудырады, содан кейін оқырманды автор өзі саналы түрде қолданатын *әртүрлі элементтер немесе әдеби құралдар* арқылы оқуға жетелейді. Мұндай элементтер мен әдеби құралдар мәтіннің «интенциясын» құрайды. Автор «limina» терминін енгізіп, оны оқырманның мәтін әлеміне ене алатын табалдырыққа балайды. Дегенмен де бұл теория кейінгі сыншылар тарапынан жаппай қолдауға ие бола алмады.

*Мәтіндегі автор интенциясы* мәселесі осы кезеңдегі біршама ағылшын тілді ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, аталған тақырыпта жаңашыл ізденістер пайда болды. Буффало Университетінің профессоры (АҚШ) Арабелла Лайон (Arabella Lyon) 1998 жылы «Интенция» кітабын жарыққа шығарып, жоғарыда аталған еңбекке қарағанда нанымды әрі болашақта қолдау тапқан тұжырымдар ұсынды. Автор интенциясы ұғымын әдебиет теориясы мен әдеби сын тұрғысынан ғана қарастырмай, мәселеге философия, риторика, коммуникациялық зерттеулер аспектісінен келеді.

Арабелла Лайонның пайымдауынша, автордың ниеті мен оқырман ниетінің арақатынасы күрделі. Дегенмен бұл күрделілік олардың өзара байланысын жоққа шығармайды. Ғалым оқырман ниеті мәтінді интерпретациялауға қалай әсер ететінін суреттейді. Сондай-ақ, мәтіндегі автордың жасырын ниетімен бетпе-бет келген оқырманның сол жасырын мағынамен қалай келісетінін көрсетеді. Әдеби талдауға қолданыстағы риторика теориясын алмастыратын *интенция тұжырымдамасын* енгізеді. Сол арқылы Арабелла Лион Уэйн Бут пен Стэнли Фиштің риторикасы, сондай-ақ Ганс-Георг Гадамердің герменевтикасы автор мен оқырманның күрделі қатынасын түсіндіре алмайды деген тұжырым жасайды [26].

*Отандық әдебиеттанудың қазіргі даму тенденциясы.* Қазіргі әдебиеттану ғылымы дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Бүгінгі таңда, И.П. Карповтың айтуынша, біздің көз алдымызда жаңа гуманитарлық ғылым саласы – авторология қалыптасып келеді. Авторология әдебиеттанудағы жаңа әдіснамалық бағыт – аналитикалық филологиядан бастау алады [27].

Философия, лингвистика мен психолингвистиканы, психоанализді, структурализм мен постструктурализмді синтездейтін аналитикалық филология автор мен кейіпкер мәселесіне қарқынды бет бұрды. Аналитикалық әдеби сынның синтезделген әдістемесі автор мен кейіпкер мәселесін зерттеген біршама қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады. Солардың ішінде *авторлық ұстаным жайы* отандық зерттеулердегі өзекті

мәселелердің бірі. Н.У. Исина өзінің кандидаттық диссертациясында Ә. Кекілбаевтың прозасы негізінде «автор бейнесін» жазушының ішкі әлемінің көрінісі ретінде түсіндіруді ұсынады. Ал оның «авторлық ұстанымды» көркем шығарманы жасаушы-автордың дүниетанымының айнасы ретінде анықтауы – М.М. Бахтин, В.В. Виноградов, Б.О. Корман теориясымен сабақтастығының көрінісі деуге болады [28].

Л.И. Абдуллина 1997 жылы қорғалған кандидаттық диссертациясында алғаш рет әйелдер прозасындағы авторлық ұстанымның бірегейлігіне мән берді. Сәйкесінше, *автор ұстанымын* жазушының жынысы тұрғысынан қарастыру қажеттілігін алға тартады. Автор ұстанымына жазушы әйелдің қайталанбас тұлғалық бейнесі, автордың қолжазбасының психологиялық суреті, портреттік стилі, т.с.с. әсер етеді деген тұжырымды ұсынады [29].

Т.У. Есембеков синергетика аспектісіндегі (постмодернизм, психоанализ теорияларының әдіснамалық негіздерін қосып) *автордың ұстанымын* драмалық концепциямен байланыстыра зерттейді [30]. Есембековтің гипотезасы бойынша автор позициясы тұрақсыз драмалық көркемдік элементтердің барлығын ретке келтіреді, ретсіздіктен тәртіпті сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді [6].

М. Оразбектің *автордың астарлы ұстанымы* және оның жүзеге асу жолдары жөніндегі ізденістерін де атап өтуге болады. 2007 жылы қорғаған докторлық диссертациясында автордың астарлы ұстанымының бірнеше түрлерін ұсынады:

- тарихи-сыни позиция;
- қоғамдық позиция;
- уақыт позициясы;
- саяси-әлеуметтік позиция;
- билер позициясы;
- айыптаушы позиция;
- әділетті позиция;
- еріксіз позиция, т.с.с. [31]

Авторды өзге қырынан ашуға талпыныс жасаған зерттеулерден В.В. Бадиковтың авторлық сананы әлеуметтік тапсырыс аспектісінде қарастыруын [32], Б.К. Майтановтың автор мәселесін қазақ прозасының психологизмімен байланыстыра өрбіткенін [33], А.С. Ісімақованың Абай шығармашылығында «автор-кейіпкер-тыңдаушы» эстетикалық үшбұрышын зерттеу нысанына алғанын [34] атап өтуге болады.

Жалпылай алғанда, қазақстандық әдебиет теориясы ресейлік және әлемдік әдебиеттанумен тығыз байланыста дами отырып, олардың негізгі тенденцияларын ұсынады. Сол үшін де қазақстандық ғалымдардың барлығы М.М. Бахтин мен В.В. Виноградовтың тұжырымдамалық қорына ғана сүйенген және оны жалғастырған деу біржақтылық болады.

Автор теориясы аймағында ХХ ғасырдың алғашқы кезеңдерінде қалыптасқан жаңа бағыт ретінде семиотика, нарратология, мәдениеттану және рецептивті эстетика тоғысында пайда болған *көркем антропологияны* атауға болады. Оның ең басты нысаны - адам бейнесі. Отандық ғалым В.В. Савельева автор мен кейіпкерлерді алғаш болып көркем антропология және психоанализ тұрғысынан зерттегенін атап өту керек [35]. Жоғарыда аталған ақпараттардан түйетініміз – біздің отандық филология ғылымы қазіргі әдебиетте болып жатқан ең күрделі үдерістерді барынша толық көрсетіп, талдай алуға қабілетті екенін дәлелдеп келеді.

### **Қорытынды**

ХХІ ғасырдың басты құндылықтарының бірі – «сөз еркіндігі» мен «ой еркіндігі» ғылымға да өз әсерін тигізбей қоймады. Ғылымның ілгерілуіне нақты бағдар беріп отыратын іргелі парадигмалардың, әдеби-сын мектептерінің бүгінгі күні беделі мен ықпалының азайып келе жатқаны да осының дәлелі. Шындығында, ғылымдағы «демократия» теориялық

ілімнің шашыраңқылығына, бірзділіктің жоғалуына әкеледі. Бұл тенденция, сәйкесінше, гуманитарлық ғылымдардың тоқырауының көрсеткіші ме деген ой туындайды. Себебі, тарих көрсеткендей, «теориядағы тоқырау» ғылыми-революциялық жетістіктерден кейін орын алатын заңды құбылысқа айналып кеткен. XIX ғасырдағы «теориялық дағдарысты» XX басындағы «интеллектуалды бум» алмастырса, дүниежүзілік соғыстардан кейінгі ғылымдағы тоқырау капиталистік қоғамның орнауымен тағы бір серпіліс алды. Енді тарихи заңдылыққа сүйенсек, қазір адамзат келесі «ғылыми тоқырау» кезеңінде тұр. Оған М. Бахтин мен В. Виноградов секілді ірі теориялардың ұсынылмауы немесе Р. Барт пен М. Фуко көрсеткен батыл тұжырымдардың әзірге айтылмауы дәлел бола алады. Екінші жағынан, жаңа дәуірдегі ғылымның жаңа бағыты өзінің осындай әрқилылығымен, ізденушіге таңдау еркіндігімен ерекшеленуі мүмкін деп пайымдаймыз.

Автор – көркем өнердің ажырамас бөлшегі, тек ол кей кезде жасырын болады, кейде өз позициясын анық көрсетеді, кейде автордың мәтіндегі ықпалы басымрақ болса, кейде оқырманға еркіндік береді. Сондықтан да автор жоғалмайды немесе қайта оралмайды, тек автордың мәтінде көрінуі әртүрлі деңгейде, әртүрлі әдіс-тәсілдермен жүзеге асады деген қорытынды жасаймыз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Турышева О.Н. Теория и методология зарубежного литературоведения [Электронный ресурс]. URL: <https://clck.ru/346zXf> (дата обращения 10.04.2023)
2. Виноградов В.Б. О теории художественной речи. – М.: Высшая школа, 1971. – 113 с.
3. Аймұхамбет Ж.Ә., Құрмамбаева Қ.С., Миразова М.Н. Көркем туындыдағы бейне мен таңбаның қызметі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 35–45. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.03>
4. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 423 с.
5. Ахмет Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
6. Сафронова Л.В. Автор и герой в постмодернистской прозе: автореф. дисс. ... д-ра фил. наук. – Алматы, 2007. – 55 с.
7. Ali Jamali Nesari. Procedia // Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Т. 205. – P. 642–647.
8. Lodge D. «Conrad's» Victory» and «The Tempest»: An Amplification // The Modern Language Review. – 1990. – P. 195–199.
9. Holquist Michael. «Answering as Authoring: Mikhail Bakhtin's Trans-linguistics» // Critical Inquiry. – 1983. – №10 (2). – P. 307–319.
10. Lawall S. Critics of Consciousness: The Existential Structures of Literature. – Cambridge: Harvard University Press, 1968. – 277 p.
11. Андре Маруа. От Монтеня до Арагона. – М.: Радуга, 1983. – 662 с.
12. Добролюбов Н.А. Когда же придет настоящий день? В кн.: Литературная критика. – Т.2. – Л.: Художественная литература, 1984. – С. 180–228.
13. Добролюбов Н.А. Забытые люди. В кн.: Литературная критика. – Т.2. – Л.: Художественная литература, 1984. – С. 428–467.
14. Лотман Ю.М. Логика взрыва. – М.: Языки русской культуры, 2000. – 108 с.
15. Писарев Д.И. Борьба за жизнь // Достоевский в русской критике: Сб. статей. – М.: Художественная литература, 1956. – С. 162–229.
13. Levchuk Iu. A. Aktualizacia nacionalnoi mifologemy v usloviah inostrannogo toposa («Lesnaia pesnia» Lesi Ukraïнки) [Actualization of national Mythologeme in the Conditions of Foreign Topose (Lesya Ukrainka’s «The Forest song»)]. – Tbilisi: TSU Shota Rustaveli Institute of Georgian Literature, 2013. – V. II. – 436 s. [in Russian]
14. Bulycheva V.P. Tvorchestvo Aleksandra Grina v kontekste prikluchencheskoi prozy [The books by A.Grin in the context of adventure prose] // Privoljskiy nauchnyi vestnik. – 2014. – №6 (34). – S. 101–105. [in Russian]
15. Kliucherova A.O. Tekstovoe metaforicheskoe pole feerii A.S. Grina «Alye parusa» [Metaphorical text field of the tale “Scarlet sails” by Alexander Grin] // Vestnik BGU. – 2017. – №4 (34). – S. 230–235. [in Russian]

Б.С. ӘБЖЕТ<sup>1</sup> , М.М. БАХТЫБАЕВ<sup>2</sup> , К.М. ЖЕТИБАЕВ<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>тарих ғылымдарының кандидаты,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

## САУРАН, ТҮРКІСТАН, ҚАРАШЫҚ СЕКІЛДІ СЫР БОЙЫНДА ОРНЫҚҚАН ҚАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТАРАҒАН ДІНИ ЖӘНЕ ТАРИХИ АҢЫЗ-ӘНГІМЕЛЕР

**Аңдатпа.** Мақалада ортағасырлық Сауран, Сығанақ қаласына қатысты жазба деректерде және халық аузында сақталған діни және тарихи оқиғаларға қатысты аңыз-әңгімелерді үш топқа бөліп қарайды. Қараханидтер тұсында жаппай ислам дінін қабылдай бастаған Сыр бойындағы Түркістан, Сауран, Сығанақ қалаларына дін тарату үшін келген діни ғұламаларға қатысты ел жадында сақталған аңыздардың негізгі бағытына талдау жасаған. Алтын Орда хандары мен одан кейін өмір сүрген Қазақ хандығы тұсында Сығанақ пен Сауран қалаларына қатысты дүниеге келген тарихи аңыздар және жекелеген хандарға қатысты айтылатын топонимдік жер атаулардың ел жадында сақталып қалған аңыздардың тарихи оқиғаға қатысты тұстарына назар салады. Түркістан, Сығанақ қалалары кезінде қазақ халқының рухани астанасы әрі діни орталыққа айналғандығы, сопылық әдебиеттің негізінде хандық дәуірде жыраулық әдебиеттің дамуы, рухани құндылықтардың бастауы осы қалалардан нәр алғандығын ғылыми жағынан қарастырады. ХҮІІІ ғасырдан бастап құлдырай бастаған осы қалаларға қатысты кейбір аңыз-әңгімелер де қамтылған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Саураннан үдере көшкен халықтың мүшкіл хәліне қатысты да аңыздар сақталған. Бұл аңыздарға да мақалада талдау жасалады, ХІХ ғасырдың басында Сыр бойындағы қамалдардың қаңырап бос қалғандығы сөз болады.

**Кілт сөздер:** Сауран, Сығанақ, Сыр бойы, руханият, ясауия тариғаты, Қазақ хандығы, қалмақ, Сырым батыр.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Әбжет Б.С., Бахтыбаев М.М., Жетібаев К.М. Сауран, Түркістан, Қарашық секілді Сыр бойында орныққан қалаларға қатысты тараған діни және тарихи аңыз-әңгімелер // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 187–197. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.14>

### \*Cite us correctly:

Abjet B.S., Bahtybaev M.M., Jetibaev K.M. Sauran, Turkistan, Qarashyq sekildi Syr boyynda ornuyqan qalalarga qatysty taragan dini jane tarihi anyz-angimeler [Religious and Historical Legends about the Cities of Sauran, Karachuk and Syganak, Located along the Syrdarya] // *Iasauy universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 187–197. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.14>

**B.S. Abzhet<sup>1</sup>, M.M. Bakhtybaev<sup>2</sup>, K.M. Zhetibayev<sup>3</sup>**<sup>1</sup>*Candidate of Philological Sciences**Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz*<sup>2</sup>*PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University**(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: mels.bakhtybaev@ayu.edu.kz*<sup>3</sup>*Candidate of Historical Sciences, Professor**of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz*

### **Religious and Historical Legends about the Cities of Sauran, Karachuk and Syganak, Located along the Syrdarya**

**Abstract.** In the article, the legends associated with religious and historical events, preserved in written sources and oral traditions of the medieval cities of Sauran and Syganak, are considered and divided into three groups. The main direction of the legends preserved in the memory of the country about religious scientists who came with the spread of religion to the cities of Turkestan, Sauran and Syganak on the Syrdarya, who began to massively convert to Islam during the Karakhanid era, is analyzed. The focus is on historical events, historical legends that originated in the cities of Syganak and Sauran during the reign of the khans of the Golden Horde and the Kazakh Khanate, as well as toponyms associated with some khans. Scientifically considered is the fact that the cities of Turkestan and Syganak were the spiritual capital and religious center of the Kazakh people, and the development of Zhyrau literature based on Sufi literature in the era of the Khanate, the emergence of spiritual values originated from these cities. Also included in the article are some of the legends associated with these cities, which began to decline from the 18th century. Some legends related to these cities, which began to decline since the 18th century, are also included. There are also legends about the plight of the people who migrated from Sauran during the Dzungar invasion. These legends will also be analyzed in the article, and it will be mentioned that the castles along the Syrdarya River were deserted at the beginning of the 19th century.

**Keywords:** Sauran, Syganak, Syrdarya, spirituality, Yassau, Kazakh Khanate, Kalmyks, Syrym Batyr.

**Б.С. Абжет<sup>1</sup>, М.М. Бахтыбаев<sup>2</sup>, К.М. Жетібаев<sup>3</sup>**<sup>1</sup>*кандидат филологических наук**Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz*<sup>2</sup>*PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави**(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: mels.bakhtybaev@ayu.edu.kz*<sup>3</sup>*кандидат исторических наук, профессор**Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz*

### **Религиозные и исторические легенды о городах Сауран, Карачук и Сыганак, расположенные вдоль Сырдарьи**

**Аннотация.** В статье легенды, связанные с религиозно-историческими событиями, сохранившиеся в письменных источниках и устной традиции средневековых городов Сауран и Сыганак, рассмотрены и разделены на три группы. Проанализировано основное направление сохранившихся в памяти страны преданий о религиозных учёных, пришедших с распространением религии в города Туркестан, Сауран и Сыганак на Сырдарье, которые

начали массово принимать ислам во времена Караханидов. В центре внимания исторические события, исторические легенды, зародившиеся в городах Сыганак и Сауран в период правления ханов Золотой Орды и Казахского ханства, а также топонимы, связанные с некоторыми ханами. Научно рассматривается тот факт, что города Туркестан и Сыганак были духовной столицей и религиозным центром казахского народа, и развитие жырауской литературы на основе суфийской литературы в эпоху ханства, зарождение духовных ценностей брали свое начало с этих городов. Также в статью включены некоторые легенды, связанные с этими городами, которые начали приходить в упадок начиная с 18 века. Включены некоторые легенды, связанные с этими городами, которые начали приходить в упадок с 18 века. Существуют также легенды о бедственном положении людей, переселившихся из Саурана во время джунгарского нашествия. Эти легенды также анализируются в статье, а также идет речь об опустевших замках вдоль реки Сыр в начале XIX века.

**Ключевые слова:** Сауран, Сыганак, Сырдарья, духовность, ясауия, Казахское ханство, калмыки, Сырым батыр.

### Кіріспе

Сыр бойында орын тепкен Түркістан, Сауран, Сығанақ секілді қалалар жайлы мәліметтер орта ғасырлық жазба деректерде негізінен Қытай, араб, парсы тілінде жазылған көне жазбалар мен тарихи еңбектерде ұшырасып отырады. Қараханидтер тұсында дүниеге келген түркі жазба әдебиетінің өкілі Махмұт Қашқаридің «Диуани луғати ит-турк» атты еңбегінде де Сауран қаласы аталады. Сауран туралы ең алғашқы деректердің бірінде оның оғыздар мен қыпшақтар шабуылына қарсы құрылған шекаралық бекініс қамал болғандығы айтылады. Демек, оғыздар мен қыпшақтар Сыр бойына келгенге шейін Сауран мықты қамал болған. «Қала туралы бірінші деректер X ғасырдан белгілі араб географы қаланы былай деп сипаттаған: Сауран (Савран, Сабран) – бірінен кейін бірі 7 қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, үлкен мешіт ішкі қалада орналасқан. Ол күздер мен қыпшақтарға қарсы құрылған шекаралық бекініс-қамал»[1, 82-б.].

X ғасырдың өзінде Сауран қаласының халқы ислам дінін қабылдаған, мұсылман болғандығы байқалады. Ел жадында сақталған аңыздардың көпшілігі де осы ислам дінін тарату жолында қызмет еткен, керемет көрсеткен әулиелер, қолына қару ұстаған батырлар тұрасында болып келеді. Сыр бойында бой көтерген қалаларға қатысты дүниеге келген аңыз-әңгімелерді шартты түрде ислам мәдениетінің таралу кезеңін үш топқа бөліп қарауға болады. Оның біріншісі Қараханидтер тұсында дүниеге келген аңыздар. Бұл аңыздардың көпшілігі ислам дінін таратушы діни және тарихи тұлғаларға қатысты айтылады. Ең алғашқылары ислам дүниеге келген кезеңдерде қатысты Арыстан баб, Укаша ата, Садуақас секілді аңыздарында бұл кісілердің Мұхаммед пайғамбардың қасына ерген сахабасы әрі Қазақстанның оңтүстігіне ислам дінін тарату мақсатында келгендігі айтылған. Укаша ата, Ер Қоян секілді сахабалар Қаратау өңіріне келіп дін жолында қолына қару алып күреседі. Осы жолда шахит болғандығы айтылады. Бұл кезеңді «бабтар» кезеңі деп атайды.

Ел ішіне тараған діни аңыздардың ішінде, әсіресе сопылық бағытты ұстанған рухани ұстаздарға қатысты аңыздардың салмағы басым. Ясауия тариғатымен бірге «Аталар» кезеңі Қорасан Ата, Зеңгі ата, Садыр Ата т.б. тарих сахнасына шықты. Қожа Ахмет Ясауи мен оның ізіне ерген шәкірттеріне қатысты шежірелер мен аңыздар әлі күнге шейін ел арасында сақталған, аңыз ретінде жиі айтылады. Сауран, Сығанақ қалаларына қатысты аңыздардың енді бір шоғыры Алтын Орда хандары ішінен мұсылманшылықты қабылдаған хандарға, оның ұстаздарына қатысты айтылған. Одан кейінгі аңыздар Қазақ хандығы тұсында дүниеге келгендер болып бөлінеді. Қазақ ислам мәдениетінің қалыптасуына ортағасырларда қазақ

даласына келген қожалардың ролі айрықша болды. «Ортағасырларда әр ауылдың бір-екі қожасы болды. Олар сол ауылдағы халықтың барлық рухани сұранысын қанағаттандырды. Балаларын оқытты, тәрбиеледі, келін түсірсе некесін қиды, қайтыс болса жаназасын шығарды, зікір жүргізді. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің бұзылмауын қадағалады. Сөйтіп, қожалар орта ғасырлық түркілер арасында ерекше статуска ие, ерекше қызметпен айналысатын әлеуметтік топ болып қалыптасты»[2, 105]. ХҮІІІ ғасырда жоңғар шапқыншылығына қатысты «Сауран айналған» деген атпен ел есінде қалған аңыз сақталған. Бұл Сауранға қатысты сақталған соңғы деректер қатарына жатады.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл қалаларға қатысты археологтар қазба жұмысын жүргізіп, тарихшылар бұл қалалардың тарихына қатысты біршама зерттеулер жазды. Алайда қалаларға қатысты ел аузында сақталған түрлі аңыздар мен топонимдік атауларға қатысты жүргізілген ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Белгілі бір қаланың тарих сахнасына шығуы, оның рухан, мәдени және стратегиялық жағынан дамуы мен оның кейін құлдырап үйіндіге айналуына дейінгі аралықта сол жердегі тұрғылықты ел аузында сақталған түрлі аңыздар жинақталып, оған сараптама жасау, аңыздың негізгі желісінің тарихи оқиғаларға қатысты тұсы, сол мандағы зиярат орындарына айналған діни ғұламалардың халық ықыласына бөлену себептері мен факторлары фольклортану ғылымы жағынан да терең талдауды қажет етеді. Сондықтан да бүгінгі тақырыпқа діни, тарихи оқиғаларға қатысты айтылатын аңыздардың шығу кезеңдері, аңыздың тарихи жәйттерге қатысты тұстары бұл зерттеуге арқау болды. Зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізіне тақырыпқа қатысты жазылған тарих, археология саласындағы ғылыми еңбектер мен ауыз әдебиетіндегі материалдар салыстыра қарастырылды. Ортағасырлық шығыс тарихшыларының Сауран, Қарашық қалаларына қатысты жазылған деректері, топонимдік аңыздар, жер-су атауларына қатысты деректерге ғылыми тұрғыдан талдаулар жасалынды. Тарихи аңыздар мен халық аузында сақталған Сыр бойындағы Сауран, Қарашық, Сығанақ секілді қалаларға қатысты түрлі әңгімелерді саралау, сараптау, анализ жасау арқылы оның ғылыми нәтижелерін талдау әдісіне сүйенді. Салыстырмалы тұрғыдан тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық, анализдік-талдау, дереккөздерді жинақтау және жүйелеу методикалары қолданылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Қазақ арасына ислам дінінің кең тарауына сопылық тармақтың таралуының айрықша әсері болған. Әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи тариғаты көшпелі түркі халқының шынайы ықыласына бөленді. «Қазақстанда ислам дінінің тез қанат жая бастауына және бір себеп – ислам дінінің сопылық тармағының таралуы. Өйткені сопылықтың кейбір идеялары мен әдет-ғұрыптары шаманизмнің наным-сенімдеріне жақын болды»[3, 262-б.].

Сайрам жерінде дүниеге келген Қожа Ахмет Ясауи ислам дінін уағыздау ниетімен қазіргі Түркістан, Сауран жеріне табан тірейді. Түркістан қаласына келгенде оның жасы жиырмада болған екен. Аңызда былай дейді: "Ол уақытта Иасауи Ахмет Қожа 20 жаста еді. Хызыр алейхи-с-салам айтты: Ай, Қожа Ахмет Иасауи бізге қолдарыңды бер (ілікларыңні), Қожа Ахмет қолдарын берді. Хызыр Ата қолдарын алып «Жүз жиырма жыл өмірің болсын, тағы қалық мүридті «Ұлы машайық» болғайсыз" – деді. Ибрахим шейх Қожа Ахмет 20 жасқа келгенде Хызыр алейх-с-салам ишаратымен оны Иасы еліне жіберді. Шейх Ахмет Иасауи Сариам уалаятынан келіп, Иасы елінде 100 жыл шейхтық қылады» [4, 63-б.].

Ел аузында сақталған аңызға қарағанда «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деп жергілікті халық Түркістанды екінші Меккеге балаған. Оның қасиетті қалаға айналуын осында жерленген Қожа Ахмет Ясауидің кесенесімен байланыстырады. Алайда, кейінгі зерттеулерде Түркістан маңындағы Қарашық қаласының ежелгі қаңлы тайпалары кезінде құрбандық шалатын киелі орны болғандығы туралы да айтыла бастады.

Ясауитанушы З. Жандарбек былай дейді: «Екіншіден, Шы қаласында ғибадатхананың болуы, оған Кангюй халқының әрбір құрбандық шалған сайын мың қой сойып, құрбандық шалуы, әскери жорыққа шығар алдында мұнда келіп, тізе бүгуі, көне тарихта жазылып қалған болса, онда Түркістанның екінші Мекке атануы Қожа Ахмет Ясауи атымен ғана байланысты еместігін, бұл жердің көне дәуірден киелі мекен болғандығын білдіреді. Қожа Ахмет Ясауидің өзі бұл жердің киелі мекен екендігін сезген сияқты. Әйтпесе, сол дәуірдегі ірі саяси және экономикалық орталықтар болған Отырар, Сайрам, Тараз сияқты қалаларға тоқтамай көне Қарашұқ қаласына келуі көп нәрсені аңғартады» [5, 17-б.].

Сыр бойында бой көтерген қалалар мен онда тұратын халықтар негізінен сауда мен егіншілікті кәсіп еткен. Сауран халқы көбіне қауын, қарбыз, тары, бидай секілді бақша өнімдері мен дәнді-дақылдарды суармалы жерлерге егіп шығаратын болған. Оған қажетті суды Қаратау баурайынан ағатын Қарашық, Жіңішке секілді өзендерден алып отырған. Сол өзендердің арнасын бұрып арық қазып, сол арқылы қажетті суды егістікке жеткізе білген. Сол дәуірдің өзінде су тапшылығы жиі болып тұратындығы жайлы аңыздар сақталған. Қазіргі Қарашық, Шорнақ ауылдарында ерте кезде Сүйір атты тайпа өмір сүрген екен. Сауран қаласының аты да осы сүйір атты тайпаның атына қатысты дүниеге келген деген версиялар да бар. Сүйірлер негізінен диқаншылықты кәсіп қылған өздері отырықшы халық болған. Қожа Ахмет Ясауи де Иассы қаласына келген соң өзге халықтармен бірдей егін салып күн көреді. Күндерде бір күн Сүйір халқы Қожа Ахметтің егініне қажетті суды бермей қояды. «Сонда Қожа Ахмет баласының қолына бір аса ұстатып, «балам, мына таяқпен судың басына бар да, басынан бері қарай, таяқпен жерді сызып келе бер. Су өзі келеді» дейді. Бала судың басына барып жерді таяқпен сызып егініне қарай жүре береді. Артынан қараса бір арық су ағып келеді екен. Бірақ, сүйірлердің суына ешқандай нұқсан келмейді. Ибрахим суды егінге әкеліп салғанда Сүйірлер көріп, біздің суды алып қойды деп, Ибрахимді өлтіреді. Басын кесіп, Қожа Ахмет Ясауидің алдына әкеледі. «Бұл не?» деп сұраған Қожа Ахметке сүйірлер «Шафша» (әңгелек) дейді. Сонда Хазрет: «Жетілмей ерте жұлған екенсіңдер» деп теріс айналады. Қасында тұрған софы шыдамай «Қауының алма болсын, тарың жұлма болсын, құйрығыңа дүм шықсын» деген екен» [6, 69-б.].

Бұл аңыздың өзінен-ақ Түркістан, Сауран секілді елді мекендерде тұратын халықтар арасында сол дәуірдің өзінде диқандар арасында суға талас, егістік алқаптың өзекті мәселе болғандығын көреміз.

Сүйір атты халықтың өзі кейін жойылып кеткенімен сол аттас елді мекен кейінгі ғасырларға шейін сақталып қалғанға ұқсайды. Ол туралы мынадай тарихи дерек кездеседі: «Сури (Сүйірі) – XVI ғасырға дейінгі тарихи деректерде бар Түркісан маңындағы елді мекен. Бұл туралы тарихшы М. Қожа: «Хафиз Таныштың «Шараф-наме-и шахи» атты тарихи шығармасында Абдулла ханның Түркістан қаласын қоршап, аса сақтықпен қолдан келген амалдарын жасап басып алу жөнінде пәрмен беріп, Қараспан қаласына жиналған бұқаралық әскердің осы бұйрықтарды орындау мақсатында 1582 жылы 29 мамыр күні Түркістан бағытында жорыққа шыққаны мәлім. Олар Түркістан маңындағы Сури /Сүйір болуы ықтимал/ деген жерге келіп тоқтайды» - дейді» [5, 144-б.].

Сауран қаласында тұрған халық тары егумен қатар одан түрлі дәмді тағам түрлерін дайындауды да жақсы меңгерген. Тарыдан жент, сөк, тары көже, боза сияқты тағам түрлері әлі күнге дейін Түркістан халқының дастарханына қойылатын негізгі тағам түрлері болып саналады. Соның ішінде ортағасырларда көп ішсе адамды мас қылатын боза сусынының атағы көбірек шыққан. Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда Түркістан, Созақ, Бәйдібек секілді аудандарында боза сусына әлі күнге шейін осы сусынды ерекше дәмді етіп дайындайды. Бозаны дайындаумен атағы шыққан Бозақор қаласына қатысты ел ішінде мынадай аңыз бар: «Көне қалалардың бірі Сауранның ар жағында Бесарық бекетінен бес шақырым жерде Бозақор деген қала болыпты. Сол қалада боза істеп, Жібек жолынан

керуендермен өткен жолаушы саудагерлерге сатады екен. Сондықтан ол қаланы Бозақор деп атаған екен. Сол Бозақор деген қалада халқы ешкінің қылын қосып кесек құяды екен. Кесегі мұқалмайтын мықты болатын көрінеді. Сол кесектен орта ғасырда аты танымал ірі қалалардың бірі саналған Сауран қаласы тұрғызылған-мыс» [7, 240-б.].

Сауран мен Сығанақ қалалары кезінде діни орталық болған. Осы екі қалаға келіп қоныстанған ислам дінін таратушы қожа, сунақ руларына қатысты да аңыз-әңгімелер көп кездеседі. Сыр бойында қоныс тепкен Бесарық, Түгіскен секілді елдімекендерге жақын орныққан зиярат орындары көптеп саналады. Қараханидтер тұсында исламды жаппай қабылдай бастаған Сыр бойы халқы арасына келіп ислам дінін таратқан көптеген діни ғұламалардың ізі сақталып қалған. Діни аңыздар ішіндегі ең алғашқылары пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) ізіне ерген сахабалардың Түркістан жеріне аяқ басуы болып саналады. Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған Арыстан баб Пайғамбардың аманатын арқалап араб түбегінен Отырарға келгендігі оның ұзақ жасағандығы айтылса, Мұхаммед пайғамбардың жорықтарына қатысқан деп айтылатын Укаша ата, Садуақас сахабаларға қатысты аңыздар да сақталып қалған. Соңғысы Сауран шаһарына шабуыл жасаған деп суреттеледі. Аңызда былай дейді: «Ескі Сауран шаһарының қасында ұзындығы он метр, биіктігі бір жарым метр қабір бар. Мұны діндарлар Садуақас «әулиенің» қабірі деседі. Бір кездерде оның басында күмбезді ескерткіш те болса керек.

Діни нанымдағылар арасында «Садуақас-ата» туралы мынадай аңыз бар: «Мұхаммед [с.а.у.] Мекеден Мединеге көшкенде Садуақас Мұхаммед [с.а.у.] жағында болып, дұшпандарына оқ атып, мерген атанған. Ол кейіннен ислам дініне бағындыру үшін көп әскерімен осында келеді. Сонда Сауран қаласының бір батыр қызы қол бастап оған қарсы соғыс ашады. Қыз Садуақастың батырларын түгел жеңеді. Соңында ол Садуақастың өзімен кездесіп, қылыштасады. Жекпе-жек осы шайқаста қылыш Садуақастың шынашағын ғана кесіп түсіпті-міс. Дін иелері кейіннен Садуақастың осы шынашағы түскен жері еді деп оны әулие орынға айналдырып жіберген.

Екінші бір аңыз бойынша, Садуақас ата Әзірет Сұлтанның ұрпағы, әрі қасапшылардың бірі еді дейді. Осыған байланысты қасапшылар Садуақастың аруағына сиынып, бейсенбі сайын Құран оқытып тұратын болған» [9, 37-б.].

Сауран мен Сығанақ қалаларға жақын маңдарда Асан ата, Оқшы ата, Айқожа ишан, Қорасан ата секілді діни қайраткерлердің көрсеткен кереметтері жайында аңыздар әлі күнге шейін ел ішінде сақталып отыр. Соның бірі байырғы тұрғындары болып есептелетін қыпшақтардың арасына барып сіңген Ыбырайым шайхтың ұрпағы Оқшы атаға қатысты айтылады: «Оқшы ата жас кезінде жетім қалып, ел жағалап, қыпшақ ішіне келіп, жалғыз қызы бар бір кемпір-шалға өкіл бала болады. Осында мешіт ашып, ислам дінін уағыздаған. Бір күні ол Қожа Ахмет Ясауиге сәлем беріп және баласымен бірге егін орысып қайтуға бармақ болады. Ол кезде Ақмешіт ханы елден салық жинағанда, кезекпен әр елден бір қыз қоса алады екен. Сонда атасы:

– Балам, сен кетіп барасың, жақында хан келеді, мына қарындасыңнан айрылып қаламыз ғой, – депті.

– Ата, егер хан келсе, Ыбырайым шайх деп үш рет айқайласаңыз жетемін, – деп жауап қайтарыпты. Содан Түркістанға барып, Әзірет Сұлтанға сәлем беріп, баласы екеуі арпа орады. Ол жоқта өкіл әкесінің аулына салық жинауға хан келеді. Сонда атасы Ыбырайым шайхтың үш рет атын атап шақырады. Ат үстінде нөкерлерімен тұрған хан аттан құлап түседі. Кейбіреулер «мен аттым» деп даурығып жатқанда Ыбырайым да жетеді.

– Сендер даурықпаңдар, менің атқаным рас болса, жүрегінде арпаның қылтығы болуы керек, – деген. Хан жүрегін жарса, арпа қылтығының тұрғанын ел көреді. Содан Оқшы аталған деседі» [9, 213-б.].



Қазақ фольклорына сіңген көптеген діни аңыздардың көбі осы Сыр бойында өмір сүрген әулие-әмбиелерге қатысты болып шығады. Қазақ эпосында Қобыланды, Алпамыс секілді батырларды желеп-жебеп жүретін кәміл пірлер, Баба түкті шашты Әзиз секілді әулиелер Қожа Ахмет Ясауи тариғатының шайықтары болып есептеледі. Қожа Ахмет Ясауидің тариғатын ұстанған шәкірттерінің арасында кейбірі төрт түлік малдың иесі, пірі атанса енді бірі бүйі, шаян секілді улы жәндіктер шаққан жағдайда жәрдемге келетін киелі атауға айналып кеткен. «Ислам діні өзінің қазақ даласы мен Орта Азия аймағына енуімен түркілік дүниетанымды түбегейлі қайта түлеткені белгілі. Исламдық құндылықтар, шарифат қағидалары жергілікті салт-дәстүрлермен үйлесіп, халықтың жүрегіне жол табуында Ясауидің насихаттаған «хәл» ілімінің орны өлшеусіз болды» [10, 118-б.].

Соның бірі Ясауидің сүйікті шәкірті Жақып атаға қатысты аңыздар жатады. Ел ішінде оны «Қылауыз әулие» деп атаған. Аңызда былай дейді: «Қожа Ахмет Ясауи Сыр бойын аралауға келгенде, Жақып атамызға:

– Уа, Жақып, мына дариядан қалай өтеміз? – дегенде,

– Сізге дариядан өту қиын болып па? Жүре беріңіз, – деп дуа еткен екен. Әзірет Сұлтан дарияны кешіп өте берген. Міне, осы сапарда Сыр бойындағы барлық Қорасан ата, Қасым ата тағы басқа әулиелерді аралап, қайтадан баяғы судан өтетін жерге келеді. Сол жерде бесін намазын оқиды. Намаз оқып жатқан жайнамаздың бас жағынан кішкене қарақұрт шығады. Бұлар намаз оқып біткенше құрт үлкейіп, адам жұтатын дәрежеге жетеді. Сонда Әзірет Сұлтан намаз оқып болып, Жақып атаға бұрыла қарап:

– Уа, Жақып, сен дем сал! – дейді. Жақып ата дем салғанда әлгі құрт әбден кішірейіп, бұрынғы қалпына келіпті. Жақып ата:

– Не етейін, құртып жіберейін бе? – дегенде,

– Қой, сол қалпында қалсын, – деп, Әзірет Сұлтан шәкіртіне риза болып, Тассуаттан өтіп, арғы бетке шыққан соң:

– Уа, Жақып, қолыңды жай, сенің енді бұдан былай лақап атың құрт иесі «Қылауыз» болсын, – деп, батасын берген екен. Содан бастап, қарақұрт, жылан шаққан адамдарды емдейтін болған екен» [8, 210-б.].

Бұл аңыздардан Сыр бойында бой көтерген Түркістан, Сауран, Сығанақ секілді қалаларда ясауия тариқатының беделі аса жоғары болғандығы байқалады. Бұл әсіресе Алтын Орда мемлекеті кезінде жоғары деңгейге шейін көтерілді. Аталған қалалардың жайқалып, рухани әрі әкімшілік орталықтарға да айналған кезі осы кезеңдерге жатады. Ислам дінінің Сауран жеріне келуі және соған қатысты аңыздардың көбі ескі Сауран қаласына қатысты айтылған. Жаңа Сауран қаласының жайқалып, гүлденуі XIV ғасырдың басына жатады. Жаңа Сауранның қарқынды дами бастаған кезі Ақ Орданың құрылуымен байланысты. Ол жайында археолог М. Тұяқбаев былай дейді: «Но все эти свидения относятся к Каратобе – Саурану, который находится в 3,5 км юго-восточнее нынешнего городища Сауран. Он и был раннесредневековым Саураном, дожившим до конца XIII в и начала XIV в. Как раз в это время и начинается перемещение города на новое место. Это грандиозный, не только по тем временам, план постройки совпадает по времени с образованием Ак Орды (1265–1266) и город Сауран входит в его состав. Со временем он становится столичным центром Ак Орды, и, как сообщает аноним Искандера, в нем был похоронен умерший в 1320 г. правитель Ак-Орды-Сасы Бука» [11, 108-б.].

Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен Ақсақ Темір арасында болған соғыс жайлы аңыздар да ел ішіне тараған. Тоқтамыс ханға қатысты Сауранға жақын жерде топонимдік аңыз да сақталып қалған. Сондай аңыздың бірі «Тоқтамыс бұлағы» деп аталады. «Қаратаудың түстігіндегі Жаңақорған ауданына қарасты Қыраш ауылынан 12 км жерде «Тоқтамыс» деп аталатын бұлақ пен елді мекен бар. Бұл туралы зейнеткер, ұстаз Ж.Тұрабаев деген ақсақалдың айтуы бойынша, Тоқтамыс бұлақ басында памдат намазын оқып жатқанда

тосыннан әлдекімдер үстінен бас салып қарамағындағы 42 адамымен қоса қырып салады. Оларды жергілікті халық сол маңдағы төбенің басына жерлейді. Бұл күнде хан мазары делінетін төбенің үстіне 10-15 метр тас үйілген»[7, 234-б.].

Тағы бір варианты былай боп келеді: «Тоқтамыс қырық шақты адамымен аталмыш бұлақтың жағасында дем алады. Іштерінде екі-үш сарбазы жансыз боп шығып, Тоқтамыс пен ұйқыда жатқан жолдастарын шетінен бауыздап қырып салады. Ертеңіне аздаң сол елдің дихандары осы жағдайдың үстінен түсіп, ішіндегі шала жансар бірінен «Тоқтамыстың қолы едік» дегенді ғана ұғып, бәрін жерлепті. Содан бастап ол жер «Тоқтамыс» атаныпты»[12, 199].

Тарихи деректе Тоқтамыс хан басқа жағдайда Ертіс өзені бойында қайтыс болады. Ел жадында Сауран маңында қайтыс болды деуі Ақсақ Темірмен болған соғыстың көбі осы маңда жүргізілген. Ел жадында осы жайттар көбірек сақталып қалса керек.

Қазақ аңыздары ішінде Асан қайғының алатын орны ерекше. Хандық дәуір әдебиетінің бастауында тұрған Асан қайғытың толғау, термелері ауыздан ауызға тарап бүгінгі күнге дейін жеткен. Кезінде Қазақ халқына жайлы қоныс іздеп Арқа мен Сыр бойы, Еділ мен Жайық арасын шарлайды. Сауран қаласының тар жерге салынғанын көріп оның болашағына күмәнмен қарайды. Асан қайғы айтыпты дейтін мынадай аңыз сақталған: «Асан «басы байрақ, аяғы тайпақ екі-ақ ауылға қоныс екен»...деп Сырдың бойын тарсынады. Түркістан қаласын және оның қасындағы ескі Сауран қамалын көріп «Әттеген-ай, қорғанды қорғай алмайтын жерге салған екен. Айнала тақ шеті, шөлтастың өті. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып өскен нуы жоқ – түбі тұрақты қала бола қоймас» - деп ұнатпайды» [13, 40-б.].

Қазақ хандығы көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан малға жайлы әрі қысы жылы боп келетін Сырдария өзенінің жағасына қыста келіп қоныстанудың маңызы зор болатын. Сол үшін де Сығанақ, Сауран, Түркістан қалалары мемлекет үшін маңызды болып хан ставкасы тігілетін, орталық резиденцияға айналып отырған. «Қазақтардың көшпелі өмір салтының егжей-тегжейлі сипаттамасын жазып қалдырған XV ғасырдың басындағы тарихшы Рузбе хан қазақ ұлысы құрылғаннан кейін, көп ұзамай былай деп жазады: «Жазғы уақытта Қазақ ұлысы осы ұлан-ғайыр далада өздерінің мыңғырған малын сақтау үшін қажет жерлерде көшіп-қонып жүреді. Жаз бойында бүкіл осы далада болып кері қайтады. Әрбір сұлтан өзіне тиесілі жерді жайлап, киіз үйлерде тұрып жылқы, қой және мүйізді қара өсіреді. Қыстауға қысқы тұрақтарына Сырдария өзенінің жағалауына келеді» [14, 247-б.].

Кезінде қазақтың хандары мен оған бағынышты болған бұқара халық Сыр бойында көшіп-қонып жүрген. Сол кезде қазақ «Қыр қазағы және Сыр қазағы» деп аталған. Сауранға қатысты соңғы аңыз-әңгімелер XVIII ғасырда болған қазақ-қалмақ соғысына қатысты айтылады. Тегеурінді жаудың екпініне шыдамаған қазақ қолы Сығанақ, Сауран қалаларын тастап Орта Азия мен Қарақұм, Қызылқұм ішіне қарай көшеді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде жоңғарлар Қаратау бойын жайлаған қазаққа күйрете соққы берген кезде, жау екпініне шыдамай үдере қашқан қазақ халқы Сауран айналып, Бұхараға қарай ауған. Ел аузында «Сауран айналған» деген тіркес содан қалған дейді. Ол кезде Сауран қамалында қазақтың кіші жүз тайпалары мекендеген екен. Сол шапқыншылық кезінде үдере көшуге қатысты мынадай аңыз сақталып қалған: «Сырым бір күні анасына:

–Ана, басқа балаларыңнан менің өзгешелігім бар, құлқым өзгеше, анығын айтшы, мен кімнен тудым? – дейді. Сонда анасы:

–Балам, сені мен басқа адамнан туғаным жоқ, осы әкеңнен болған адамсың. Тәңірімнің бергені. Бірақ өзгеріс мынау: саған жерік болып тамақ талғап жүргенімде, ел Сауран айналып алысқа көшті. Көшкен елдің көптігінен малға, адамға ішермен су жетпей, ел төбелесіп, қырылысуға айналды. Сол кезде көптің арасынан астында күрең жорға аты бар, үстінде әдемі, жақсы киімі бар бір адам шығып, көпті айғайлап тоқтатып билік айтты.

«Мен сіздерге билік айтам» деп жар етіп жұртты тоқтатты да былай дейді: «Құдықтың суын ең әуелі адам баласы ішсін, таласпаңдар, содан кейін мінген ат, жүк артқан көлік суғарылсын. Сонан соң жарлы адамның сауын малы суғарылсын. Содан кейін орта үйдің малы суғарылсын, мал суғарған адам екінші қарамай, ілгері көше берсін, қалған суды байлардың малы ішсін!» – деді. Соған қарап ел разы болды. «Рахмет ақылыңызға, көнеміз», – деп тоқтады. Сол адамға қарап тұрып: «Япырм-ай, мынау неткен ақылды адам еді, осындай байы болған, не баласы болған адамның арманы бар ма екен? – деп іштей арман етіп едім, Құдай тілегімді беріп, сен тудың», – депті» [15, 5-б.].

Сырым Датұлы қазіргі Орал, Ақтөбе жерлерінде қалмақ, орыс басқыншыларына қарсы ұдайы соғыс жүргізген айтулы батыр болған.

XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысы Сыр бойында бой көтерген қалалардың құлдырауына алып келді. Соғыстан қалжыраған халық соғыстан кейін Сыр бойына қайта оралғанымен ондағы бұрынғы қамалдардың бәрін қайта тұрғызуға шамалары келмеген сияқты. Оның үстіне бұрынғы сауда керуені де тоқтап, экономикалық жағынан тиімсіз боп қалды. XIX ғасырдың бас жағында Сауран, Сығанақ секілді кезінде гүлденген қалалар құлдырауға ұшырайды. Оның үстіне Қоқан хандығының Сыр бойындағы қазақтардан алым-салық алып тұруының өзі бұл жерлердегі қалалардың дамуына жол бермеді. Сыр бойын жайлаған қазақ халқы қалалардан айрылған соң біріңғай көшпелі өмір сүруге көшті. Сауда және діни орталық ретінде Түркістан қаласы ғана кейінгі кездерге шейін өзінің өмір сүруін тоқтатпады.

### **Қорытынды**

Зерттеу жұмысына негізінен Сауран, Қарашық, Түркістан секілді кезінде діни орталыққа айналған қалалардың тарихи динамикалық дамуына қатысты болып отыр. Жалпы Сыр бойында орналасқан қалаларға қатысты аңыз-әңгімелер көп, алайда олардың барлығының топонимдік аңыздарын зерттеуді көздемедік. Зерттеу нысаны Сығанақ, Сауран, Қарашық және соған жақын орналасқан қалалар мен елдімекендер, жер атауларына қатысты сақталған аңыз-әңгімелер мен тарихи және діни тұлғаларға қатысты айтылатын кейбір аңыздардың шығу тарихы жайында баяндауды негізге алдық. Аңыздарды саралай отырып қаланың дамуына үлес қосқан тарихи діни тұлғалардың ел жадындағы бейнесін анықтауды мақсат еттік. Бұл қалалардың дамуына әсер еткен фактордың бірі - ислам діні. Қала ортағасырларда ислам дінінің келуімен өркендеп, діни ғұламалардың арқасында атағы шығып отырған. Негізінен сөз болатын Сауран, Қарашық және оның айналасындағы шағын қалалар мен елдімекендерде әлі күнге шейін ел ішінде сақталған аңыздарды жинаған түрлі жинаушылардың жинақтарында келтірілген материалдарды сараптай отырып, бұл аңыздардың қай кезеңдерге жататындығы жайлы қаланың хроникасына қатысты мағлұматтар берілді. Осылайша аталмыш қамалдар мен сол жерге қатысты аңыздардың шығу төркініне үңіле отырып алғашқы ислам дәуіріне қатысты деректер, діни орталыққа айналған тұстағы дүниеге келген Қорасан ата, Садыр Ата, Оқшы ата, Қылауыз секілді дін өкілдеріне қатысты тараған аңыздар және кейінгі Сауран қамалының құлдырауына қатысты ел жадында сақталған кейбір аңыздарды тауып соған талдау жүргізілді. Бұл Сауран секілді қаланың құрылуы, дамуы мен өркендеуі және құлдырау кезеңіне қатысты ел аузында сақталған түрлі аңыздардың жиынтығын құраған бас-аяғы жинақталған әрі Сыр бойы қалаларының өмір сүру дәуірінің кезеңдеріне қатысты ел аузында сақталған аңыз-әңгімелердің негізгі төркінін талдаған ғылыми еңбек болып табылады.

Сыр бойында бой көтерген қалалар көп болған. Бұл қалалардың Қытай, араб, парсы және М.Қашқари секілді оқымыстылардың еңбектерінде аты аталуының өзі кезінде атағы дүрілдеген қалалар болғандығын көрсетеді. Қысы жылы әрі шөбі шүйгін қамысты көлдері жайқалған бұл аймақ егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығына да қолайлы болған. Кезінде Жібек жолы бойы саналған сауда-саттық жақсы дамыған Түркістан, Отырар, Сауран,

Сығанақ секілді қалалар Батыс пен Шығысты жалғап тұрған маңызды қалалар қатарына жатқызылған. Ортағасырларда діни орталыққа айналуы, мәдениет пен сауданың дамуы кейін көптеген аңыздардың дүниеге келуіне себеп болды. Әсіресе, түркі ислам мәдениетінің қалыптасуына сол кездегі ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің сіңірген еңбегі орасан болды. Оның шәкірттері де ислам құндылықтарын халық жадына сіңіру жолында кереметтей жұмыстар жүргізе білді. Алтын Орда мен одан кейінгі Қазақ хандығы тұсында да ясауия тариғатынан нәр алған қазақ жыраулары жыр, толғаулар шығарып елге таратып отырған. Халық өзі сыйынған әулие-әмбиелер мен ел қорғаны болған батырларға арнап түрлі жыр, аңыздар шығарып отырды. Қазақтың ауыз әдебиетінің айрықша қарқынды дамуы да осы тариғаттың тәлім-тәрбиесіне байланды. Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы мен жазба мәдениетінің дамуына Қараханидтер тұсындағы Түркістан, Қарнақ, Сауан, Сығанақ секілді қалаларда ашылған түрлі медреселер мен діни оқу орындарының тигізген әсері айрықша болды. Сол дәуірлерден сақталып қалған аңыздар мен әңгімелер шоғыры да бүгінгі күнге шейін жетіп отыр. XIX ғасырдың басына шейін өмір сүрген Сауан, Сығанақ секілді қалаларға қатысты ел ішінде түрлі аңыздар мен тарихи әңгімелер Қазақ мемлекетінің өткенінен сыр шертеді. Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ, Түркістан секілді қалалар қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына айрықша үлесін қоса білді. Осы жағынан алып қарағанда ел жадында сақталған бұл аңыздардың әдебиет пен ел тарихынан алатын орны айрықша екендігін баса айтуымыз керек.

*Мақала «BR10965310 «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды.*

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жолдасбекұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Кітап, 2010. – 336 б.
2. Жандарбек З., Қаратышқанова Қ. Қазақ халқы құрамындағы қожалардың қазақ тарихындағы рөлі // Түркология. – 2022. – №2 (110). – Б. 84–120.
3. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
4. Жандарбек З. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер // Түркология. – 2020. – №3 (101). – Б. 9–20.
5. Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 168 б.
6. Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры. Зерттеу. – Астана: Нұра-Астана, 2011. – 208 б.
7. Дүйсенбі А.К. Түркі аңыздары мен әпсаналары. – Астана: Сарыарқа, 2011. – 260 б.
8. Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар / құрастырып, алғы сөзін жазған, баспаға дайындаған Б. Қорғанбеков. – Алматы: Эффект, 2009. – 152 б.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 95-том. Хикаяттар. – Астана: Фолиант, 2013. – 329 б.
10. Сүлейменова Ж.А., Қорғанбеков Б.С. «Диуани хикмет» жинағы және оның қазақ халқының ауыз әдебиетімен байланысы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(128). – Б. 179–189.
11. Туякбаев М. Историческая топография и развития городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII–XIX вв.). – Алматы: ТОО «Эффект», 2009. – 208 с.
12. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. – Астана: Фолиант, 2011. – 336 б.
13. Адамбаев Б. Қазақ шешендері. – Алматы: Білім, 2008. – 304 б.
14. Сафарғалиев М.Г. Алтын Орданың ыдырауы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 326 б.
15. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 88-том. Тарихи аңыздар. – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.

#### REFERENCES

1. Joldasbekuly S. Ejelgi jane orta gasyrdagy Qazaq elinin tarihy [History of the Kazakh people in ancient and Middle Ages]: Jogary oqu oryndarynyn studentterine arналған оқулық. – Almaty: Kitap, 2010. – 336 b. [in Kazakh]
2. Jandarbek Z., Qaratyshqanova Q. Qazaq halqy quramyndagy qojalardyn qazaq tarihyndagy roli [The role of Khoja in the history of the Kazakh people] // Turkologia. – 2022. – №2 (110). – B. 84–120. [in Kazakh]
3. Baipaқov K., Nurjanov A. Uly jibek joly jane ortagasyrlyq Qazaqstan [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan]. – Almaty: Qazaqstan, 1992. – 208 b. [in Kazakh]
4. Jandarbek Z. Qarnaқ атауына қатысты жана деректер [New data on the name of Karnak] // Turkologia. – 2020. – №3 (101). – B. 9–20. [in Kazakh]
5. Jandarbek Z.Z. «Nasab-nama» nusqalary jane turki tarihy [Versions of “Nasab-Nama” and Turkic history]. – Almaty: Daik-press, 2002. – 168 b. [in Kazakh]
6. Qorganbekov B. Qoja Ahmet Iasauidin «Diواني hikmeti» jane qazaq folklorы. Zertteu [“Diواني Hikmet” by Khoja Ahmed Yasawi and Kazakh folklore. Research]. – Astana: Nur-Astana, 2011. – 208 b. [in Kazakh]
7. Duisenbi A.K. Turki anyzдары мен аpsanalары [Turkic legends and stories]. – Astana: Saryarqa, 2011. – 260 b. [in Kazakh]
8. Qoja Ahmet Iasaui esimimen bailanysty anyz, аpsana, hikaialar [Legends, stories related to the name of Khoja Ahmed Yasawi] / qurastyryp, algy sozin jazgan, baspaga daiyndagan B. Qorganbekov. – Almaty: TOO «Effekt», 2009. – 152 b. [in Kazakh]
9. Babalar sozi: Juz tomdyq. 95-tom. Hikaiattar [The word of ancestors: One hundred volumes. Volume 95. Stories]. – Astana: Foliant, 2013. – 329 b. [in Kazakh]
10. Suleimenova J.A., Qorganbekov B.S. «Diواني hikmet» jinagy jane onyn qazaq halqynyn auyz adebietimen bailanysy [The collection “Diواني Hikmet” and its connection with the oral literature of the Kazakh people] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 179–189. [in Kazakh]
11. Tuiakbaev M. Istoricheskaia topografiya i razvitia gorodov i poseleniy Turkestanskogo oazisa (XIII–XIX vv.) [Historical topography and development of cities and settlements of the Turkestan oasis (XIII–XIX centuries)]. – Almaty: TOO «Effekt», 2009. – 208 s. [in Russian]
12. Babalar sozi: Juz tomdyq. 80-tom. Toponimdik anyzdar [The word of ancestors: One hundred volumes. Volume 80. Toponymic legends]. – Astana: Foliant, 2011. – 336 b. [in Kazakh]
13. Adambaev B. Qazaq sheshenderi [Kazakh speakers]. – Almaty: Bilim, 2008. – 304 b. [in Kazakh]
14. Safargaliev M.G. Altyn Ordanyн ydryauy [Collapse of the Golden Horde]. – Almaty: Daik-Press, 2014. – 326 b. [in Kazakh]
15. Babalar sozi: Juz tomdyq. 88-tom. Tarihi anyzdar [The word of the ancestors: One hundred volumes. Volume 88. Historical legends]. – Astana: Foliant, 2012. – 432 b. [in Kazakh]

Г.Б. ХАЛИДУЛЛАЕВА 

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: khalidullaeva1995@mail.ru*

## ПОЭЗИЯДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕРДІ САЛЫСТЫРУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада өзбек және қазақ поэзиясына танымдық тұрғыда салыстырмалы талдау жасалады. Ақын Т. Әбдікәкімов пен өзбек поэзиясының жарқын өкілі М. Юсуфтің туған жер, отан тақырыбындағы өлеңдері қарастырылады. Постколониалды елдерге тән ортақ эстетикалық ерекшеліктер мен әдеби, мәдени байланыстар қазақ, өзбек поэзиясы негізінде айқындалады. Мақалада алғаш рет поэзияға салыстырмалы түрдегі концептілік талдау жасалады. Соның негізінде поэзия арқылы, әдеби шығармашылық кеңістік арқылы қазақ, өзбек халықтарының өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтары тереңінен талданады.

Мақалада қазақ және өзбек поэзиясын мысалға ала отырып, концептілік талдаулар жасалады және талдау барысында аталған халықтар арасындағы мәдени, менталды, рухани және әдеби байланыстардың рөлі айқындалады. Зерттеу жұмысы поэзия мысалындағы концептілік талдаулар арқылы бауырлас халықтардың құндылықтар дүниесін тереңірек тануға жол ашады әрі тағдырлас бола тұра өмір салттарына байланысты өзгешеліктердің поэзия арқылы көрініс табуы анықталады. Ұлттық концептілерді талдау барысында қазақ поэзиясындағы Т. Әбдікәкімовтің өлеңі бойынша «туған жер» концептісі және өзбек поэзиясының жарқын өкілі М. Юсуф шығармашылығындағы «отан» концептісі зерттелді. Мақалада поэзияның «қозғаушы күш» ретіндегі рөлі мен қуатын, ықпалын халықтардың менталды санасымен, құндылықтар әлемімен байланыстыра отырып анықтаймыз. Концептілік талдау бұған кең түрде жол ашады.

**Кілт сөздер:** концепт, гештальт, символ, метафора, поэзия, ұғым, образ, өмір сүру философиясы.

**G.B. Khalidullayeva**

*Junior Researcher of Institute of literature and art named after M.O. Auezova  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: khalidullaeva1995@mail.ru*

## Comparison of Concepts in Poetry

**Abstract.** The article presents a comparative cognitive analysis of Uzbek and Kazakh poetry. The poems of the poet T. Abdikakimov and the prominent representative of Uzbek poetry M. Yusuf on the theme of their native land and homeland are also considered. General aesthetic features and literary, cultural ties, characteristic of post-colonial countries, are determined on the basis of Kazakh, Uzbek poetry. The article made a comparative conceptual analysis of poetry. On its basis,

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Халидуллаева Г.Б. Поэзиядағы концептілерді салыстыру // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №3 (129). – Б. 198–210. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.15>

**\*Cite us correctly:**

Halidullaeva G.B. Poeziadagy konceptilerdi salystyru [Comparison of Concepts in Poetry] // *Iasau universitetinin habarshysy.* – 2023. – №3 (129). – B. 198–210. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.15>

through poetry, through literary creative space, the features and values of the Kazakh, Uzbek nations are deeply analyzed.

In the second part of the article, on the example of Kazakh and Uzbek poetry, a conceptual analysis is carried out and in the course of the analysis the role of cultural, mental, spiritual and literary ties between these peoples is determined. Research work through a conceptual analysis on the example of poetry opens the way to a deeper knowledge of the world of values of fraternal peoples and, being fateful, reveals through poetry the manifestation of differences associated with the way of life. In the course of the analysis of national concepts, the concept of “tugan zher” based on the poem by T. Abdikakimov in Kazakh poetry and the concept of “otan” in the work of M. Yusuf, a prominent representative of Uzbek poetry, were studied. In the article we define the role and power, the influence of poetry as a "driving force", linking it with the mental consciousness of peoples, with the world of values. Conceptual analysis opens a wide path for this.

**Keywords:** concept, gestalt, symbol, metaphor, poetry, concept, image, philosophy of existence.

**Г.Б. Халидуллаева**

*младший научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауезова  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: khalidullaeva1995@mail.ru*

### Сравнение концептов в поэзии

**Аннотация.** В данной статье представлен сравнительный познавательный анализ узбекской и казахской поэзии. Рассматриваются стихи поэта Т. Абдикакимова и яркого представителя узбекской поэзии М. Юсуфа на тему родной земли, родины. Общие эстетические особенности и литературные, культурные связи, характерные для постколониальных стран, определяются на основе казахской, узбекской поэзии. В статье впервые сделан сравнительный концептуальный анализ поэзии. На его основе через поэзию, через литературное творческое пространство глубоко анализируются особенности и ценности казахского, узбекского народов.

В статье на примере казахской и узбекской поэзии проводится концептуальный анализ и в ходе анализа определяется роль культурных, ментальных, духовных и литературных связей между указанными народами. Исследовательская работа через концептуальный анализ на примере поэзии открывает путь к более глубокому познанию мира ценностей братских народов и, будучи судьбоносным, выявляет через поэзию проявление различий, связанных с образом жизни. В ходе анализа национальных концептов был изучен концепт «туған жер» по стихотворению Т. Абдикакимова в казахской поэзии и концепт «отан» в творчестве М. Юсуфа, яркого представителя узбекской поэзии. В статье мы определяем роль и силу, влияние поэзии как «движущей силы», связывая ее с ментальным сознанием народов, с миром ценностей. Концептуальный анализ открывает для этого широкий путь.

**Ключевые слова:** концепт, гештальт, символ, метафора, поэзия, понятие, образ, философия существования.

### Кіріспе

Концептілік талдау мәтіннің тууына негіз болған, мәтіннің бүртұтас мағыналық жүйесінің өзегі болатын бір ғана тілдік бірлікті – концептіні мәтіннен тыс қандай да бір абсолютті дүниемен байланыстыру негізінде жасалады. Концепт термині қазіргі антропоцентристік парадигма аясында пайда болған пәнаралық салаларда ортағасырлық философиядағы мағынасын сақтаған. Концепт термині схоластиканың концептуализм

бағытынан туған: «Бесаспап заттар туралы айтыста концептуалистер номиналистер (номинализм) секілді реализм ілімінен бас тарта отырып, жекелеген заттарға тәуелсіз, нақты ортақ нәрсенің болатынын теріске шығарды, алайда номиналистерден өзгешелігі – ақыл-ойда жалпылама ұғым-түсініктердің, ақиқатты танып-білудің ерекше формасы ретіндегі *концептілердің* болатынын мойындады» [1]. «Схоластика – ортағасырлық Еуропадағы философияны теологияға бағындырумен сипатталатын философиялық мектеп» [2]. «Теология – құдай жайлы дін ілімі» [3] дейтін болсақ, концептілік талдау – сөз ішінен құдайды іздеуге ұқсайды және шығарманың, мәтіндердің тууы құдайдың ықпалымен жүзеге асады деп тануды білдіреді: «Концепт является языком общения с Богом» [4]. Концепт терминінің түпкі мағынасы мен алғашқы функциясы дәл осылай Құдай ұғымымымен байланысты анықталса да, концептілік талдауда оның маңызы жоқ, себебі «құдай» сөзі «абсолют» мағынасында қолданылуы мүмкін және зерттеу нысанының шыңы мен мүмкін болатын шегі дәл осындай ең биік моральдық ұғыммен белгіленуі заңды. Бұл мәселе жөнінде ғалым Қ. Жаманбаева былай жазған: «Абсолют – Құдай емес, Абсолют – жалпыға бірдей ақыл-парасат. Адам жанын құдайлық бірлікпен тұтастыратын – осы ақыл-парасат. Бірақ адам бірден барып ақыл-парасатқа – Абсолютке жете салмайды. Өйткені Абсолют сыртқы дүниемен ғарыштық жан арқылы байланысады...» [5, 120-б.]. Мұнда ғалым «ғарыштық жан» деп шығармашыл тұлғаны меңзеген. Адамзат үшін қаламгерлердің туындылары қасиетті кітаптардың пайғамбарлар арқылы көктен түскені секілді ерекше құбылыс болып, әрдайым идеалды, қоғам үшін биік өлшемдердің үлгісі болып қала береді. Егер шығарма мен шығармашыл тұлғаны кең масштабта, жаратылыстық немесе ғарыштық тұрғыда, символдық, менталдық, архетиптік, идеялық, т.б. түрлі мағыналарды ашуға ұмтыла отырып қарастырудың жүйелі түрдегі әдісі әрі формалды емес көзқарастар мен білімдерді көрсетудің, ақиқатты тануға жаңа бір қырынан әрекет жасаудың ең жас парадигмасы жайлы сұрақ туындаса, жауап концептілік талдаумен тікелей байланысты болатыны анық.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу материалы ретінде қазақ ақыны Тыныштықбек Әбдікәкімовтің туған жер жайлы өлеңі мен өзбек ақыны Мухаммад Юсуфтың отан жайлы өлеңі алынды. Зерттеудің негізгі әдісі – концептілік талдау. Концептілік талдау аясында поэзияға менталды түрде терең талдау жасалды. Сондай-ақ салыстырмалы-аналитикалық, салыстырмалы-тарихи, психологиялық және гештальттық талдау әдістері қолданылды. Поэтикалық талдау әдісі негізінде постколониалды эстетиканың көріністері айқындалды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Концептілік талдау жасау барысында Қ.Ә. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана», В.В. Колесовтың «Жизнь происходит от слова ...», М. Кочерганың «Языкознание на современном этапе», О. Мандельштамның «Разговор о Данте, эссе» еңбектері пайдаланылды. Поэтикалық мәтінге концептілік талдаудың ерекшеліктеріне байланысты өлеңнің метафоралық, символдық, гештальттық қабаттарына бойлай отырып, әлеуметтік, танымдық мағыналарды ашуға әрекет жасалды. Концептілік талдаудың келесідей ерекшеліктері айқындалды:

- концепт объективті-танымдық және субъективті-шығармашылықтың бірігуінен тұрады;
- эмпирикалық кеңістік пен уақыттан алшақтау, өйткені ол материал емес, идеалды объект;
- бір мәтіннің шегінен шығып кетеді, әдетте ол автор поэзиясында немесе авторлар тіркесінде қолданылады;
- материалдыжәне рухани дүние арасындағы делдал болғандықтан трансцендентті мағынаға ие;



- мағыналық сыйымды, эстетикалық мүмкіндігі зор, полисемияға қабілетті;  
- семантикалық жағынан сарқылмайтын, өйткені әрқашан зерттелмеген интерпретациялар бар;

- поэзияның мағыналық орталығы, сюжеттің «моторы»;  
- ұғымның ұйымдастырушы өзегі – жалпылама символдық мағынасы бар сөз;  
- сөйлеуде ақынның идиостиліне тән әдістер арқылы жүзеге асады;  
- мағыналық жағынан тұтас, өзін-өзі қамтамасыз етеді;  
- өзінің көп мағыналылығын анықтайтын күрделі логикалық құрылымы бар;  
- тұтастық пен мағыналық дербестікті сақтай отырып, басқа ұғымдарға еніп, мағыналық жағынан тар образдарды қабылдауға қабілетті;

- семантикалық қатынасқа түсе алады, лексикалық парадигмалардың бірлігі бола алады (антонимия, синонимия, омонимия), оны белгілі бір мағыналық жазықтыққа проекциялайтын көптеген интерпретацияларға ұшырайды, шындықты бейнелеу мүмкіндігін сақтайды.

Концепт термині бір уақытта өзінің ішкі мәнімен дербес мағыналық бірлік ретінде де, сондай-ақ мәтіннің өзегі әрі мәтін шеңберін сыртқы әлемдік білімдер жүйесімен байланыстырушы сөз де болады. Концепт сөйлем ішінде, шығарма ішінде өзіндік тәртібі бар жүйе құрайды. Тіпті концептінің өзіне ғана тән зерттеумен байланысты әдіс-тәсілдік ерекшеліктері бар. Біріншіден, концепт болып саналатын тілдік бірліктің ұғымдық мағыналарына жан-жақты тоқталу барысында тарихи, мәдени, ұлттық-философиялық, сондай-ақ авторлық білімдер мен көзқарастар жан-жақты талданса; екіншіден, концепт – белгілі бір тілдік бірлік қана емес, концепт арқылы шығармадағы концептуалдану процесі шығармадан да жоғары бір жаратылыстық тәсіл ретінде көрініс табады. Концептуалдану – феноменалды құбылыс. Көркем туындылар концептуалданудың бір бөлігі ғана болуы мүмкін. Ол зерттеушінің концептіні қаншалықты анықтай алғанына тікелей байланысты. Себебі ешбір концепт толығымен жетіліп формалданған болып саналмайды. Концептіге динамикалық сипат тән. Тілдің өзі де жанды нәрсе іспетті үнемі жетіліп, өзгеріп отыратыны секілді, концепті де тілмен байланысты құбылыс ретінде мағыналық тұрғыда жетіліп, толысып, тіпті жинақталып, сығымдалып немесе символдық мәні артық отыратыны белгілі.

Концептілік талдауға тән үлкен ерекшелік онда көркем туындыны ғылымның тек нақты материалдық сипатынан тыс, абстрактілі ойларға негіз болған материалдық емес, рухани әлемді байланыстыра отырып зерттеуде жатыр: «Сөйлеу тән мен рухты байланыстыруы керек» [6, 15-б.]. Тән – біз көріп, ести алатын материалдық дүниелер болса, рух – адамзаттың тарихи-этимологиялық және лексика-семантикалық лабиринттері мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің тереңіне жасырылған бітім. Адамның сөйлеуі оның орфоэпиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік жүйелерінен әлдеқайда ауқымды және тереңірек болатыны түсінікті. Оны ғалым Қ. Жаманбаева тілдік-құрылымдық саты және тілдік-когнитивтік саты деп анықтайды: «Тұлғаның сөйлеу тілін, мәтін жасалымын түзуге себеп болып тұрған уәждер, мүдделер, мәндер мен құндылықтар сөйлеушінің тілдік моделінде көрініс табады. Біздік ойымызша, ол процесс кейде ашық көрінеді не символдық мәнмен анықталады» [5, 10-б.]. Көрінетін дүние – белгілі бір таңба, иероглиф, оны жаратушыны бейнелейтін жұмбақ мәтін. Кіл әлем – Құдайдың оған енгізген ақпаратын адам жанымен оқуға арналған болмыс. Дегенмен ол үшін символдық оқу дағдыларын меңгеру керек, оның көмегімен мәңгілікті, рухты, құдайлық белгілерді тануға болады [6, 81-б.]. Ал концептілік талдау – соның бір әдісі, ең жас үлгісі деуге болады.

Біз концепт туралы айтқанда, терминнің шығу тегі және оның әмбебаптығын, әртүрлі ғылымдардың терминологиялық жүйелерінде қызмет ету мүмкіндігін анықтаған семантикалық трансформацияның тарихы туралы мәселеден аулақ бола алмаймыз. Концепт сөзі латынның «концептус» сөзінен шыққан, ол «ой, идея, ұғым» дегенді білдіреді және бастапқыда логика мен философия термині ретінде қолданылған. Екінші нұсқа бойынша,

ұғым «концептус» (шартты түрде «Ұғымдар» термині деп аталады) емес, концептум («эмбрион», «тұқым») деп түсініледі, осы бір эмбрионнан одан туылуы мүмкін барлық мағыналық формалары өсіп-өнеді. [7, 81-б.]. Біздің ойымызша, терминнің шығу тегінің екі нұсқасы да дұрыс, дегенмен екіншісі лингвистикалық категорияның мәнін дәлірек көрсетеді.

Біз талдайтын көркем мәтіндерге қатысты алдымен поэтикалық концепцияның ерекшелігіне тоқталуды жөн көреміз. Көркем мәтіндегі концепцияны сипаттау принциптері лингвистикалық әдебиеттерде анықталмаған. Жалпы тілдік концепт пен поэтикалық концепт арасындағы байланыс талас тудырмайтын ақиқат болса да, бұл ұғымдар әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің поэтикалық бейнесі ретінде біршама өзгеше сипатқа ие. В. Калашник әлемнің поэтикалық тілдік бейнесін әлемнің жалпы тілдік бейнесінің бір бөлігі ретінде квалификациялауға болмайтынын, өйткені олардың арасындағы қатынас эстетикалық-функционалдық критерийлерге сәйкес айырмашылыққа ие екенін атап көрсетеді [8, 3-б.]. Демек екі логикалық тізбек туралы айтуға болады: тіл – әлемнің тілдік бейнесі – тілдік ұғым; поэтикалық тіл – дүниенің поэтикалық бейнесі – поэтикалық ұғым.

Екі тізбек де параллель өмір сүреді, кейде бір-бірімен қабаттасып, кейде бір-бірімен қиылысып отырады. Поэтикалық концепцияның күрделілігі мен көп қырлылығы жалпы поэтикалық сөйлеудің және жеке автордың (ойлау, көру, сезу) ерекшелігіне байланысты, сондықтан біз өмір сүретін кеңістік пен уақытқа автор параллель өз ішкі кеңістігімен уақытын сыйлайды.

Бұлыңғыр бейне, тұрақты бейне, бейнелі доминант, түйінді сөздер терминдерін де жиі кездестіре аламыз. Бұл терминдер көбінесе бейненің сандық сипаттамаларын, яғни жеке автордың немесе бірнеше авторлардың поэзиясында қолданылуының жиілігін меңзейді. Поэзия философиясындағы образдың мағыналық мазмұны мен маңызы алдыңғы орынға шығарылғандықтан, «концепт» термині, поэзияда тереңдей түседі.

Поэтикалық концепт белгілі бір түрде поэтикалық образдың ерекшеліктерін, атап айтқанда, негізгі сипатын сақтайды – ол объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық принциптерді біріктіреді, дегенмен соңғысының басымдылығымен үйлеседі [9, 252-б.].

Біз концепттің объективті-танымдық сипаттамаларына қатысты екі жақты сипатын атап өтеміз. Біріншіден, концепт нақты: денотат арқылы ол нақты дүниенің көрінісі, ол уақыт-кеңістік қатынасында көрінеді. Екінші жағынан, концепт шындыққа жатпайды, өйткені ол идеалды, мәңгілік проекция ретінде көрініс табады. Ол шындықты жай ғана бейнелеп қоймайды, оны жалпылайды, бір ғана объектідегі мәнді жан-жақты сипаттайды. Оның жасалуындағы құбылыстың екіұштылығына назар аудармай кете алмаймыз. Поэтикалық концепт өзінің жеке дүниетанымына, ішкі күш-қуатына сай жаңа шындықты құрастыратын суреткердің шығармашылық қиялының жемісі.

«Поэзиялық шығармалардың басым көпшілігінде белгілі бір фабулаға құрылған сюжет болмағандықтан, өлеңнің айтқысы келген негізгі мағынасы мен мәні, оқырманға жетер мазмұны поэзияның поэтикалық сөзінде және ақын қолдана алған ерекше ұғымдардың астарында болады. Біз поэзияны талдаған тұста мән мен мағынаны ажыратып жатамыз. Кез келген ақынның жеке кредосын, оның ақындық лабораториясын, сонымен қатар таным мен түйсік мәселесін, сана мен философиялық ой мәселесін де қарастыруымыз қажет» [10].

#### *1. Поэтикалық мәтіндегі концептілердің анықталуы.*

Поэтикалық мәтінде концепт семантикалық орталық, «эмоционалдық координат» рөлін атқарады, оның айналасында басқа бейнелер айналып отырады да, олар бірігіп поэзия сюжетін құрайды. Егер біз сөзді дайын идеяны көрсету немесе сипаттау құралы ретінде емес, жаңа идеяны жасау құралы ретінде қарастырсақ, онда көркем шығарма, яғни мәтін бастапқы нүктеге айналады. Демек, автор бізге поэтикалық шындықты жеткізудің ең тиімді жолын ұсынады.

Концепт көпкомпонентті құбылыс екенін ескере отырып, оның физикалық және метафизикалық түрлерінің өзіндік ерекшеліктері болатынын нақты айта аламыз. Кез келген адам тек эмпирикалық сезімдері арқылы, өз тәжірибесінен өткізген тұста ғана танып білетін метафизикалық концептілер өзінің көпқырлылығымен және жұмбақтығымен ерекшеленеді. Көркем мәтінде, әсіресе поэзияда метафизикалық концептілердің жиі көрініс табуы ақын жанының қатпарларында сақталып қалатын әлемнің түсі, дәмі, дауысы, иісі әртүрлі сезім сыйлайтын, метохәлге жетелейді. Әр ақын сағыныштың, қуаныштың, қайғының, бақыттың, қасіреттің түсін өзінше көреді. Гете «түстер тек физикалық емес, метафизикалық күйде де көрінетінін» [11, 7-б.]. «Түстер ілімі» кітабында атап өтеді. Сонымен қатар ол өз заманының авторларынан мысал келтіре отырып, олардың шығармашылығына түрлі түс береді.

«Поэзияда да, кез келген өнер түрінде, жалпы өнер атаулыда дайын дүние жоқ. Оны тек жасау керек» [12, 41-б.] деп О. Мандельштам айтқандай поэзиялық мәтінде физикалық емес метафизикалық концепттер көбірек кездеседі. Себебі оны қаламгерлер өз жан дүниесінде жасап оқырманға ұсынады. Ақын жаны – жаңа әлем жасайтын фабрика іспетті. Бүгінгі түркі халықтарының поэзиясының сана мен таным төңірегіндегі жаңалықтарын қозғап, олардың когнитивті аспектілерін әдебиет тұрғысында қарастырған кезде қырғыз елінің көрнекті ақыны Нұрлан Қалыбековтың өлеңдері еске түседі. Өйткені символдық белгілер де, концептілік ұғымдар да, метафизикалық құбылыстар да аталмыш ақынның шығармашылығының негізгі белгілері. Сонымен қатар оның өлеңдерінде, жалпыадамзаттық концепттерінен бөлек, қырғыз ұлтына, түркі халықтарына ортақ концепттерді көбірек кездестіреміз. Оның өлеңдерінің қантамырларында түркі халықтарының өткені ағатын секілді.

Белгілі

қазақ

ақыны

Б. Қарағызұлы Нұрлан Қалыбековтың «Құт» атты өлеңін қазақ тіліне тәржімалаған екен.

Бұл өлең жолдарынан поэзия саласына тек мазмұн емес, көркемдік таным ерекшеліктері керек екенін көреміз. Сілтемелер арқылы берілген концептілерді кез келген оқырман бағамдай алмағанымен, генетикалық санасы арқылы сезінуі мүмкін. «Автордың ішкі сезімдері, оны имплицитті яки эксплицитті тұрғыда беруі де аңғару керек құбылыстардың бірі. Ашық ой мен жасырын ойдың мәселелері үндесіп жатуы да мүмкін» [10]. Концептілерді сілтемелер арқылы оқырманға ұсыну автордың білім деңгейін көрсететін айғақ.

Әдеби мәтіндегі концептілер шығармашыл тұлғамен байланысты немесе шығарма өмірге келген кеңістікке қатысты мәдени таным мен менталды сананың, әлеуметтік қатынастар мен философиялық көзқарастардың, қоғамдық құндылықтардың кодталған бірлігін көрсетеді. Шығармаға концептілік талдау жасаудың маңызы концептіден халық өмірінің немесе автор өмірінің әртүрлі салаларының рухани қырларын айқындайтын білімдердің ашылуымен байланысты. Концепт мәтін ішіндегі қандай да бір дербес схематизмді, тіпті мәтіннен тыс бір жүйені құрайды. Сонда мәтін – концептінің шығармашыл тұлға арқылы жарыққа шыққан бір бөлігі. Яғни концепт мәтінмен шектелмейді. Концепт мәтінді мәтіннен тыс жатқан ақпараттық кеңістікпен байланыстырады. «Концепты связаны не формами рассудка; они есть производное возвышенного духа, или ума, который способен творчески воспроизводить, или собирать (conspire), смыслом и помыслом как универсальное, представляющее собой связь речей, и который включает в себя рассудок как свою часть...» [13].

## 2. «Туған жер», «отан» концептілерін талдау

Концепт халықтың бар болмысын түп-тамырымен ашып тануға негіз болады. Адамның өмірге келген кеңістігін анықтайтын тілдік бірліктердің ішінде дәл біздің тілде «туған жер» ұғымының доминантты мағынаға ие болуы, яғни «туған жер» концептісі көшпелі өмір сүру формасынан туған. Себебі ата-бабаларымыз бір ғана жерде тұрақтамаған, кең даланы кезіп жүріп өмір сүргенімен, дәл туған топырағына қайта орылапы отырған. Туған топырақ –

көшпелі өмірдің темірқазығы іспетті, көшпелі халық руханиятының субстанцисы сынды. Қалыпты өмір салтында көшпелі халық жыл ішінде мыңдаған шақырымдарды игеріп, кең даланың қойнында өмір сүреді. Ал туған жері – сол ұлан-байтақ даланың бір ғана жері, туған топырағы. Халықтың рухани танымдық әлемімен астасып кеткен мұндай ұғымдар әдеби туындыларда тереңнен көрініс табатыны анық. Мысал ретінде ақын Т. Әбдікәкімовтің туған жер жайлы өлеңін талдаймыз:

Тегінде, мен –  
– қоңыр үнінен қорқып қашатын шүбә мың,  
қазақ аңқыған қарапайым дұғамын.  
Жебеушім – Күн-Әмір.  
Жап-жасыл жайлау – бауырым.  
Қимасым – құба қыр.  
Жетіқараңғы түнде бір тал шөп жылай қалса да,

Көріп жатқан көркем түсімнен де суырылып шығамын! [14]. Мұнда ақын өз тұлғасын абстракцияландырып, гештальттық деңгейде метафизикалық ұғымға айналдырған. Сондай-ақ автор гештальттық құрылым арқылы халықтың сакральды танымдық әлемін аша алған. «Дұға» ұғымының өзі халықтың материалдық әлемнен тыс, рухани әлеміне жол бастайтын жүрек сөзін білдіреді. Автор өз тұлғасына өзге қырынан жан бітірген, яғни қандай-да бір кие ұғымымен астасып кеткен бейне «туған жер» концептісінің бір бөлігі болып, концептіні толықтырады:

Туған Жерім!..  
Оның барша жәндігімен сырласпын.  
Мұхит шерінен жаратылған бұлттарымен мұңдаспын.  
Дүние тепе-теңдігін сақтап тұрған Тауларымен құрдаспын.  
Қалада болсам да, жатып қаламын, құрысып-бүрісіп жон-арқам,  
Мылтықтанып қосаяқты бір жынбасқыр,  
Көкке ұлып, өліп кетсе егер дүр қасқыр!»  
Туған Жерім!..  
Ондағы аламанның тегі де – Жұмақтан.  
Аң-құсының тегі де – Жұмақтан.  
Ауасының тегі де – Жұмақтан!  
Бір жұтым суын ішкізіп-ақ,  
Тәубасыз талай оңбағанды жылатқам.  
Атамекенім барда, болып көрген жоқпын құсалы.  
Мысалы,  
Оған деген іңкәрлігім – сиқырлы күш-әлім.  
Топырағына күбірлей қалсам,  
Білемін  
Көк тасының да көбелек болып ұшарын!

Туған Жерім менің!.. [14] Автордың реалды өмірдің шектеулерінен тыс қиял кеңістігінде «туған жер» ұғымын өз тұлғасымен бірлікте ала отырып және өзге бір бояумен оған жан бітіре отырып, абсолютті танымдық деңгейдегі кеңістікпен қабыстырады: «Аң-құсының тегі де – Жұмақтан. Ауасының тегі де – Жұмақтан». Ақынның кіршіксіз әлемі мен ізгілікті сенімі, реалды өмірден тыс көріністерді айқындайтын метафоралардың символдық мәнде қолданылуы шығармаға тән метамодернистік белгілерді айқындайды.

Т. Әбдікәкімов – қазіргі кезеңдегі қазақ поэзиясының кемел өкілі. Оның туындылары ұлтымыздың рухани әлемінен сыр шертетін тың танымдық ұғымдар мен олардың символдық қуатының мол болуымен, метафоралық қабаттардың қайталанбас үлгісімен ерекшеленеді. Біз ақынның көркемді тәсілдері жайлы ғана емес, тұтас шығармашылық әлемін әдеби құбылыс

ретінде ала отырып, танымдық тұрғыдан зерттеуге тырысамыз. Автор шығармашылығы тарихи тұрғыдан алғанда біршама маңызды кезеңдерді қамтитын болғанымен, өлеңдерде тақырыптық дейгейде де, құрылымдық, идеялық деңгейде де уақыттың ырқынан тыс бір қуат пен қандай да бір шек пен шекараға бағынбайтын өзіндік форма және ақпараттық кеңістік бар. Туған жер концептісінде авторлық сипат көбірек айқындалатын келесі бір өлеңде импрессионистік бояуларды аңғаруға болады:

О, Туған Жер,  
Сенсіз кіммін мен?  
Сорлап бір жүрген сұмдаймын.  
Сондықтан,  
ақыл айтқыш жұрттан гөрі, қуарған қурайыңды тыңдаймын.  
Шөңгенді ойлай қалсам да,  
бал тати кетеді  
көкірегім түбіне тұнған удай мұң [15].

Ақын «туған жер» ұғымын өзінің адамдық құндылығымен қабыстыра отырып асқақтатады. Жер ұғымы біздің халық үшін ерекше қастерлі ұғым екенін тарихта төгілген қаншама қан анық көрсетеді. Біз жер ұғымын қанмен, жанмен байланыстырамыз. Бұл өлең жолдарында да автор «туған жердің» өз жанымен терең байланысын сипаттаған.

Адастырмас үшін жол бұраң,  
Ақылым ішіне қыраныңның шаңқылы  
Мен  
арланыңның ырылын да алдырам.  
Ағыл-тегіл күй шерте бастасам Сен жәйлі,  
арқарыңа айнала кеткісі келеді қойішекті домбырам.  
Тау-тасың, өзен-тоғайың – көктекті Қамбарым.  
Жадыма қуат үстейді – жабайы бұлттарыңа арбалу.  
Күйініп жүрсем де, күрсінбеуге тырысам,  
күңірене жөнелмесі үшін күншілік жердегі балбалың.  
Байқаусызда, кесірткеңнің құйрығын басып өтсем де,  
таба алмай қалам кеудемдегі жаннан мән.  
Титімдей осырақ қоңызың үшін де – Ойсыл Қарадай тәубам бар.  
О, Туған Жер,  
Мен  
бір уыс топырағыңды құнарландыруға жарарлық  
нәжіс болудан да арланбан.  
Жусаныңның тынысынан жаратылған-ды – жүрегімдегі тақсыр-Ар.  
Аман-саулығыңды соңыра сүйегіме де тапсырам.  
О Туған Жер,  
Өзіңді аңсағандағы Ойларым –  
– масаларыңның ызыңынан да самала тоқи алатын бақсылар... [15]

Өлеңдегі қыран, арлан, күй, домбыра, балбал, Ойсыл Қара, Жусан, бақсы деген ұғымдар тұтас қазақ ұлтының әлемдік тарихи картинкасын жасайды. Себебі ақын тек қана ұлттық, тек қана қазақ өміріне тән ұғымдарды айшықтаған. Әлемдегі адам жасай алатын ең ғажап құбылыс – жануарлардың тілі мен бабын таба алу болса, оның тек қана қазаққа тәні – қыранды баулу. Ата-бабаларымыз қыран құсын ерекше қастерлеген. Ал арлан – біз үшін тектіліктің символы болған әрі ұлттың тотемдік көзқарастарымен байланыстырылатын, көптеген тарихи аңыздардың кейіпкеріне айналған жануар. Қыран да, арлан да қазақ халқы үшін табиғаттағы өзіне тән қасиеттеріне орай ерекше мәнге ие деп қастерленеді. Күй – тек музыкалық мәдениеттің үлкен бөлігі ғана емес, біз үшін өмірдің өзі болған. Себебі өмірдің

барлық саласын қамтып қана қоймай, ұлттың рухани бет-бейнесіне айналып кеткен. Домбыра – қазақ ұлты үшін үлкен ғасырлар қойнауынан жеткен құндылық. «...күңірене жөнелмесі үшін күншілік жердегі балбалың» деген жолдар сан ғасырлық тарихтың куәсі болған балбал тастардың тылсым да тірі образынан сыр шертеді.

Өлеңде ұлттық генетикалық кодты жаңғыртатын ұғымдар өте көп берілген. Ол да ақынның өз қолтаңбасын көрсетеді. Өлең жолдары ұлттық кодтарға тұнып тұр. «Ойсыл Қарадай тәубам бар» деуі қазақы тіршіліктегі әулиелікті символизмге айналдырып тұр. Ал жусан – туған жердің символы. Жусан – қазақ жерінің, қазақ ұлтының иісі. Жалпы өсімдік философиясы Жер асты әлемі мен Жер үсті әлемін, топырақ пен ауаның – жаратылыстың екі үлкен стихиясының байланысын білдірсе, жусан – қазақтың әлеміне ғана тән, тек қазақ топырағының символын білдіреді. Ал «Ар» сөзі – қазақы ұғымда жанға тән ең жоғары қасиет, адамның құдайлық бөлігі. Сол себепті қазақта «Жаным – Арымның садағасы» деп айтады. Өлеңдегі күрделі философиялық мағыналардың жасалуында кештальттық әдіс көрініс табады: «Жусаныңның тынысынан жаратылған-ды – жүрегімдегі тақсыр-Ар». Мұндағы жусан – жердің, ар – жанның символы, автор жер мен жанның байланысын жаратылыс табиғатының сұлу гармониясы арқылы суреттеген. «...масаларыңның ызыңынан да самала тоқи алатын бақсылар» – бұл жолдар да жаратылыстың қазақ әлеміне тән мистикалық сакральді бейнесін білдіреді әрі ол – тек ойдың ғана, автор ойының ғана метафоралық бейнесі. Ақын өлеңдері – гештальттық әдіс арқылы метафора жасаудың жетілген үлгісі. Әбдікәкімов – халықтың көне сакральді әлемін бейнелеудің хас шебері, сол үшін де ол кемел, абыз ақын.

Басқа түркі халықтарының ішінде өзбек тілімен салыстырғанда, туған жер ұғымының мағыналық аясы қазақ тілі үшін ерекше екенін анық аңғаруға болады. Өзбек тілінде «туған жер» ұғымы «отан» (өзбекше «vatan») сөзі негізінде концептуалданады. Қазақ тіліндегі отан сөзі мен өзбек тіліндегі отан сөзінің мағыналық, образды-перцептивті сипаттарында үлкен айырмашылық бар. Біздің тарихи-ассоциативті жадымызда отан сөзінен гөрі туған жер ұғымы басым мағынаға ие, отан сөзі біз үшін көбірек формалды сипатқа ие. Отан сөзі біздің тілімізде соғыз кезеңінде және одан кейінгі уақыттарда публицистикада көптеп қолданысқа ие болды. Ал тарихи жадымызда «туған жер» ұғымы сакральді мағынада көркем мәтіндер жаңғырып отырады.

Өзбек тіліндегі отан сөзі ұлттың өмір сүру салтына байланысты қастерлі ұғымға айналған. Ежелден отырықшы болып, қала мәдениетінде өмір сүрген халық үшін бір ғана кеңістік, бір ғана жер бар – ол Отан. Олардың тұтас кеңістігі – отаны:

Мен дүниені не етейін,  
Өзің жарық әлеміңсің  
Өзім қаған, өзім сұлтан  
Сен тағы (тақ) Сүлейменіңсің  
Бір ғана, жалғызым дейін,  
Табынған қорғаным дейін,  
Сен мен үшін ұлылардан да

Ұлысың, Отаным... [16]. Өзбек Халық ақыны Мухаммад Юсуфтың «Vatanim» атты өлеңінен алынған бұл жолдарда ақын отан ұғымын өз болмысымен астасып кеткен ұлылық ретінде сипаттайды.

Мухаммад Юсуф (1954–2001 жылдары өмір сүрген) – өзбек халық ақыны. Өлеңдері, очерктері мен публицистік мақалалары үздіксіз жарияланып отырған: «Таныс теректер» (1985), «Бұлбұлға бір сөзім бар» (1987), «Ұйқыдағы қыз» (1989), «Ғашық кемесі» (1990), «Ерке киік» (1995), т.б. жыр жинақтар басылым көріп, шығармашылығы халық жүрегінен орын алған даңқты ақын (кітаптарының атауларын қазақша бердік, шығармалары қазақшаға аударылмаған). Біз талдап отырған «Отаным» атты өлеңін өзбек халқының бейресми

әнұраны деп айтуға болады, себебі жасы мен кәрісі бірдей көзіне жас алып тыңдайтын бірден-бір даңқты, рухты туынды болды [18].

Өлеңді тұтастай алғанда автор танымындағы отан – оның бар жаны, отан деген – халқының мінезі мен тарихи болмысы және тарихы:

Сен Худжандсың, Шыңғыстарға  
Қақпасын ашпаған  
Темір Мәлік артынан  
Сырдарияға секірген  
Мұқаннасың қарашығы  
Алау-отқа шашыраған  
Шырақтарды көрген шопан

Сен шәлімсің, Отаным [16]. Қаламгер отан сөзіне тарихи фон негізінде қан жүгірте отырып, елмен, ұлтпен біртұтас күйдегі қастерлі, абсолютті, жоғары сезімдердің шыңын көрсететін тілдік картина жасай білген. Концептосфераны құрайтын *фигура* (отан) мен *фон* (тарихи оқиғалар) арқылы автордың эмоциясы, жоғары сезімдік жан халі объектіге (мұнда концепт болатын ұғым – «отан») бағыттала отырып өлең арқылы жарыққа шығады:

Ұлым десең мен көктерге  
«Ғырат» болып ұшармын  
«Шамбыл» жұртта Алпамысқа  
Нөкер болып түсермін  
Баскесерден қорғау үшін  
Ұлықбегің құшармын  
Қышыр-қышыр тісімдегі

«Солығымсың», Отаным... [16]. Өлеңде эмоциялық күйдің толқындары сана ағымы арқылы концептіден эйдосқа бағыттала отырып, ақынның арманы, қиялы, шаттық сезімі, ішкі саф ниеті, сезім қуатын – энтелехияны сырлы да сұлу сипатта сөзге айналдырады. Шығармада шағын формаға көп мағынаны сыйымды етіп бере білу, бүтін бір халықтың тағдыры мен талайын бір ғана тілдік бірліктің айналдыра білу, сайып келгенде жан сұлулығынан өлең жарату – шығармашыл тұлғаға тән шеберлікке ғана емес, шығармашылық процес үстіндегі сана ағымының қуатына да байланысты. Сана ағымы неғұрлым қуатты болған сайын, поэзия соғұрлым тірі, сезімге бай, ырғақты әрі магиялық сипатта тартымды болады. Өлеңде эмоциялық бояудың қанық болуы ондағы сана ағымының өзіне тән ритмде сезілуіне және сана ағымының нүктелерін айқындайтын сөздердің мағыналық аясы мен көркемдік қуатына байланысты. Біз қарастырып отырған өлеңде негізгі концептінің өзі поэзияның ритміне айналып кеткен:

«Өткен күнің – өткен күн-ді,  
Өз басыңа жеткен күн,  
Қадыридi берген уақыт  
Қадыридi сатқан күн  
Қолын байлап, ділін қаралап,  
Жетелеп кеткен күн,  
Уай, балам! деп айта алмаған

Мылқауымсың, Отаным» [16]. Әр шумақта «отан» сөзінің қайталанып отыруы жалпы өлеңнің өзі концептуалдану процесінің айқын көрінісі екенін аңғартады. Ал өлеңнің ішкі мәні отан ұғымына қатысты кең мағынадағы, түрліше оқиғалармен байланысты контрастті көңіл халін – көтеріңкі шаттық қана емес, терең өкініш, мұң-зарды да білдіреді. Ақын бұл жолдарда ХХ ғасырдағы қоғам қайраткері, халық жауы деген жаламен абақтыға қамалып, 1938 жылы атылған Абдулла Қадыридi жоқтаған. Абдулла Қадыри – алғашқы өзбек романын жазған, ХХ ғасыр басындағы өзбек қоғамына жасалған әділетсіздіктерді әшкерелеген,

халықты ағарту жолында үлкен істер атқарған интеллигент, Алаш қайраткерлерімен тағдырлас болған жазушы, ақын [18]. Мухаммад Юсуф – Қадыридін жоқтаушысы, рухани жолын жалғаған жаны саф ақын, дара тұлға. Расында біздер екі түрлі ұлт болсақ та, ақын өлеңдерінің демінен тағдырлас халық екенімізді сезіне аламыз. Себебі ұлтының тағдыры мен мұңын өзіне сіңіріп алғаны қаламынан төгілген жырларынан сезіліп тұрады. «Отаным» өлеңінде ел, жер, халық, ұлт тағдыры, ұлт тағдырын жасаған қайраткерлерлер, күллі тарихы бір ғана сөзді – «отан» ұғымын берген.

### Қорытынды

Жалппы концептуалдану тек тілге, көркем мәтіндерге ғана тән құбылыс емес. Біз концептуалданудың поэзияға қатысты тұстарын ғана зерттегенімізбен, концептуалдану одан әлдеқайда үлкен құбылыс, ол жаратылыстық деңгейдегі, кез келген құбылысқа тән кемелдену немесе жетілудің не жаңа сатыға көтерілудің жолын, әдісін білдіреді. Концепт – тілден жоғары, бірақ тек тіл арқылы ғана танылатын, тіл арқылы ғана көрініс табатын феноменалды жүйе. Тіпті тілге тән ішкі құбылыстар концепт арқылы құрылымдалады деуге толық негіз бар. Бұл концептінің тілдік-құрылымдық функциясымен байланысты. Ал концептінің идеялық функциясы концепт арқылы мәдени құбылыстар мен рухани ұғымдардың формалануымен байланысты. Мысалы, «туған жер» концептісін алатын болсақ, концепт туған жер ұғымына қатысты барлық тілдік бірліктер мен ұлттық, мәдени таным-түсініктердің ақпараттық қоймасы іспетті. Аталған ұғымға бойлаған кезде, бірден генетикалық жадымыздағы халқымыздың туған жерге байланысты сезімдері мен сакральді түсініктері жаңғырады. Туған жермен байланысты ұлтымыздың басынан өткерген қаншама тарихи оқиғаларына байланысты қалыптасқан қастерлі ұғымдары, сезімдері мен салт-жоралғыларын ашатын ақпараттық код қызметін атқарады. «Туған жер» концептісімен байланысты барлық ұғымдар «туған жер» концептосферасын құрайды, мысалы, отан, туған топырақ, ауыл, аймақ, өлке, жер, мекен, атамекен. Бұл ұғымдардың барлығы бір ғана концептосфераны құрағанымен, әрқайсысы өзіне тән символдық, бейнелік, эстетикалық мәні мен мағыналық аясы жағынан ерекшеленеді. Ал доминантты мағынаға ие ұғым – «туған жер», сол үшін де осы тілдік бірлік концепт болады. Туған жер – адам өмірге келген кеңістік. Біз «жер» ұғымын адамның жаратылысымен, қандай да бір рухани болмыспен байланыстырамыз: жер – ол топырақ, ал топырақ – адамның жаратылысына негіз болған төрт стихияның бірі. *Бір уыс топырақ, топырақ салу, кіндік қаны тамған жер, сүйек жатқан жер* деген ұғымдар халықтың менталды өмірінде, әлемді қабылдау философиясында кеңістікті жаратылыстық негіздермен байланыстыратыны аңғарылады. Сонда концепт болатын тілдік бірліктердің мағыналық аясы лексикалық сипатынан тыс, символдық, архетиптік сакральдік сипаттарының болуымен де айқындалады: «...концепт понимается как структурированный ментально-психический культурно-обусловленный конструкт, служащий посредником между ментальным миром человека и окружающей действительностью, который может быть вербализован и опредмечен в той или иной языковой форме» [19, 122].

*Бұл мақала ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: посттарихылық эстетика және әдеби байланыстар» гранттық ғылыми-зерттеу жобасы аясында жазылды.*

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Концептуализм. Уикипедия ашық энциклопедиясы: Дереккөздер. [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%83%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7%D0%BC> (қаралған күні: 15.03.2023)



2. Схоластика. Уикипедия ашық энциклопедиясы: Дереккөздер. [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D1%85%D0%BE%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0> (қаралған күні: 15.03.2023)
3. Теология. Уикипедия ашық энциклопедиясы: Дереккөздер. [Электронды ресурс]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B5%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F> (қаралған күні: 11.03.2023)
4. Дәстүрлілік және модернизм. Әлеуметтік желілер: Аудиоматериал форматындағы лекция. [Электронды ресурс]. URL: [https://zvyki.com/song/55613251/Gurenko\\_V.L.\\_-\\_Tradicionalizm\\_i\\_modernizm/](https://zvyki.com/song/55613251/Gurenko_V.L._-_Tradicionalizm_i_modernizm/) (қаралған күні: 17.02.2023)
5. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
6. Алисова Т.Б. Ономастологический подход при сопоставительном изучении лексико-семантических структур двух языков // Вестник Харьковского национального университета. Серия «Филологическая». – 2005. – № 3. – С. 15–81.
7. Колесов В.В. Жизнь происходит от слова ... – СПб.: Тоуст, 1999. – 81 с.
8. Калашник В.С. Образно-смысловое единство как средство и знак в поэтическом языковой картине мира // Вестник Харьковского национального университета. Серия «Филологическая». – 2001. – №519. – С. 3–9.
9. Кочерган М. Языкознание на современном этапе // Двоеслов. – 2003. – №5. – С. 252–258.
10. Жутаева А.К., Ержанова С.Б. Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар // Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №2(178). – Б. 102–107.
11. Гете И.В. Учение о цвете. – М.: АСТ, 2022. – 7 с.
12. Мандельштам О. Разговор о Данте, эссе. – М.: Искусство, 1967. – 41 с.
13. Гуманитарный портал. Неретина С.С., Абушенко В.Л., Кацук Н.Л. «Концепт». [Электронный ресурс]. URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6888> (дата обращения: 20.03.2023)
14. Жұмағұлов Ж. Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Бесінші маусым жұпары» кітабы жарық көрді. [Электронды ресурс]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/zhaaly/49275/> (қаралған күні: 20.03.2023)
15. Әбдікәкімұлы Т. Біздің қоғам. [Электронды ресурс]. URL: <https://adyrna.kz/post/41845> (қаралған күні: 12.03.2023)
16. Мұхамет Юсуф. Ватанім. [Электронды ресурс]. URL: <https://lyricstranslate.com> (қаралған күні: 19.03.2023)
17. Мұхамет Юсуф. Уикипедия ашық энциклопедиясы. [Электронды ресурс]. – URL: [https://uz.wikipedia.org/wiki/Muhammad\\_Yusuf](https://uz.wikipedia.org/wiki/Muhammad_Yusuf) (қаралған күні: 01.02.2023)
18. Абдулла Қадыри. Уикипедия ашық энциклопедиясы. [Электронды ресурс]. – URL: [https://uz.wikipedia.org/wiki/Abdulla\\_Qodiriy](https://uz.wikipedia.org/wiki/Abdulla_Qodiriy) (қаралған күні: 15.01.2023)
19. Песина С.А., Вторушина Ю.Л. Концепт как ментальный культурно значимый конструкт. – Вестник ВГУ. Серия: Философия. – 2016. – №2. – С. 120–128.

## REFERENCES

1. Konseptualizm. Uikipedia ashyq enciklopediasy. [Electronic resource]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%83%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7%D0%BC> (date of access: 15.03.2023) [in Kazakh]
2. Sholastika. Uikipedia ashyq enciklopediasy. [Electronic resource]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D1%85%D0%BE%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0> (date of access: 15.03.2023) [in Kazakh]
3. Teologia. Uikipedia ashyq enciklopediasy. [Electronic resource]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B5%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F> (date of access: 11.03.2023) [in Kazakh]
4. Dasturlilik jane modernizm. Aleumettik jeliler: Audiomaterial formatyndagy lekcia. [Electronic resource]. – URL: [https://zvyki.com/song/55613251/Gurenko\\_V.L.\\_-\\_Tradicionalizm\\_i\\_modernizm/](https://zvyki.com/song/55613251/Gurenko_V.L._-_Tradicionalizm_i_modernizm/) (date of access: 17.02.2023) [in Kazakh]

5. Jamanbaeva Q.A. Til qoldanysynyn kognitivtik negizderi: emocia, simvol, tildik sana. – Almaty: Gylym, 1998. – 140 b. [in Kazakh]
6. Alisova T.B. Onomastologicheski podhod pri sopostavitelnom izuchenii leksiko-semanticheskikh struktur dvuh iazykov // Vestnik Harkovskogo nasionalnogo universiteta. Seria «Filologicheskaja». – 2005. – № 3. – S. 15–81. [in Russian]
7. Kolesov V.V. Jizn proishodit ot slova ... – SPb.: Toust, 1999. – 81 s. [in Russian]
8. Kalaşnik V.S. Obrazno-smyslovoe edinstvo kak sredstvo i znak v poeticheskom iazykovoï kartine mira // Vestnik Harkovskogo nasionalnogo universiteta. Seria «Filologicheskaja». – 2001. – №519. – S. 3–9. [in Russian]
9. Kochergan M. Iazykoznanie na sovremennoï etape // Dvoeslov. – 2003. – №5. – 252–258. [in Russian]
10. Jutaeva A.K., Erjanova S.B. Qazirgı qazaq poeziasyndagy kognitivtik ugymdar. Al-Farabi atyndagy QazUU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2020. – №2(178). – B. 102–107. [in Kazakh]
11. Gete İ. V. Uchenie o svete. – M.: AST, 2022. – 7 s. [in Russian]
12. Mandelshtam O. Razgovor o Dante, esse. – M.: Iskusstvo, 1967. – 41 s. [in Russian]
13. Gumanitarnyi portal. S.S. Neretina, V.L. Abushenko, N.L. Kacuk. «Koncept». [Electronic resource]. – URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6888> (date of access: 20.03.2023) [in Russian]
14. Jumagulov J. Tynyshtyqbek Abdikakimulynyn «Besinshi mausym jupary» kitaby jaryq kordi. [Electronic resource]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/zhaaly/49275/> (date of access: 20.03.2023) [in Kazakh]
15. Abdikakimuly T. Bizdin qogam. [Electronic resource]. – URL: <https://adyrna.kz/post/41845> (date of access: 12.03.2023) [in Kazakh]
16. Muhamet Yusuf. Vatanim. [Electronic resource]. – URL: <https://lyricstranslate.com> (date of access: 19.03.2023) [in Uzbek]
17. Muhamet Yusuf. Uikipedia ashyq enciklopediasy. [Electronic resource]. – URL: [https://uz.wikipedia.org/wiki/Muhammad\\_Yusuf](https://uz.wikipedia.org/wiki/Muhammad_Yusuf) (date of access: 01.02.2023) [in Kazakh]
18. Abdulla Qadyri. Uikipedia ashyq enciklopediasy. [Electronic resource]. – URL: [https://uz.wikipedia.org/wiki/Abdulla\\_Qodiriy](https://uz.wikipedia.org/wiki/Abdulla_Qodiriy) (date of access: 15.01.2023) [in Kazakh]
19. Pesina S.A., Vtorushina Iu.L. Koncept kak mentalnyi kulturno znachimyi konstrukt // Vestnik VGU. Seria: Filosofia. – 2016. – №2. – S. 120–128. [in Russian]

## ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПӘНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

UDC 378; IRSTI 14.35.07

<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.16>J. TORYBAYEVA<sup>1</sup>  , M. TUSSEYEV<sup>2</sup> , A. ZHORABEKOVA<sup>3</sup> <sup>1</sup>Doctor of Pedagogical Sciences, ProfessorKhoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhamilya.toribaeva@ayu.edu.kz<sup>2</sup>PhD, Senior Lecturer of Central Asia Innovation University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: tuseev\_m@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, Associate Professor

M. Auezov South Kazakhstan University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: ainur-zhorabekova@mail.ru

**THE PROBLEM OF ORGANIZING VOLUNTEER ACTIVITIES TO PROVIDE A SAFE EDUCATIONAL ENVIRONMENT FROM THE PERSPECTIVE OF A HEALTHY LIFESTYLE OF STUDENT YOUTH**

**Abstract.** The well-being of citizens, encompassing their psychological health and adherence to a wholesome lifestyle (HLS), assumes a pivotal role in steering societal rejuvenation, modernization, and transformation. This is particularly vital for nurturing the younger generation and catalyzing the construction of New Kazakhstan, propelling its ascent to the ranks of the world's most developed nations.

The presented article emerges from the context of a scientific project with the core objective of delving into the mechanics of orchestrating volunteer initiatives and furnishing scientific and methodological support. The central focus resides in cultivating a psychologically secure educational milieu that champions healthy lifestyles for young individuals within the vocational education system.

The paramount relevance and societal gravitas of this issue have enabled the authors to delineate pathways to enhance the training of future teacher-psychologists. The spotlight of this enhancement is cast on the orchestration of volunteer activities that underpin a secure educational environment conducive to fostering healthy lifestyles among young learners. The efficacy of this ongoing endeavor emanates from its multi-pronged approach: a meticulous alignment of developed materials with regional nuances; a concentrated effort on cultivating practical proficiency in the application of health-preserving technologies; and a deliberate emphasis on fostering synergistic collaborations between educational institutions and community support structures.

The yield of this rigorous exploration, coupled with scientifically grounded recommendations, serves as a guiding compass for educational managers and instructors within higher and secondary

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Torybayeva J., Tusseyev M., Zhorabekova A. The Problem of Organizing Volunteer Activities to Provide a Safe Educational Environment from the Perspective of a Healthy Lifestyle of Student Youth // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 211–223. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.16>

**\*Cite us correctly:**

Torybayeva J., Tusseyev M., Zhorabekova A. The Problem of Organizing Volunteer Activities to Provide a Safe Educational Environment from the Perspective of a Healthy Lifestyle of Student Youth // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – Б. 211–223. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.16>

vocational education domains. These insights illuminate pathways for formulating educational programs, crafting elective courses at higher and postgraduate levels, shaping the preparation of bachelor's, master's, and doctoral candidates in the realm of psychological and pedagogical studies. Moreover, they also underpin the creation of advanced training modules tailored for educators in universities and colleges.

**Keywords:** volunteer, activity, safety, educational environment, student youth, healthy lifestyle, university.

**Ж. Горыбаева<sup>1</sup>, М. Түсеев<sup>2</sup>, А. Жорабекова<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

*(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhamilya.toribaeva@ayu.edu.kz*

*<sup>2</sup>PhD, Орталық Азия инновациялық университетінің аға оқытушысы*

*(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: tuseev\_m@mail.ru*

*<sup>3</sup>PhD, қауымдастырылған профессор*

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

*(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: ainur-zhorabekova@mail.ru*

### **Оқушы жастардың салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге волонтерлік іс-әрекетті ұйымдастыру мәселесі**

**Аңдатпа.** Еліміздің болашақ азаматтарының психологиялық саулығы және салауатты өмір салтының (СӨС) жағдайы біздің қоғамды жаңарту мен жаңғырту және трансформациялаудың айқындаушы шарты, сондай-ақ жаңа Қазақстанның құрылуының, әлемнің едәуір дамыған мемлекеттерінің қатарына енуінің кепілі болып табылады.

Ұсынылған мақала кәсіптік білім беру жүйесіндегі жастардың салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету шеңберінде волонтерлік іс-әрекетті ұйымдастыру және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу тетіктерін зерттеуге арналған ғылыми жоба аясында орындалған.

Мәселенің өзектілігі, жоғары әлеуметтік маңыздылығы авторларға оқушы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ететін волонтерлік қызметті ұйымдастыру тұрғысынан болашақ педагог-психологты дайындауды жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізіліп жатқан жұмыстың табыстылығы аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, әзірленген материалдардың бағдарлануымен байланысты денсаулықты сақтайтын технологияларды тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуға бағыттайды, білім беру мен қоғамдық қолдаудың әлеуметтік институттарының өзара іс-қимылын ұйымдастыруды көздейді.

Зерттеу нәтижелері, олардың негізінде тұжырымдалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары және орта кәсіптік білім берудің басшылары мен оқытушыларының қызметінде білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің элективті курстарын жобалауда пайдаланылуы мүмкін, психологиялық-педагогикалық бағыт бойынша бакалаврларды, магистранттарды және докторанттарды дайындауда, жоғары мектеп пен колледж тәжірибесінде, әлеуметтік тәрбие институттары қызметінде, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.

**Кілт сөздер:** волонтер, іс-әрекет, қауіпсіздік, білім беру ортасы, оқушы жастар, салауатты өмір салты, ЖОО.

**Ж. Торыбаева<sup>1</sup>, М. Тусеев<sup>2</sup>, А. Жорабекова<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>доктор педагогических наук, профессор*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhamilya.toribaeva@ayu.edu.kz*

*<sup>2</sup>PhD, старший преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: tuseev\_m@mail.ru*

*<sup>3</sup>PhD, ассоциированный профессор*

*Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: ainur-zhorabekova@mail.ru*

### **Проблема организации волонтерской деятельности по обеспечению безопасной образовательной среды в ракурсе здорового образа жизни учащейся молодежи**

**Аннотация.** Состояние психологического благополучия, здоровья и здорового образа жизни (ЗОЖ) всех граждан, и особенно подрастающего поколения является определяющим условием обновления и модернизации и трансформации нашего общества, гарантом построения Нового Казахстана, его вхождения в число наиболее развитых государств мира.

Представленная статья выполнена в рамках научного проекта, идея которого состоит в исследовании механизмов организации волонтерской деятельности и научно-методического сопровождения в рамках обеспечения психологически безопасной образовательной среды в ракурсе ЗОЖ молодежи в системе профессионального образования.

Актуальность, высокая социальная значимость проблемы позволили авторам выявить пути совершенствования подготовки будущего педагога-психолога в ракурсе организации волонтерской деятельности по обеспечению безопасной образовательной среды в ракурсе здорового образа жизни учащейся молодежи. Успешность проводимой работы обусловлена ориентированностью разработанных материалов с учетом региональных особенностей; направленностью на развитие навыков практического использования здоровьесберегающих технологий; ориентированностью на организацию взаимодействия социальных институтов воспитания и общественную поддержку.

Результаты исследования, сформулированные на их основе научно-методические рекомендации могут быть использованы в работе руководящих и педагогических работников высшего и среднего профессионального образования при разработке образовательных программ, в проектировании элективных курсов вузовского и послевузовского образования, при подготовке бакалавров, магистрантов и докторантов психолого-педагогического направления, а также при разработке курсов повышения квалификации педагогов вузов и колледжей.

**Ключевые слова:** волонтер, деятельность, безопасность, образовательная среда, учащаяся молодежь, здоровый образ жизни, вуз.

### **Introduction**

The current landscape, marked by factors like the prevailing environmental conditions, the far-reaching implications of the COVID-19 pandemic, and the widespread integration of digital technologies within education, underscores the pressing need to develop robust theoretical and methodological frameworks. These frameworks are aimed at establishing a secure educational environment and introducing the youth to a healthy way of living, utilizing the potential of volunteer resources to tackle this urgent concern.

Prioritizing a secure educational setting, which is intrinsically linked to the well-being and wholesome lifestyle of young individuals, stands as a paramount and pivotal tenet of the state policy of the Republic of Kazakhstan. The overall trajectory of the nation's social advancement and

intellectual capital development, both critical to ensuring prosperity, are inextricably tied to the resolution of this immediate and critical challenge [1].

Addressing these objectives aligns with the objectives set forth in the State Program for the Development of Healthcare of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. This program is designed to reinforce the health of children and young people while fostering a dedication to a health-conscious lifestyle [2]. Recognizing the pressing societal demand for safeguarding the well-being of young scholars, our study is committed to identifying effective ways to address this pressing concern through the lens of professional training for prospective educators.

Undoubtedly, the university years constitute a pivotal phase in an individual's formation, characterized by significant events and autonomous decisions that profoundly influence both personal life and professional trajectory.

It's noteworthy that scholarly literature conceives the educational environment as a pedagogically structured arena that caters to the multifaceted needs of individuals, converting these needs into life values. This dynamic fosters an active stance in students toward the educational process, nurturing personal growth, professional development, and self-actualization [3].

Within the landscape of higher education, the educational environment assumes distinctive characteristics. Contemporary university education is marked by the expansive nature and intensity of the learning process, coupled with innovative methodologies that exert substantial intellectual, informational, and psycho-emotional demands on students, particularly during examinations [4]. University life also presents challenges in terms of interpersonal relationships, given that this phase involves a proactive immersion into the social milieu, often accompanied by efforts to garner recognition and influence within peer groups. These endeavors can sometimes lead to risky behaviors [4–6].

This context underscores the utmost significance of preserving health and promoting healthy lifestyles among young students. At this juncture, the prevailing perception of boundless personal resources among young individuals often results in inadequate self-care. Consequently, various bodily functions and health indicators can be compromised due to fatigue, emotional stress, and heightened personal anxiety. This, in turn, contributes to the emergence of chronic conditions, disruptions in mental development, and heightened stress among students.

The detrimental impact of smoking, including vaping and tobacco consumption, as well as alcohol and substance abuse, significantly affects the health of modern students. These issues raise concerns about the gene pool and the nation's future [7; 8].

Hence, a pivotal avenue to address this issue involves a paradigm shift: transitioning from a narrow emphasis solely on promoting healthy lifestyles and individual health preservation to adopting contemporary methodologies to engage with student youth. This includes the organization of volunteer initiatives, which facilitates the cultivation of life values and the acquisition of competencies necessary to evaluate one's health, and to consciously opt for a secure and health-conscious lifestyle [9].

Volunteering, derived from the Latin term “voluntaries”, signifying acting willingly, represents a pursuit undertaken altruistically for the betterment of others, without monetary expectations. Observations of real-world instances underscore that volunteering presents a tangible means to provide crucial aid and social support across diverse age and social strata.

This article is a product of an overarching scientific project, with the primary aim of investigating the mechanisms underpinning volunteer endeavors, alongside scientific and methodological underpinnings. This exploration operates within the framework of establishing a psychologically secure educational milieu, one that aligns with healthy lifestyles for young individuals within the vocational education system.

### Research methods

The research endeavors to attain its objectives through a range of methodological approaches, encompassing:

- Empirical Methods: Employing techniques such as observation, conversations, questioning, modeling, interviewing, and the synthesis of independent attributes. This includes the study and abstraction of exemplary practices of university educators, both domestically and internationally, along with an examination of institutional documents addressing the challenges of fostering a secure educational environment and inculcating a healthy lifestyle.

- Diagnostic Methods: These methods will be employed to scrutinize the process of coordinating student volunteer activities within the context of ensuring the safety of the educational milieu and promoting a health-conscious lifestyle among young individuals. This entails the orchestration and execution of a pedagogical experiment.

- Examination of Scholarly and Methodological Sources: This approach involves reviewing scientific and methodological reports, presentations, publications, and educational documentation provided by university instructors, mentors, and advisors. It also involves scrutinizing the modalities and strategies adopted by youth activists, alongside interactions with public entities like health-promotion centers, sports establishments, and medical institutions.

- Statistical Methods: Mathematical and statistical techniques will be harnessed for processing and analyzing the outcomes of the research.

Primary information collection methods comprise:

- Literature Analysis: In-depth exploration and analysis of pertinent scholarly works, including contributions from renowned researchers such as I.A. Baeva, I.V. Dubrovina, O.V. Khukhlaeva, P. Mullen, A. Reid, B. Jensen, J. Nikel, V. Simovska, among others.

- Official and Regulatory Documents Examination: Scrutinizing official declarations, regulations, and programs, including the 2022 Address of the Head of State K.K. Tokayev to the people of Kazakhstan titled “A Just State. United Nation. Prosperous Society”, the 2020–2025 State Program for Healthcare Development, the 2020-2025 Program for Education and Science Development in the Republic of Kazakhstan, the Presidential Decree No. 27 of June 19, 2019, on implementing the electoral program “Prosperity for All! Continuity. Justice. Progress”, and other relevant documents.

### Discussion and results

In the realm of today's understanding, the concept of a “healthy lifestyle” revolves around managing one's well-being through appropriate individual behaviors. It is imperative that this domain falls within the scope of professional interest and competency of university educators, involving contemporary methodologies for engaging with young students.

The educational environment is an integral facet of an individual's living context, and within this, psychological safety stands as a critical dimension. This assumes particular significance in the interactions between young scholars and university instructors, as affirmed by research findings from scholars like I.A. Baeva, O.A. Semizdralova, and T.S. Kabachenko.

It's noteworthy to recognize that for young students, the educational environment serves as a significant microenvironment, where attributes like psychological well-being and personal security hold paramount importance. In recent times, tensions and conflicts among stakeholders in the educational realm have escalated. Unfavorable global and regional economic and social conditions have contributed to heightened irritability and increased aggression in both physical and virtual spaces. This poses a threat to the psychological well-being, security, and comfort of students [10].

Функцияның туындысы процестің біркелкі емес ағыны болатын барлық жерде қолданылады: бұл біркелкі емес механикалық қозғалыс, айнымалы ток, химиялық реакциялар және заттардың радиоактивті ыдырауы және т.б.

Туындыны қолданып шешілетін көптеген есептердің ішінде ең маңыздысы функцияның экстремумын табу мәселесі және оған сәйкес функциялардың ең үлкен (ең кіші) мәнін табуға байланысты есеп болып табылады.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына енгізілетін математикалық талдаудың негізгі элементі «туынды» ұғымы болып табылады. Бұл ұғымды әзірлеуде шектік, антитуынды, интегралдық және дифференциал ұғымдары берілген. Бұл бөлімде біз бұл тақырыпты оқулықтарда көрсетудің әртүрлі жолдарын қарастырамыз.

Базалық деңгей күрделі деңгейден формулалардың дәлелдемелері мен туындыларының жоқтығымен ерекшеленеді, негізінде барлық формулалар дайын түрде беріледі.

«Туындыны тауып есептеудің негізгі идеясы – нүктенің жеткілікті шегі төңірегінде функцияны сызықтық түрде көрсету» [9, 76-б.]. Осы идеяға сүйене отырып, біз «Функцияның туындысы» тақырыбын зерттеу үшін пропедевтиканың бірқатар бағыттарын бөліп аламыз:

1) «сызықтық функцияны терең зерттеу», түзу сызық пен  $Ox$  осінің оң бағыты арасындағы бұрыш қалай табылатынын қайталау керек;

2) аргумент өсімі және функция өсімі ұғымы бойынша жұмыс, осы ұғымдардың геометриялық және механикалық түсіндірілуін және олардың өзара байланысын зерттеу; функцияның өсімшелерінің аргумент өсіміне қатынасы соңғысының функциясы екендігі туралы түсінік беру керек;

3) қисыққа жүргізілген жанама, шеңберге жүргізілген жанаманың не екенін есте сақтау керек, дөңес функциялар мен оларға жүргізілген жанамаларға мысалдар келтіру керек. Мысалы, квадраттық функция  $y = x^2$ , оған жанама ордината емес, абсцисса осі, дегенмен екеуінің де параболамен бір ғана қиылысу нүктесі бар [9].

Туынды ұғымының мағынасын түсіну, оның негізгі және тереңдетілген деңгейде математиканы меңгерудегі барлық оқушыларға қажеттілігін түсіндіру үшін білім алушыларға «Туындының қолданылуы» тарауы бойынша ғылыми-ақпараттық мәлімет беру ұсынылады.

Алгебра және математикалық анализдің принциптері бойынша мектеп оқулықтарындағы «Туындының қолданылуы» тақырыбы бойынша материалдың берілуіне сипаттама берейік.

1. Орташа мән теоремалары (Ролле және Лагранж) қарастырылады (математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптарда).

2. Функцияларды монотондылыққа зерттеу (функцияның монотондылығының табиғаты мен оның туындысының таңбасы арасындағы байланыс). Функцияның максимум (минимум) нүктесінің анықтамасы берілген. Функцияны монотондылыққа зерттеу, экстремумдарын табу алгоритмдері берілген [10].

3. Көлденең, қиғаш және тік асимптоталар ұғымдары және оларды табу әдістері енгізіледі.

4. Ойыс (дөңес) функция мен иілу нүктесінің анықтамасы берілген (функцияның дөңестігі мен оның екінші туындысының таңбасының арасындағы байланыс). Біз дөңес (ойыс) функциясын, иілу нүктесін табу алгоритмін (математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптарда) зерттейміз.

5. Функцияны толық зерттеу және оның графигін тұрғызу алгоритмі енгізілген.

6. Үздіксіз функцияның интервалдағы ең кіші және ең үлкен мәндерін табу мәселесі және оларды табу алгоритмі қарастырылады [11]. Шамалардың ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға есептер шығарылады.

Оқулықтағы туынды ұғымы бірте-бірте зерттеледі: алдымен көрнекі-интуитивтік деңгейде, одан кейін жұмыстық (сипаттау) деңгейде, содан кейін ғана формалды деңгейге өтеді. Туындының анықтамасының негізінде жатқан шек ұғымы оқулықта формальды



деңгейде берілмейді. Сандық реттілік шегінің анықтамасы алдымен көрнекі-интуитивтік деңгейде, содан кейін жұмыс деңгейінде енгізіледі. Функция шегінің шексіздіктегі де, нүктедегі де анықтамалары көрнекі-интуитивтік деңгейде қалады.

Оқулықтағы аргументтердің көпшілігі формальды қатаңдықты көрсетпейді, олар тек ақылға қонымды дәлелдер болып табылады, мысалы, функцияның үздіксіздік және дифференциалдығы сияқты қасиеттерінің қандай байланысы бар деген сұрақты талқылау.

Математика бойынша орта (толық) жалпы білім берудің білім беру стандарты (базалық деңгей) орта мектепте математиканы оқыту басқалармен қатар «жалпыға бірдей математиканың идеялары мен әдістері туралы түсініктерді қалыптастыру» сияқты мақсаттарға жетуге бағытталғанын қарастырады. Ғылым мен техника тілі, процестер мен құбылыстарды модельдеу құралы, математика арқылы жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, көрнекті отандық және шетелдік математиктердің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, математиканың қоғамдық прогресс үшін маңызын түсіну, әрине, оқушыларды математикалық анализ элементтермен таныстырмай жүзеге асыру мүмкін емес.

Сондықтан сол Білім беру стандартында көзделген негізгі білім беру бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумы математикалық анализдің бастауларына тікелей қатысты бірқатар тақырыптарды ұсынады, соның ішінде: функцияның шегі мен үздіксіздігі туралы түсінік, функцияның туындысы туралы түсінік, функцияның туындысының физикалық мағынасы осы функцияның өзгеру жылдамдығы, туындының тангенс бұрыштық коэффициенті ретіндегі геометриялық мағынасы туралы, туындылар кестесімен және ережелерімен танысу туындыларды табу, туындыны пайдаланып функцияны зерттеу және графиктерін салу, қисық сызықты трапецияның ауданы ретінде анықталған интеграл туралы түсінік.

Орта мектепте математиканы базалық деңгейде оқу нәтижесінде бітіруші басқа нәрселермен қатар: туындылар кестесін (көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық, дәрежелік функциялар) пайдалана отырып, элементар функциялардың туындыларын есептей алады деп болжанады: Туындыларды табу ережелері (көбейтіндінің туындысы, бөлшектердің туындысы); функцияларды монотондылық пен экстремалдылыққа тексеру, функциялардың ең үлкен және ең кіші мәндерін табады. Осы алған білімдерін ең үлкен және ең кіші мәндерге геометриялық, физикалық және басқа қолданбалы есептерді шығаруда, функция графиктерін салу кезінде қолданады.

Мектепте математикалық анализ элементтерін оқыту тұрғысынан – математика пәнін таңдамайтын оқушыларға математикалық анализ элементтерін оқыту қажет пе және ол мектеп бағдарламасының элементі ретінде мүмкін бе деген мәселе оң шешімін тапты.

Жоғарыда айтылғандардан туындайтын негізгі мәселе – математика пәнін таңдамайтын оқушыларға қолжетімді болатын теориялық ақпарат пен практикалық тапсырмалардың деңгейін таңдау, математикалық анализ негіздерін оқыту әдістемесі.

Осылайша қойылған мәселеден екі негізгі міндет шығады: тыңдаушылардың таңдауына сәйкес практикалық тапсырмаларды таңдау және практикалық тапсырмалар деңгейіне сәйкес дайындық деңгейін таңдау.

Бұл жұмыста біз «Туынды, оның геометриялық және физикалық мағынасы» тақырыптарымен шектелуді жөн көрдік, өйткені олар математиканы тереңдетіп оқытпайтын сыныптардағы оқушыларға ең қолжетімді. Төтенше жеңілдетуге мүмкіндік бере отырып, олар өздерінің даму маңыздылығын сақтайды.

Математикалық материалды жалпылай алмау жалпылау қабілетінің жоқтығы емес, тек математикалық шамалар, қатынастар мен таңбалар саласында жалпылау қабілетінің жоқтығы екені анықталды. Мәселе жалпы алғанда абстрактілі ойлаудың әлсіздігінде емес, оның математикалық категориялар мен қатынастар саласындағы әлсіздігінде.

Математикалық материалды жалпылай алмау басқа мнемоникалық жазықтықта математикаға қабілеті аз оқушылардың психикалық әрекетін, математикалық жалпылауды есте сақтаудың әлсіздігін сипаттайтын тағы бір психологиялық ерекшелікпен тығыз байланысты. Бұл математикаға қабілетсіз оқушылардың есте сақтау қабілетінің нашарлығы туралы емес, оның жеткіліксіздігі математикалық материалмен амалдарды орындауда және математикалық қатынастар мен символдарда кездеседі.

Математикаға қабілетсіз оқушылардың ақыл-ой әрекетінің тағы бір ерекшелігі – бір ақыл-ой операциясынан екіншісіне ауысудың айқын қиындығы, олардың математикалық ойлауындағы өзіндік шектеу.

Басқаша айтқанда, математикаға қабілеті төмен оқушыларға тән, жаңа шешу жолдары немесе жаңа ойлау тәсілдері қалыптастырған математикалық жалпылаулар, белгілі бір ойлау тәсілі жалпылауды қалыптастыруға тежеуші әсер етеді.

Осылайша, психологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, математикамен айналысуға қабілетсіздікті жеңудің жолдарын табу мүмкін және қажет.

Математикалық талдау элементтерін оқытудың дәстүрлі әдісі жалпылама білімді меңгеру үшін сөз бен бейненің дұрыс әрекеттесуі қажет деп болжайды, бұл жеткілікті кең сипаттауды, яғни бұл көрнекі тіректің вариациясын талап етеді [10]. Басқаша айтқанда, математикадан қабілетсіз оқушылар үшін бейнелі және логикалық элементтерді біріктіретін біртұтас әдістеме қажет.

Сонымен, А.Г. Мордкович орта мектепте математикалық талдауды зерттеуге арналған әдістемелік нұсқаулығында бейнелі және логикалық элементтерді әр түрлі қатынаста кеңінен қолданады:

«Мысалы, туындыны пайдаланып функцияны зерттеуді қарастырайық. Бұл тақырып математика мұғалімі мен мектеп оқулықтарының авторларының әдістемелік мәдениетін сынай алады. Өйткені, біз мектеп математика курсына математикалық анализ элементтерін енгізуге не себеп болғанын білу қажеттігі, теоремалар туралы айтып отырмыз. Сонымен бірге бұл теоремалардың қатаң дәлелдемелерінде мектеп математика курсына қарастырылмаған математикалық анализдің көптеген фактілерін білу қажет. Мұғалім қандай жолды таңдауы керек: теоремаларды дәлелдеусіз және түсініктемесіз баяндау? Визуалды-интуитивтік бейнелеулермен және орынды пайымдаулармен шектелген бе? Әлі де қатаң дәлелдер беруге тырысасыз ба?» [9, 46-б.].

Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарда әртүрлі нұсқалар бар. Мысалы: дәлелдеусіз, бірақ графикалық иллюстрацияларға сүйене отырып, Лагранж теоремасы тұжырымдалады, содан кейін оның көмегімен туынды таңбасының функцияның интервалдағы монотондылығының әсері туралы теорема қатаң түрде дәлелденеді. Бұл логикаға келмейтіндіктен ең жақсы нұсқа емес, өйткені туындының белгісі мен функцияның монотондылығының арасындағы қатынасты бірден суреттеуге болады. Сонымен қатар, бұл теореманың университеттік математикалық анализдегі графикалық иллюстрациясы күрделі.

Математикалық анализ элементтеріне қатысты материалды ұсынудың қатаңдық деңгейін таңдау тұжырымдамасы бірнеше ережелердің үйлесімі арқылы анықталуы керек:

1. Егер пәнде қолданылған кейбір бекітулер, негізінен, мектеп курсына дәлелденбесе, онда ол дәлелсіз қабылданады.

2. Егер мектеп курсына белгілі бір тұжырым принцип бойынша дәлелденетін болса, бірақ бұл дәлелдеу жасанды, техникалық күрделі және маңызды дамытушылық мәні болмаса, онда ол берілмейді.

3. Мектеп курсына мәлімдеме принципті түрде дәлелденетін болса және бұл дәлелдеудің дамытушылық мәні болса, онда ол теореманы дәлелдеуден бұрын емес, кейін беріледі.

Математикалық анализ элементтеріне берілген стандартты емес есептерді шешу жолдарын білім алушылармен бірге қарастыру үшін «Қолданбалы есептерді шешуде туындыны қолдану» тақырыбында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында оқушылар туындыны пайдаланып қолданбалы есептерді шығаруды, функцияның сегменттегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу, дененің бір уақыттағы лездік жылдамдығы, дененің үдеуі, графикке жанама теңдеуін есептеуді, жазуды үйренді. Эксперимент есептерді шешу практикумы әдісімен жүзеге асырылды. Эксперимент барысында, білім алушылармен әңгімелесу орын алды, презентация жасалды, тәжірибелік есептердің шешу жолдары қарастылырды.

Эксперимент соңында білім алушылар:

– білуі керек: туындының анықтамасын, туындының физикалық және геометриялық мағынасын, туындыны табу ережесін;

– істей алуы керек: туындыны табу, туындыны пайдаланып стандартты емес және олимпиадалық есептерді шығару .

Эксперименттік жұмыс барысында біз: 11-сыныптың олимпиадалық резервтегі оқушыларымен және математика пәні мұғалімдерімен әңгіме жүргіздік. Мұғалімдердің алгебра және анализ бастамалары, геометрия пәні бойынша жүргізіп жатқан сабақтарына қатыстық. Математикалық анализ элементтеріне берілген стандартты емес есептерден құралған бақылау жұмыстарын алдық.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың стандартты емес есептерді шешу дағдыларын жеткіліксіз меңгергендігі, мектептегі алгебра және анализ бастамалары курсы бойынша білім деңгейінің төмендігі анықталды.

10–11-сыныптарда бақылау жұмыстарын алғаннан кейін математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу бойынша білім деңгейі төмендегідей болды (1-кесте):

**1-кесте – Математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу бойынша білім деңгейі**

Деңгейлері	10–11-сынып оқушыларының білім көрсеткіштері
Төмен	55%
Орта	37%
Жоғары	8%

1-кестедегі мәліметтерге қарағанда, математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу бойынша оқушылардың 55%-ының білім деңгейі төмен, 37%-ының білім деңгейі орташа, тек 8%-ы мектеп материалын жеткілікті деңгейде меңгергенін көруге болады.

Алынған бақылау жұмысының нәтижелері негізінде математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу жолдары көрсетілген материал бойынша қалыптастырушы эксперимент ұйымдастырылды. Экспериментке екі түрлі мектептен оқушылар қатыстырылды. Себебі бір мектептен білім сапасы шамалас 2 сынып табу қиынға соқты. Сонымен, экспериментке Түркістан қаласындағы «Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ-мектеп-лицейі» КММ 11-сыныбының олимпиадалық резерві (бақылау тобы ретінде, оқушы саны – 11) мен «С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ 11-сыныбының олимпиадалық резерві (эксперименттік топ ретінде, оқушы саны – 9) оқушыларына жасалды.

Математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу жолдары сабақтары арнайы әзірленген әдістеме бойынша өткізілді. Ең алдымен анализ бастамаларын оқыту барысында оқушылардың алған білім деңгейін «теңестіру» қажет болды. Алгебра және анализ бастамаларын қайталау курсы әзірленді. Сондай-ақ, сабақтардың міндеттеріне білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру, олардың алда болатын олимпиадалық байқауларға дайындығына бағыттау кірді. Математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу жолдарын үйрету үдерісінде оқу үрдісін саралау әдістері қолданылды. Шынында да, микротоптарда жұмыс істей отырып, «әлсіздерге» кеңесші міндеттерін орындай отырып, білім алушылар танымдық әрекетті ұйымдастыра білу, тапсырмалардың күрделілік деңгейін дұрыс анықтауды және шешу үшін қажетті әдістерді таңдауды үйрену қажет екеніне сенімді болды. Сондықтан білім алушылардың өзіндік жұмысына теориялық сипаттағы да, практикалық мазмұндағы да қосымша тапсырмалар жүйелі түрде ұсынылды.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде эксперименттік топ студенттері бақылау тобымен салыстырғанда біз белгілеген оқу үлгерімінің сапасын жақсартты (2-кесте).

**2-кесте – Бақылау бөлімдерінің нәтижелері бойынша оқушылардың білім сапасының өзгеру динамикасы**

Топтар	Бағалар				Білім сапасы
	10–8 балл арасы	7–6 балл арасы	5–3 балл арасы	2–1 балл арасы	
1-бақылау жұмысы					
ЭТ	1	2	4	2	33%
БТ	1	3	5	2	36%
2-бақылау жұмысы					
ЭТ	1	3	4	1	44%
БТ	0	4	5	2	36%
3-бақылау жұмысы					
ЭТ	2	3	3	1	55%
БТ	1	4	4	2	45%

Кестеде келтірілген мәліметтерге қарағанда, эксперименттік топта оқу үлгерімінің сапасы айтарлықтай артқанын, ал бақылау тобында – өзгеріссіз келіп, соңынан сәл көтерілгенін байқауға болады.

Бақылау нәтижелерінде эксперименттік топтағы оқу үлгерімінің сапасының 33%-дан 55%-ға дейін айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.


Эксперименттік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелері әзірленген әдістеменің тиімді екенін және математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу жолдарын үйрету үдерісінде білімді неғұрлым толық меңгеруге ықпал ететінін көрсетті. Эксперимент нәтижесінде зерттеуге қатысқан 10-сынып оқушыларының «Туынды», «Туындының қолданылуы» тақарыптары бойынша білім сапасы 22% дейін артқаны байқалды. Сабақта математика пәні мұғалімдері алгебра және анализ бастамалары бойынша оқу материалын ұсынудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, дарынды оқушылардың потенциалын айтарлықтай өсіре алады.

Төменде эксперимент барысында қарастырылған мысалдар көрсетілді.

Мысал 1:  $(y - x^2 - 3x + 10)(y + x^2 + 3x - 10) = 0$

теңдеуі арқылы берілген қисық  $x \in [-5; 2]$  үшін  $A(5, 25; -5, 75)$  нүктесінен анықталатын бұрыштың тангенсін табыңыз [12].

Шешуі: 1-суретте шеңбердің берілген нүктеден көрінетін бұрышы көрсетілген.




1-сурет – Шеңбердің берілген нүктеден көрінетін бұрышы

Координаталық жазықтықта теңдеудің графигін салайық.  $x \in [-5; 2]$  болғанда мына жүйені алуға болады:

$$\begin{cases} y = x^2 + 3x - 10 \\ y = -x^2 - 3x + 10 \end{cases}$$

Екі теңдеудің графигері  $x$  осін  $(-5; 0)$  және  $(2; 0)$  нүктелерінде қиып өтетін параболалар болып табылады. Сонымен, графикке  $A$  нүктесінен екі жанама сызып, ішкі аймақта график орналасқан осы жанамалардың арасындағы бұрыштың тангенсін табу керек.



2-сурет – Теңдеулердің графигері мен оларға жүргізілген жанама

2-суретте  $B_1$  нүктесінде  $y_{k1}$  түзуі  $y_1$ -ге жанама, ал  $y_{k2}$  түзуі  $B_2$  нүктесінде  $y_2$  – ге жанама болсын. Сонда абсцисса осіне параллель  $A$  нүктесі арқылы түзу жүргізілсе, онда  $\alpha_1$  –

$y_{k1}$  жанаманың көлбеу бұрышы, ал  $\alpha_2 - y_{k2}$  жанамасының абсцисса осінің оң бағытына көлбеу бұрышы. Сонда график орналасқан ішкі ауданындағы жанамалардың арасындағы бұрыш  $\alpha_1 + (180^\circ - \alpha_2)$ -ге тең болады.

Жанамалардың теңдеулерін табайық.

1)  $y_{k1} : y_1 = 2x + 3,$

сәйкесінше, егер  $x_1$  байланыс нүктесі болса, онда

$$y_{k1} = x_1^2 + 3x_1 - 10 + (2x_1 + 3)(x - x_1)$$

Тангенс  $A(5,25;-5,75)$  нүктесі арқылы өтетіндіктен мына теңдеуді аламыз:

$$-5,75 = x_1^2 + 3x_1 - 10 + (2x_1 + 3)(5,25 - x_1) \Rightarrow 2x_1^2 + 21x_1 - 23 = 0 \Rightarrow \begin{cases} x_1 = -1 \\ x_1 = 11,5 \end{cases}$$

$y_1$  графигі тек  $x \in [-5;2]$  үшін анықталғандықтан, онда  $x_1 = -1$  қолайлы. Демек, жанаманың теңдеу келесі түрде шықты:

$$y_{k1} = x - 11$$

2)  $y_{k2}$  теңдеуін де осы жолмен тауып аламыз:

$$y_{k2} = -3x + 10$$

Демек, бұл дегеніміз

$$\operatorname{tg} \alpha_1 = 1$$

$$\operatorname{tg} \alpha_2 = -3 \Rightarrow \operatorname{tg}(180^\circ - \alpha_2) = 3$$

Сәйкесінше,


$$\operatorname{tg}(\alpha_1 + (180^\circ - \alpha_2)) = \frac{\operatorname{tg} \alpha_1 + \operatorname{tg}(180^\circ - \alpha_2)}{1 - \operatorname{tg} \alpha_1 \cdot \operatorname{tg}(180^\circ - \alpha_2)} = \frac{1 + 3}{1 - 1 \cdot 3} = -2$$

Мысал 2:

Шаңғы базасы жолдың ең жақын нүктесінен 9 км қашықтықта орналасқан. Мақсат базадан аталған нүктеден 15 шақырым жерде орналасқан қалаға жетуі керек. Мақсаттың қар басқан жолда жылдамдығы 8 км/сағ, ал тегіс жолда 10 км/сағ. Қалаға баратын жолды түзу деп есептесек, қалаға қысқа мерзімде жету үшін жолдың қай нүктесіне баруы керек [12]?

Шешуі:

Есеп шарты бойынша сызба сызайық:



3-сурет – Мақсат жүріп өткен жолдың сызбасы

Белгілермен таныстырайық: В – шаңғы базасы, С – қала, L– жол,  $V_1$  - қар басқан жолдағы жылдамдық,  $V_2$  – тегіс жолдағы жылдамдық.

Тұрақтылар мен айнымалыларды белгілейік: тұрақтылар –  $BA, AC, V_1, V_2$ ; айнымалылар -  $AD, DC, BD$ .

$x$  -  $AD$  болсын, мұндағы  $0 \leq x \leq 15$ . Пифагор теоремасын пайдаланып,  $BD$  таба аламыз.

$$S_1 = BD = \sqrt{AB^2 + AD^2} = \sqrt{81 + x^2}$$

Олай болса

$$S_2 = DC = 15 - x$$

Физика курсынан қашықтықты табу формуласын еске түсіре отырып  $S = V \cdot t$

уақытты  $t = \frac{S}{v}$  түрінде өрнектеп алайық. Сонымен Мақсат  $S_1$  жолын  $t_1 = \frac{\sqrt{81+x^2}}{8}$  уақытта, ал  $S_2$  жолын  $t_2 = \frac{15-x}{8}$  уақытта жүріп өтеді.

Демек,  $S_1$  және  $S_2$  жолдарына жұмсалған уақыт:

$$t(x) = \frac{\sqrt{81+x^2}}{8} + \frac{15-x}{10}$$

Есепте қалаға қысқа мерзімде жету үшін жол нүктесін табу қажет болғандықтан, есептің жауабын көрсету мақсатында функцияның  $[0, 15]$  кесіндісіндегі ең кіші мәнін табу керек.

$$\begin{aligned} t'(x) &= \frac{(\sqrt{81+x^2})' \cdot 8 - 8' \cdot \sqrt{81+x^2}}{8^2} \cdot (81+x^2) + \frac{(15-x)' \cdot 10 - 10' \cdot (15-x)}{10^2} = \\ &= \frac{8 \cdot 2x}{64 \cdot 2\sqrt{81+x^2}} + \frac{-10}{100} = \frac{x}{8\sqrt{81+x^2}} - \frac{1}{10} \\ t'(x) = 0 &: \frac{x}{8\sqrt{81+x^2}} - \frac{1}{10} = 0 \end{aligned}$$

Келесі кезекте кризистік нүктелерді табу керек:

$$5x - 4\sqrt{81+x^2} = 0$$

$$5x = 4\sqrt{81+x^2}$$

$$25x^2 = 16(81+x^2)$$

$$9x^2 = 1296$$

$$x^2 = 144$$

Теңдеудің шешімі:  $x_1 = 12$ ,  $x_2 = -12$ .

$x_2 = -12$  шешімі есеп шартын қанағатандырмайды, өйткені берілген кесіндіге тиісті емес.

Енді  $x = 0$ ,  $x = 12$ ,  $x = 15$  нүктелеріндегі функция мәндерін есептейік.

$$t(0) = \frac{\sqrt{81+0^2}}{8} + \frac{15-0}{10} \approx 2.625$$

$$t(12) = \frac{\sqrt{81+12^2}}{8} + \frac{15-12}{10} \approx 2.175$$

$$t(15) = \frac{\sqrt{81+15^2}}{8} + \frac{15-15}{10} \approx 2.187$$

Функция  $x = 12$  нүктесінде ең кіші мәнге ие болады:

$$15-12=3\text{км.}$$

Жауап: Мақсат қалаға қысқа мерзімде жету үшін шаңғы базасынан 3 км және жолдан 12 км қашықтықтағы нүктеге баруы керек.

**Қорытынды**

Бұл мақала 10–11-сыныптарда математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептерді шешу жолдарын қарастыруға бағытталған.

Бұл жұмыста ұсынылып отырған материал білім алушыларға қызықты әрі қажетсіз қиындықтардан шығатын жол болатындай етіп жоспарланған, жоғарыда атап өткендей, туынды күрделі мәселелерді зерттеудің ең қуатты құралдарының бірі болып табылады.

Өртүрлі құбылыстарды математикалық тұрғыдан зерттеу қабілеті туындыны зерттеуді қалыптастырады. Жалпы білім беретін мектеп түлегі туынды туралы түсінікке ие болу керек, сонымен қатар оны функцияларды зерттеуге қолдануы керек. Бірыңғай мемлекеттік емтихандарда, олимпиадаларда туындыны қолдануға байланысты тапсырмалар көптеп кездеседі.

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер, стандартты емес есептерді шешуде білім мен дағдыларды тереңдету және кеңейту арқылы білім алушылардың теориялық дайындық деңгейін арттыруға жол ашты. Сонымен қатар, оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытып, математикаға тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға едәуір ықпал етті.

Зерттеу нәтижесін математиканы тереңдетіп оқытатын мектепте, лицейде немесе гимназиядағы факультативтік сабақтарда, дарынды оқушылармен жұмыс кезінде, оқушыларды олимпиадаға дайындау кезінде мұғалімдерге қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гусев В.А., Силаев Е.В. Методические основы дифференциации обучения математики в средней школе. – М.: Принт, 1996. – 131 с.
2. Баймұханов Б. Математика есептерін шығаруды үйрету. – Алма-Ата: Мектеп, 1983. – 143 б.
3. Медеуов Е.Ө. Қазақстан Республикасының орта мектептегі математикалық білім беру стандарттарын жобалаудың әдістемелік негіздері. – М.: изд-во ВШМФ «Авангард», 1996. – 334 с.
4. Жәутіков О.А. Математикалық анализ курсы: оқулық. – Алматы: Экономик, 2014. – 144 б.
5. Аширбаев Н.К., Нурмаганбетова Ж.А., Бекмолдаева Р.Б. Алгебрада квадраттық функцияларға қатысты физикалық мазмұнды есептерге талдау // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 197–213. <https://doi.org/10.47526.2020/2664-0686.019>
6. Блох А.Я., Гусев В.А., Дорофеев Г.В. Методика преподавания математики в средней школе: частная методика: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по физ.-мат. спец. – М.: Просвещение, 1987. – 416 с.
7. Чебышёв П.Л. Полное собрание сочинений: Математический анализ. – М.: Изд-во АН СССР, 1948. – 412 с.
8. Латотин Л.А. Математика: учеб. пособие для 10-го кл. учреждений общ. сред. образования с рус. яз. обучения. – Минск: Адукацыя і выхаванне, 2013. – 408 с.
9. Мордкович А.Г. Математика: алгебра и начала математического анализа, геометрия. Алгебра и начала математического анализа. 11 класс. В 2 ч. Ч.2: задачник для учащихся общеобразовательных организаций (базовый и углубленный уровни). – М.: Мнемозина, 2014. – 264 с.
10. Алимов Ш.А., Колягин Ю.К., Ткачёва М.В. Математика: алгебра и начала математического анализа, геометрия. Алгебра и начала математического анализа. 10–11-классы: учебник для общеобразовательных организаций: базовый и углубленный уровни. – М.: Просвещение, 2016. – 463 с.
11. Виленкин Н.Я. Математика: алгебра и начала математического анализа, геометрия. Алгебра и начала математического анализа. 10-класс: учебник для учащихся общеобразовательных организаций (углубленный уровень). – М.: Мнемозина, 2014. – 352 с.
12. Иванова Ж.В. О методическом обеспечении дисциплин «Математический анализ», «Современные главы математического анализа» // Инновационные технологии обучения физико-



математическим и профессионально-техническим дисциплинам: материалы XII Междунар. науч.-практ. конф. – Мозырь, 2020. – Ч.1. – С. 40–41.

13. Сурин Т.Л. Сброник практических заданий по математическому анализу. Дифференциальное и интегральное исчисление функций многих переменных. – Витебск: ВГУ имени П.М. Машерова, 2016. – 52 с.

#### REFERENCES

1. Gusev V.A., Silaev E.V. Metodicheskie osnovy differenciatsii obucheniya matematiki v srednem shkole [Methodological bases of differentiation of teaching mathematics in secondary school]. – М.: Print, 1996. – 131 s. [in Russian]
2. Baimuhanov B. Matematika esepeterin shygarudy uiretu [Learning to solve mathematical problems]. – Alma-Ata: Mektep, 1983. – 143 b. [in Kazakh]
3. Medeyov E.O. Qazaqstan Respyublikasynyn orta mekteptegi matematikalyq bilim bery standarttaryn jobalaydyn adistemelik negizderi [Methodological bases of designing standards of mathematical education in secondary schools of the Republic of Kazakhstan]. – М.: izd-vo VShMF «Avangard», 1996. – 334 b. [in Kazakh]
4. Jautikov O.A. Matematikalyq analiz kursy: oqulyq [Mathematical analysis course]. –Almaty: Ekonomik, 2014. – 144 b. [in Kazakh]
5. Ashirbayev N.K., Nurmaganbetova J.A., Bekmoldaeva R.B. Algebrada kvadrattyq funktsionaldga qatysty fizikalyyq mazmundy esepterge taldau // Iasau universitetinin habarshysy. –2022. – №1(123). – B. 197–213. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.08> [in Kazakh]
6. Blox A.Ia., Gysev V.A., Dorofeev G.V. Metodika prepodavaniya matematiki v srednei shkole: chastnaia metodika [Methods of teaching mathematics in secondary school: private methodology]: ucheb. pocobie dlia studentov ped. in-tov po fiz.-mat. spec. – М.: Prosveshenie, 1987. – 416 s. [in Russian]
7. Chebyshev P.L. Polnoe sobranie sochineniy: Matematicheskiy analys [Complete works: Mathematical Analysis]. – М.: Izd-vo AN SSSR, 1948. – 412 s. [in Russian]
8. Latotin L.A. Matematika: ucheb. pocobie dlia 10-go kl. uchrejdeniy obsh. sred. obrazovaniya s rus. iaz. obucheniya [Mathematics]. – Minsk: Adukasyya i vyhavanje, 2013. – 408 s. [in Russian]
9. Mordkovich A.G. Matematika: algebra i nachala matematicheskogo analiza, geometriya. Algebra i nachala matematicheskogo analiza. 11 klass. V 2 ch. Ch. 2: zadachnik dlia uchashihsia obsheobrazovatelnyh organizatsiy (bazovyi i uglublennyyi urovni) [Mathematics: algebra and the beginnings of mathematical analysis, geometry. Algebra and beginning of mathematical analysis]. – М.: Mnemozina, 2014. – 264 s. [in Russian]
10. Alimov Sh.A., Koliagin Iu.K., Tkachiova M.V. Matematika: algebra i nachala matematicheskogo analiza, geometriya. Algebra i nachala matematicheskogo analiza. 10–11-klassy: uchebnik dlia obsheobrazovatelnyh organizatsiy: bazovyi i uglublennyyi urovni [Mathematics: algebra and principles of mathematical analysis, geometry. Algebra and beginning of mathematical analysis]. – М.: Prosveshenie, 2016. – 463 s. [in Russian]
11. Vilenkin N.Ia. Matematika: algebra i nachala matematicheskogo analiza, geometriya. Algebra i nachala matematicheskogo analiza. 10 klacc: uchebnik dlia uchashihsia obsheobrazovatelnyh organizatsiy (uglublennyyi uroven) [Mathematics: algebra and principles of mathematical analysis, geometry. Algebra and beginning of mathematical analysis]. – М.: Mnemozina, 2014. – 352 s. [in Russian]
12. Ivanova J.V. O metodicheskoy obespechenii diciplin «Matematicheskiy analiz», «Sovremennyye glavy matematicheskogo analiza» [On the methodological support of the disciplines “Mathematical Analysis”, “Modern Chapters of Mathematical Analysis”] // Innovatsionnyye tehnologii obyeniya po fiziko-matematicheskim i professionalno-tehnicheskim disciplinam: materialy XII Mejdunar. nauch.-prakt.konf. – Mozyr, 2020. – Ch.1. – S. 40–41. [in Russian]
13. Surin T.L. Sbronik prakticheskikh zadaniy po matematicheskomy analizu. Differentsialnoe i integralnoe ischislenie funktsiy mnogih peremennykh [Collection of practical tasks in mathematical analysis. Differential and integral calculus of functions of many variables]. – Vitebck: VGU imeni P.M. Masherova, 2016. – 52 s. [in Russian]

Ж.А. ЖҰМАБАЕВА<sup>1</sup>  , А.Қ. РЫСБАЕВА<sup>2</sup> , А.А. КУРАЛБАЕВА<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: zhazira.zhumabayeva1992@gmail.com

<sup>2</sup>PhD, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: ardak\_rysbaeva@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, қауымдастырылған профессор  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Экономиканы қарқынды дамытудың негізгі факторы отандық жоғары білімде кадрлық қамтамасыз ету үдерісін жақсарту болып табылады. Осыған сәйкес қазақстандық жоғары білімнің алдында қажетті сапаны қамтамасыз ету және білім беруді әлемдік деңгейде тану міндеті тұр. Мақала болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттыру мәселесіне арналады. Мақалада ғылыми әдебиеттерді зерттеу негізінде жоғары білім жүйесіндегі оқу сапасының қазіргі жайына талдау жасалып, жоғары білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аккредиттеу жүйесінің тәжірибесі қарастырылады. Білім алушылардың оқу сапасына әсер етуші негізгі педагогикалық факторлар айқындалады. 2015–2020, 2022 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ Бастауыш білім беру бағдарламалары АРТА-дағы (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) білім беру бағдарламаларының рейтингісіне талдаулар жасалынды. Бастауыш білім беру бағдарламасы білім алушыларының оқу сапасына тікелей әсер етуші факторларына байланысты пікірлері сауалнама нәтижесі негізінде сарапталады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Бастауыш білім беру» оқу бағдарламасы бағытында оқитын 3-курс студенттерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі білім алушылардың оқу сапасына деген көзқарасын айқын көрсетті. Осы тұста оқытушыны және білім алушыны лайықты түрде қаржылық, әлеуметтік және академиялық қолдау, кішігірім топтардан тұратын білім алушыларды қолдау, кеңес беру қызметтерімен қамтамасыз ету қажеттігі негізделеді.

**Кілт сөздер:** болашақ бастауыш білім педагогы, оқу сапасы, педагогикалық мәселелер, педагогикалық-психологиялық факторлар, аккредиттеу жүйесі.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Жұмабаева Ж.А., Рысбаева А.Қ., Куралбаева А.А. Болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттыру мәселелері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 282–294. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.21>

### \*Cite us correctly:

Jumabaeva J.A., Rysbaeva A.Q., Kuralbaeva A.A. Bolashaq bastauysh bilim pedagogtarinin oqu sapasyn arttyru maseleleri [Problems of Improving the Quality of Training of Future Primary Education Teachers] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 282–294. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.21>

**Zh.A. Zhumabayeva<sup>1</sup>, A.K. Rysbayeva<sup>2</sup>, A.A. Kuralbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: zhazira.zhumabayeva1992@gmail.com

<sup>2</sup>PhD, K. Zhubanov Aktobe Regional University  
(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: ardak\_rysbayeva@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, Associate Professor  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

### **Problems of Improving the Quality of Training of Future Primary Education Teachers**

**Abstract.** A key factor in the dynamic development of the economy is the improvement of the staffing process in domestic higher education. In accordance with this, Kazakhstan's higher education faces the task of ensuring the necessary quality and recognition of education at the world level. The article will be devoted to the problem of improving the quality of training of future primary education teachers. The article analyzes the current state of the quality of education in the higher education system based on the study of scientific literature, the experience of the accreditation system for quality assurance in the field of higher education is considered. The main pedagogical factors affecting the quality of students' education are determined. The analysis of the rating of educational programs at the NAAR (independent agency for accreditation and rating) of primary education programs Abai Kazakh National Pedagogical University for 2015–2020, 2022 years. The opinions of students of the primary education program related to factors directly affecting the quality of education are analyzed based on the results of the questionnaire. The results of the survey of 3rd-year students of the Abai Kazakh National Pedagogical University in the direction of “Primary education programs” clearly showed the attitude of students to the quality of education. It substantiates the need for adequate financial, social and academic support for the teacher and the student, support for students from small groups, provision of consulting services.

**Keywords:** future teacher of primary education, the quality of education, pedagogical problems, pedagogy-psychological factors, the accreditation system.

**Ж.А. Жумабаева<sup>1</sup>, А.К. Рысбаева<sup>2</sup>, А.А. Куралбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: zhazira.zhumabayeva1992@gmail.com

<sup>2</sup>PhD, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова  
(Казakhstan, г. Актюбе), e-mail: ardak\_rysbayeva@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, ассоциированный профессор  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

### **Проблемы повышения качества обучения будущих педагогов начального образования**

**Аннотация.** Ключевым фактором динамичного развития экономики является улучшение процесса кадрового обеспечения в отечественном высшем образовании. В соответствии с этим перед казахстанским высшим образованием стоит задача обеспечения необходимого качества и признания образования на мировом уровне. Статья посвящена проблеме повышения качества обучения будущих педагогов начального образования. В статье анализируется современное состояние качества образования в системе высшего образования на основе изучения научной литературы, рассматривается опыт системы аккредитации для обеспечения качества в сфере высшего образования. Определяются

основные педагогические факторы, влияющие на качество обучения обучающихся. Проведен анализ рейтинга образовательных программ НААР (независимое агентство аккредитации и рейтинга) программ начального образования КазНПУ им. Абая за 2015-2020, 2022 годы. На основе результатов анкетирования анализируются мнения учащихся программы начального образования, связанные с факторами, непосредственно влияющими на качество образования. Результаты опроса студентов 3-курса Казахского национального педагогического университета имени Абая по направлению «Программы начального образования» наглядно показали отношение обучающихся к качеству обучения. Это обосновывает необходимость адекватной финансовой, социальной и академической поддержки преподавателя и студента, поддержки студентов из малых групп, предоставления консультационных услуг.

**Ключевые слова:** будущий педагог начального образования, качество обучения, педагогические проблемы, педагогико-психологические факторы, система аккредитации.

### Кіріспе

Экономиканы қарқынды дамытудың негізгі факторы отандық жоғары білімде кадрлық қамтамасыз ету үдерісін жақсарту болып табылады. Осыған сәйкес жоғары білімнің жаңа парадигмасы – «білім беруден» іргелі жаратылыстану-ғылыми дайындыққа негізделген тәжірибеге бағытталған құзыреттілік тәсілдемеге көшу. Сол себепті қазақстандық жоғары білімнің алдында қажетті сапаны қамтамасыз ету және білім беруді әлемдік деңгейде тану міндеті тұр.

Осыған орай, бүгінгі күні жоғары білім беруде сапалы оқыту маңызды мәселеге айналып отыр. Әлеуметтік және географиялық тұрғыдан білім алушылар құрамы да едәуір кеңейіп, әртараптандырылды. Заман талаптарына сәйкес, оқытуда жаңа әдістердің қолданылуы талап етілуде. Заманауи технологиялар аудиторияларда тәжірибеге енгізілгендіктен, білім алушылар мен оқытушы арасындағы өзара әрекеттесу сипаты өзгерді. Үкімет, білім алушылар және олардың отбасы, жұмыс берушілер, қаржымен қамтамасыз етушілер өз қаражаттарының қайтарымы ретінде оқыту үдерісінде сапаның болуын қалайды.

Жоғары білім берудегі соңғы тенденциялар да студенттерге ұсынылатын оқыту сапасына баса назар аударады. Мысалы, шет елдік тәжірибеде 1960–1980-жылдары жаппай жоғары білімнің пайда болуы «Университеттердің рөлі» тұжырымдамасының өзгеруіне әкеліп соқты. Бұл оқыту мен зерттеу арасындағы байланыстың сипатына күмән келтірді. Коулдрейк пен Стедманның пікірінше, XIX ғасырдың соңына дейін оқыту университеттердің негізгі қызметі болды. Бірақ XX ғасырда Германияның оқыту және зерттеу моделін Ұлыбритания мен АҚШ-қа экспорттау барысында зерттеулердің университеттің ажырамас шарты болуына әкеліп соқты. Сол себепті оқыту көбінесе екінші дәрежелі қызмет ретінде қарастырылды [1]. Бірақ жоғары білім беру секторының кеңеюіне байланысты оқытудың маңыздылығы қазіргі уақытта қайта қаралды.

Жоғары білім берудегі сапа – белгіленген талаптарға сәйкестік дәрежесін сипаттайтын әлеуметтік категория. Кең мағынада бұл жоғары білімнің (нәтиже, үдеріс, білім беру жүйесі ретінде) әртүрлі қажеттіліктерге, мақсаттарға, талаптарға, стандарттарға теңгерімді сәйкестігі ретінде түсіндіріледі. Тар мағынада жоғары білімнің сапасы жоғары білімі бар мамандарды даярлаудың сапасын сипаттайды. Бұларды жалпыланған түрде біріктіруге болады.

Сапалы оқыту ұғымының анықтамасы әркімнің осы «сапа» ұғымына нені кіріктіруіне байланысты өзгереді. «Сапа» – бұл күрделі ұғым. Дж. Бигст «сапа» нәтижені, қасиетті, үдерісті баламалы анықтай алады деп түйіндеген [2]. Сол себепті «Сапалы оқыту» сөз тіркесіне бірнеше анықтаманың берілгендігі таңқаларлық емес. Алайда, оқыту сапасы ұғымының нақты бір анықтамасы жоқ. Л. Харви оны нәтиже ретінде қарастырса, ал Д. Грин


қасиет деп тұжырымдайды [3]. Кейбіреулер оқытудың ақауларын жоюдың шексіз үдерісі ретінде қарастырады. Сондықтан сапалы оқытуды ешқашан толыққанды түсінуге және бағалауға болмайды. Жоғары білім беру аймағының белгілі эксперттері Л. Харви және Д. Грин «сапа» ұғымының бір-бірімен байланысты категорияларын анықтады. Олар: эксклюзивтілік, мінсіздік, негізділік, түрлендіру қабілеті, баға мен сапаның оңтайлы қатынасы. Бұл сапаны бағалау критерийлерін әзірдеу кезінде мүдделі тараптардың субъективті көзқарасын көрсететін әртүрлі тұжырымдамалық тәсілдер болуы мүмкін дегенді білдіреді.

Білім беру үдерісінің негізгі мүдделі тараптары тікелей студенттер (олардың ата-аналары), оқытушылар, ЖОО басшылығы, жұмыс берушілер, білім және ғылым салаларында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі болып табылады.

Білім беру үдерісінің әртүрлі субъектілері тұрғысынан «жоғары білім сапасы» ұғымы әртүрлі семантикалық мазмұнмен толтырылады.

Ғылыми еңбектерге сүйенсек, білім алушылар үшін білім беру сапасы – жұмысқа орналасу және мансаптық өрлеуге қажетті білім, білік және практикалық дағдылар көлемі. Бүгінгі динамикалық тұрғыдан өзгертін нарық жағдайында болашақ маманның білімі емес, кәсіби тәжірибеде қолдана алатын құзыреттілік деңгейі талап етіледі. Жұмыспен қамтамасыз етушілер үшін сапалы білім қажетті құзыреттерге ие және өндірістің серпінді өзгертін жағдайларына бейімделе алатын мамандарды даярлаумен байланысты болып табылады [4].

Сапаның категорияларының түрлі білім беру қызметтерінің субъектілерімен байланысы әлеуметтік-экономикалық, уақытша, аймақтық факторларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Оны төмендегі 1-суреттен байқауымызға болады.



1-сурет – Түрлі сапа категорияларының білім беру қызметі субъектілерімен байланысы

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі үшін сапаның маңызды категориясы мемлекеттік стандарт талаптарына, білім саласындағы заңнамаға және аккредиттеу критерийлеріне сәйкестік тұрғысынан *мінсіздік* болуы мүмкін. Ал, жұмыс берушілер үшін

негізгі категориялар *эксклюзивтілік және түрлендіру қабілеті* болып табылады. Студенттер үшін *баға мен сапаның орындылығы және оңтайлы арақатынасы* маңызды. Осылайша, әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламалары үшін дескрипторларды тұжырымдауға болады.

Жоғары білім беруде халықаралық бенчмаркетингі ынталандыратын Болон үдерісі еуропалық білім беру кеңістігінде аккредиттеу рәсімдерінің таралуына ықпал етеді. 2005 жылы Болон үдерісіне қатысушы барлық елдердің білім министрліктерінің еуропалық жоғары білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсынымдарды қабылдауы болды. 2001 жылы елімізде алғаш рет аккредитация жүргізілді. Еліміздің ЖОО 27 статистикалық көрсеткіш бойынша ақпараттарды ұсынды. Алайда бұл үдеріс сынға ұшырап, 8 жылға өз жұмысын тоқтатқан болатын. 2009-2010 жылдары сол кездегі БЖҒМ-нің Ұлттық аккредитация орталығының көмегімен қазақстандық ЖОО институционалдық аккредитациядан өтті. Аккредиттеу органдарының ұлттық тізімі бекітілді, оған 2 қазақстандық агенттік – НКАОКО және АРТА және 4 шетелдік агенттік – ASIIN және ACQUIN (Германия), AQA (Австрия), ABET (АҚШ) кірді. Институционалдық аккредиттеуді тек қазақстандық агенттіктер, ал білім беру бағдарламаларын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді аталғандардың кез келгені жүргізеді.

Тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерінің стандарттары мен ұсынымдары негізінде ҚР Білім беру ұйымдарының сапа саласындағы жетістіктерін тану тетігі сұранысқа ие деп танылуы тиіс. Аккредиттеу жаңа қарым-қатынастардың фокусына, бәсекелестік құралына айналады, өйткені жоғары оқу орындары жұртшылық пен жұмыс берушілерге оқу сапасына қосымша кепілдіктер бере алады. Басқаша айтқанда, аккредиттеу рәсімі заңнамалық деңгейде білім беру қызметтері нарығын реттеудің маңызды элементі болып танылады. Осылайша, мемлекет сапаны бағалаудың монополиялық құқығынан ішінара алшақтайды.

2012–2017 жылдары АРТА түрлі деңгейдегі 60-тан астам білім беру ұйымдарын және жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 1,2 мыңнан астам білім беру бағдарламаларын институционалдық аккредиттеу жүргізілді. ЖОО және білім беру бағдарламаларын тәуелсіз аккредиттеу саласындағы жинақталған тәжірибе – білім беру қызметтерінің сапасы туралы жұртшылықты объективті хабардар етуге, ЖОО басқарудың тиімділігін және жалпы білім беру сапасын арттыру үшін сараптамалық бағалауларды пайдалануға мүмкіндік береді [5].

Аккредиттеу рәсімдерінде студенттерге білім беру қызметтерін тұтынушылар ретінде маңызды орын беріледі. Сонымен қатар, студенттер аккредиттеу рәсімінде екі жақты рөл атқарады: алынған білім, білік және кәсіби құзыреттілік деңгейі білім беру үдерісінің сапалы компоненттеріне ғана емес, студенттердің жеке қабілеттеріне, күш-жігеріне және белсенді оқуға деген ынтасына байланысты студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету деңгейіне, ПОҚ сапасына, оқыту деңгейіне қанағаттануын зерттеуге бағытталған сауалнамасы ерекше рөл атқарады. Жүйелі мониторинг студенттерді кәсіби даярлау үрдістерін анықтауға, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы әлсіз жақтарын атап өтуге және тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

2015–2020, 2022 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ Бастауыш білім беру бағдарламалары АРТА-дағы (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысты. ЖОО рейтингінде бакалавриат білім беру бағдарламалары 1–2 орынға ие болды. Толығырақ 1-кестеден көруге болады.

7 стандарт, 113 статистикалық көрсеткіш негізінде аккредиттелген Бастауыш білім беру бағдарламалары 7 жылда да үздік көрсеткіштерге қол жеткізді. Соңғы 2022 жүргізілген АРТА халықаралық аккредиттеудің бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының топтары бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының рейтингінде 6B013-Пәндік

мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау (B003-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) БББ 3084 баллдық көрсеткішпен алдыңғы орында екендігіне көз жеткіздік [7].

**1-кесте – Абай атындағы ҚазҰПУ Бастауыш білім беру бағдарламаларының АРТА-дағы рейтингісі [6]**

Жыл	Рейтинг атауы	БББ атауы және позициясы
2015	ҚР жоғары оқу	5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (1-орын)
2016	орындарының	5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (2-орын)
2017	ұлттық сұраныс	5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (2-орын)
2018	рейтингі:	5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (2-орын)
2019	бағдарламалық	5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (1-орын)
2020	рейтинг АРТА	6B01301-Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау (Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі) (1-орын)
2022		6B013 –Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (1-орын)

2021 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ алғаш рет Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің (БСҚБТА) бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысты. 6B01301 Бастауыш білім беру БББ 7 академиялық индикатор (студенттердің сапалық контингенті, студенттердің білім нәтижелері және ЖОО жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары, академиялық кадрлар: ПОҚ құрамы, ЖОО зерттеу және ақпараттық жұмысы, халықаралық ынтымақтастық, ақпараттық қамтамасыздандыру, түлектердің жұмысқа орналасуы секілді индикаторлар қорытындысы бойынша рейтингте 2-орынды иеленді [8]. Бұл БББ білім алып жатқан студенттерге беріліп жатқан білімнің сапалы екендігіне дәлел болары анық деп қорытындылауға болады.

Зерттеу аясындағы ғылыми басылымдарда болашақ мамандардың оқу сапасын арттыру төмендегі факторларға тікелей байланысты екендігін аңғардық. Оқыту сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі – *оқытушылардың көшбасшылығы* болып табылады. Сапалы оқыту саласындағы бастамалардың көпшілігі іс жүзінде оқытушылардан бастау алады. Дегенмен, сапа мәдениетін өз миссиясының бір бөлігіне айналдыра алатын департаменттің, білім беруді қолдау бөлімдерінің және университеттің рөлі орталық болып келеді.

Теориялық еңбектерде оқу сапасы *студенттік факторларға*, сондай-ақ әдебиеттегі *оқыту факторларына* байланысты деп тұжырымдалды. Михаэла ақыл-ой қабілеттерінен басқа *психологиялық факторлар* оқу үлгеріміне әсер етеді деп санайды. Автор жеке тестілеуді қолдану арқылы жоғары және төмен жетістіктері бар білім алушылар арасында тұлғада айтарлықтай айырмашылықтар бар деген қорытындыға келеді. Қатысушылардың өзіне деген сенімділік, адалдық және эмоционалдылық сынақтарының нәтижелері олардың оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсерін берді, бұл білім алушылардың оқу тәжірибесін түсіндіруі әртүрлі академиялық нәтижелерге әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар, Бусато, Принс, Эльшаут және Хамакер секілді ғалымдар *білім алушылардың оқу стилі мен жетістікке деген мотивациясы* олардың оқу сапасымен тікелей байланысты деп санайды және бұл жеке ерекшеліктердің маңызды рөл атқарады деген тұжырымға келген. Алайда, педагогикалық қолдау да маңызды рөл атқарады. Науд, Нел, Ван дер Ватт және Тади секілді жоғары білім беру әдіскерлері үшін университет жағдайлары ішкі мотивацияның дамуын ынталандыратынына көз жеткізіп, студенттердің өсу мен ішкі бақылау локусына деген көзқарасын дамыту қажеттілігін атап өтеді. Демек, мұғалімдерге оқу бағдарламасының арнайы мақсатты енгізілген аспектілері арқылы осы қабілеттерді оқыту және дамыту жауапкершілігі жүктеледі.

*Бағалау* қалыптастырушы және қорытынды функцияны орындай отырып, университеттік бағдарламалардың міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Нақты

айқындалған пайдасы бар практикалық тапсырмалар емтихан секілді дәстүрлі бағалау әдістеріне қарағанда студенттерді жұмысқа дайындауда тиімді екендігін атап өтеді [9]. Оқушылар өздерінің қазіргі дағдылар жиынтығына қалай сүйенетінін және олардың болашақ мансаптары үшін өзектілігін анық білсе, бағалауды оқу үшін пайдалы деп санайды [10]. Осылайша, бұл студенттердің тапсырмаларды мансаптық амбицияларымен байланыстыра алатын болса, оқу үдерісіне көбірек қатысады деген түсінікке әкеледі.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеу барысында болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттыру мәселесі аясында әдебиеттерге, отандық, шетелдік зерттеулерге талдау жасалынды. Олардың еңбектеріне теориялық деректерді талдау және зерттеу әдістері қолданылды. Мақаланы әзірлеу кезінде педагогикалық зерттеулерді жүргізудің практикалық және теориялық әдістері негізге алынды.

Жоғарыдағы қарастырылған ғылыми еңбектердегі негізгі факторларды басшылыққа алып, зерттеу мәселесі аясында болашақ бастауыш білім педагогтарының беріліп жатқан оқу сапасына деген объективті көзқарасын анықтау мақсатында анонимді сауалнама алдық. *Сауалнама мақсаты* – студенттердің мамандық аясында беріліп жатқан оқу сапасына көзқарасын анықтау, ұсыныстарын тыңдау.

Сауалнама «Бастауыш білім беру бағдарламалары» бағытында оқиытын 3-курс студенттерінен алынды. Сауалнамаға 51 білім алушы қатысты.

Сауалнама мазмұны төмендегідей болды:

*1. Сіз университеттегі өзіңіздің оқу нәтижелеріңізге қанағаттанасыз?*

- 1) толықтай қанағаттанамын
- 2) ішінара қанағаттанамын
- 3) білмеймін
- 4) ішінара қанағаттанбаймын
- 5) қанағаттанбаймын

*2. Университеттегі оқу нәтижелері Сіздің күткеніңізге сәйкес келе ме?*

- 1) толықтай сәйкес келеді
- 2) ішінара сәйкес келеді
- 3) білмеймін
- 4) ішінара сәйкес келмейді
- 5) сәйкес келмейді

*3. Қолданыстағы білімді бағалау жүйесі жеткілікті деңгейде объективті, әділ, қолжетімді және түсінікті деп ойлайсыз ба?*

1) студенттердің білімі және дағдыларын бағалау жүйесі түсінікті және қолжетімді

2) иә, жалпы қолданыстағы білімді бағалау жүйесі оқу үдерісін ұйымдастырудың қажеттіліктері мен шарттарына сәйкес келеді

3) менің ойымша, білімді компьютерлік тестілеу формасында бағалау тиімдірек болар еді

4) емтихандағы білім деңгейін ғана емес, оқуға деген қарым-қатынасты, жеке қабілеттерді, өзіндік жұмыстарды, семинарлардағы белсенділік және т.б. әрбір студенттің оқу еңбегі нәтижелерінің жиынтығын бағалау қажет

5) білімді бағалаудың адами факторы маңызды деп санаймын: болашақ бастауыш білім педагогының біліктілігі, оның оқушыға деген қарым-қатынасы, онымен әңгіме құра білу білігі, студенттің жеке басының ерекшеліктерін ескеруі керек

6) маған оқытуды бағалау критерийлері маған түсініксіз

7) сіздің нұсқаңыз \_\_\_\_\_

*4. Сіздің тобыңызға ұйымдастырылған оқу үдерістерінің жалпы сапасын бағалаңыз?*

- 1) өте жақсы
- 2) жақсы
- 3) орташа
- 4) төмен
- 5) жауап беруге қиналып тұрмын

*5. Сіз өз тобыңыз бойынша ұйымдастырылған оқу/педагогикалық практикалардың ұйымдастырылуына көңіліңіз толады ма?*

1) иә (болашақ жұмысым үшін нақты, пайдалы біліктер мен дағдыларды алдым)

2) толықтай емес (жалпы жұмыс барысымен таныстым, бірақ қызығатын ештеңе жоқ)

3) жоқ (уақытымызды босқа қажетсіз, қызықты емес еңбекке жұмсадық)

6. 5 баллдық шкаламен білім беру үдерісінің сүйемелдеуін бағалаңыз:



Көрсеткіш	Балл
Ақпараттық қамтамасыз ету (оқу, ғылыми, оқудан тыс іс-шаралар)	
Компьютерлік технологияларға қолжетімділік	
Кітапхананың жабдықталуы және жинақталуы (әдістемелік және оқу әдебиеті)	
Ыңғайлы аудитория	
Оқу жүктемесінің теңдей үлестірілген сабақ кестесі	
Оқу-әдістемелік қамта асыз ету (оқулықтар, оқу нұсқаулықтары)	
Оқу материалдарының электрондық нұсқада қолжетімділігі	
Консультациялық қамтамасыз ету (шешім қабылдауда көмек көрсету, оқу, кәсіби және жеке мәселелер)	
Асхананың жұмысы	
Медициналық кабинеттің жұмысы	

7. Тобыңызға сабақ беретін профессор-оқытушылар құрамын қалай бағалар едіңіз?

Көрсеткіш	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
Білімі, біліктілігі				
Кәсіби сапасы (еңбек-қорлығы, жауапкершілік, ұйымдастыру қабілеті, ойлауы)				
Бағалау объективтілігі				
Меңгеріліп жатқан материал аясында дискуссияны өткізуі				
Дәріс материалының түсінікті, нақты жеткізуі				
Пәнге деген қызығушылықты тудыру және ұстап тұру білігі				

8. Мамандығыңыз бойынша өзіңіздің теориялық даярлығыңызды қандай деңгейде бағалайсыз?

1) жоғары деңгей 2) орташа деңгей 3) төменгі деңгей 4) жауап беруге қиналамын

9. Мамандығыңыз бойынша өзіңіздің практикалық даярлығыңызды қандай деңгейде бағалайсыз?

1) жоғары деңгей 2) орташа деңгей 3) төменгі деңгей 4) жауап беруге қиналамын

10. Университеттің арқасында Сіз өзіңіздің қабілеттеріңізді дамыта алдыңыз немесе аштыңыз, мысалы: шығармашылық қызметте және ғылыми-зерттеу жұмыстарында және т.б

1) ия 2) жоқ 3) жауап беруге қиналып тұрмын

11. Егер Сіздің мүмкіндігіңіз болса, төмендегілердің қайсысын өзгертер едіңіз?

1) дәріс сабақтарының сағатын көбейтер едім

2) дәріс сабақтарының сағатын азайтар едім

3) семинар сабақтарының сағатын көбейтер едім

4) семинар сабақтарының сағатын азайтар едім

5) практиканың мерзімін арттырар едім

6) оқытушылардың консультациялық көмек беру сағаттарын қояр едім

12. Университеттегі оқытудың Сізге теріс әсерлерін атап өтер едіңіз?

- 1) денсаулығыма теріс әсері болды
- 2) созылмалы (хроническая) шаршау пайда болды, жеткілікті ұйықтамаймын
- 3) бос уақытым қалмайды
- 4) оқуға деген жиіркеніш пайда болды
- 5) өз-өзімді бағалау (самооценка) төмендеді, депрессия сезімі пайда болды
- 6) таңдаған мамандығымнан көңілім қалды

13. Егер Сіз жатақханада тұрып жасаңыз, онда жасалған жағдайға көңіліңіз толады ма?

- 1) иә 2) жоқ 3) жауап беруге қиналып тұрмын 4) жатақханада тұрмаймын

### Талдау мен нәтижелер

«Сіз университеттегі өзіңіздің оқу нәтижелеріңізге қаншалықты қанағаттанасыз?» деген 1-сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі оқу нәтижелеріне қанағаттанатындығын (84,3%), 13,7% ішінара қанағаттанатындығын көрсеткен. Студенттердің 84,3% университетте оқып жүргенде алған білім сапасына риза екенін көрсетеді. Тұтастай алғанда, бұл оқу орны үшін оң белгі, оның білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістері тиімді және студенттердің қалауын қанағаттандыратынын көрсетеді. Студенттердің 13,7%-ның оқу нәтижелерін жақсарту қажет деп санайтын кейбір күмәндары немесе бағыттары болуы мүмкін. Университет үшін осы топтың мәселелеріне, пікірлеріне назар аударуы және олардың жалпы қанағаттануын арттыру үшін кез келген мәселелерді шешу үшін жұмыс істеуі маңызды.

2-сұраққа респонденттердің «Университеттегі оқу нәтижелері сіздің күткеніңізге сәйкес келеді ме?» деген сұраққа 2% ішінара сәйкес келмейтіндігін, 25,5% ішінара сәйкес келетіндігін, 70,6% толықтай сәйкес екендігін берген жауаптарынан байқадық. 70,6% нәтиже университет үшін оң көрсеткіш болып табылады, өйткені студенттердің едәуір бөлігі оқу нәтижелеріне қанағаттанады және олардың қалаулары толығымен орындалды деп санайды. 25,5% студенттердің алаңдаушылығы бар немесе олардың үміттері толық ақталмаған аймақтар болуы мүмкін екенін көрсетеді. Университет үшін бұл көрсеткішті жақсартудың нақты бағыттарын анықтау, сәйкессіздіктерді жою үшін осы топтан кері байланыс жинау өте маңызды. 2% аз болса да, университет үшін осы студенттердің пікірлеріне назар аудару және осындай сәйкессіздікті тудыруы мүмкін кез келген маңызды мәселелерді шешу әлі де маңызды.

«Қолданыстағы білімді бағалау жүйесі жеткілікті деңгейде объективті, әділ, қолжетімді және түсінікті деп ойлайсыз ба?» 3-сұрағы бойынша респонденттердің 54,9%-на білімді және дағдыларын бағалау жүйесі түсінікті және қолжетімді екендігі бізді қуантты. 39,2% қолданыстағы білімді бағалау жүйесі оқу үдерісін ұйымдастырудың қажеттіліктері мен шарттарына сәйкес келеді деп санайды.

«Сіздің тобыңызға ұйымдастырылған оқу үдерістерінің жалпы сапасын бағалаңыз» деген 4-сұрақ бойынша 58,8% өте жақсы, 35,3% жақсы, 3,9% орташа деп бағалаған. 3,9% – бұл ең аз көрсеткіш болғанымен, ол білім беру процесіне бейтарап немесе екіұшты көзқарасы бар кейбір студенттер бар екенін көрсетеді. Университет үшін олардың нақты білім сапасын жақсарту үшін осы топтан кері байланыс алу маңызды.

Теориялық білімнің практикамен ұштасуы керек екендігі заңдылық. Сол себепті де сауалнамаға «Сіз өз тобыңыз бойынша ұйымдастырылған оқу/педагогикалық практикалардың ұйымдастырылуына көңіліңіз толады ма?» деген 5-сұрақты тіркеген едік. Респонденттердің 88,2%-ы иә (болашақ жұмысым үшін нақты, пайдалы біліктер мен дағдыларды алдым), 9,8% толықтай емес (жалпы жұмыс барысымен таныстым, бірақ қызығатын ештеңе жоқ) деп жауап берген. Университет үшін бұл кері байланысты ескеру

және білім беру тәжірибесін қызықты және студенттердің мүдделеріне сәйкес ету жолдарын қарастыру маңызды.

51 отб



2-сурет – Сауалнаманың 5-сұрағының көрсеткіші

6-сұрақ бойынша респонденттерден білім беру үдерісінің сүйемелдеуін 5 баллдық шкаламен бағалауын сұрадық. Нәтиже төмендегідей:

- ақпараттық қамтамасыз ету (оқу, ғылым, оқудан тыс іс-шаралар) 5 балл – 60,8%, компьютерлік технологияларға қолжетімділік 5 балл – 43,1%, кітапхананың жабдықталуы және жинақталуы (әдістемелік және оқу әдебиеті) 5 балл – 62%, ыңғайлы аудитория 5 балл – 42%, оқу жүктемесінің теңдей үлестірілген сабақ кестесі 5 балл – 51%, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (оқулықтар, оқу нұсқаулықтары) 5 балл – 64,7%, оқу материалдарының электрондық нұсқада қолжетімділігі 5 балл – 66,7%, консультациялық қамтамасыз ету (шешім қабылдауда көмек көрсету, оқу, кәсіби және жеке мәселелер 5 балл – 64,7%, асхананың жұмысы 5 балл – 45,1%, медициналық кабинеттің жұмысы 5 балл – 51%.

Респонденттердің берген кейбір критерийлер бойынша жауаптары қате екендігін атап өткеніміз жөн. Өйткені білім алушылардың оқу, ғылымға қатысты өткізілетін іс-шаралардың алдын ала университетіміздің Univer жүйесінде, әлеуметтік желілерде (Instagram), топ эдвайзерлері арқалы хабарланып отыратындығы барлығымызға айқын. Барлық аудиториялар әрбір білімалушының жеке басына арналып компьютерлік техникамен қамтамасыз етілмеген. Бірақ та оқыту үдерісіне қажетті интербелсенді тақталар, smart тақталарды қолданып жүргенін айтып өткеніміз жөн. Арнайы лингокабинет компьютерлермен жабдықталған. Сабақ кестесі студенттердің қалауларына сәйкес құрастырылмайды. Сондықтан да бұндай көрсеткішті көрсетуі орынды деп санаймыз. Педагогика және психология институты ғимаратында арнайы кітапхана, асхана, медициналық кабинет болмағанымен, университетіміздің басқа ғимараттарында ірі кітапханалар, асханалар, медициналық кабинеттер бар. Сонымен қатар 2 жыл бұрын университетімізде электрондық кітапхана іске қосылды. Білім алушыларымызға әлемнің үздік университеттерінің кітапханалары (Oxford University) қолжетімді. Бұл жерде білім алушыларымыздың жеткілікті дәрежеде ақпарат алмағандығы немесе жеке тұлғалық себептеріне байланысты сұраққа объективті түрде әділ жауап бермеген деген тұжырымға келіп отырмыз.

«Тобыңызға сабақ беретін профессор-оқытушылар құрамын қалай бағалар едіңіз?» атты 7-сұраққа (білімі, біліктілігі өте жақсы – 86,2%, бағалау объективтілігі өте жақсы – 78,4%, меңгеріп жатқан материал аясында дискуссияны өткізу білігі өте жақсы – 76,4%, дәріс материалын түсінікті, нақты жеткізуі өте жақсы – 72,5%, пәнге деген қызығушылықты тудыру және ұстап тұру білігі өте жақсы – 69% деген жауап алдық. Мамандықтың ПОҚ құрамы әр оқу жылында университетіміздің ұйымдастыруымен өтетін жазғы және қысқы

мектептерде өз біліктілігін арттыру үстінде. Сондықтан да бұл көрсеткіштер алдыңғы уақытта артарына сеніміміз мол.


«Мамандығыңыз бойынша өзіңіздің теориялық даярлығыңызды қандай деңгейде бағалайсыз?» атты 8-сұраққа респонденттердің 68,6% – жоғары деңгей, 31,4% – орташа деңгей деп көрсетеді. Бұл сұрақ бойынша туындаған мәселені толықтай анықтау үшін келесі зерттеуімізде білім алушыларымызбен сұхбат алғымыз келеді.

«Мамандығыңыз бойынша өзіңіздің практикалық даярлығыңызды қандай деңгейде бағалайсыз?» атты 9-сұраққа респонденттердің 72,5% – жоғары деңгей, 25,5% – орташа деңгей, 2% – төмен деңгей ретінде көрсетеді. Практикалық дайындықты төмен деп санайтын студенттердің бар екенін ескеру маңызды. Оқу бағдарламаларында жалпы білім беру сапасын жақсарту үшін шешілуі керек күрделі мәселелер немесе кемшіліктер болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Сауалнаманың 10-сұрағының нәтижесі бойынша білім алушылар университет қабырғасында шығармашылық/ғылыми-зерттеу жұмыстарында өз қабілеттерін аша алғандығын атап өтуге болады. 86% – иә, 8% – жоқ, 6% – жауап беруге қиналамын деген көрсеткішті көре аламыз. 86% бұл университетте оқып жүргенде шығармашылық/ғылыми жұмыста өз қабілеттерін аша алды деп санайтын студенттердің едәуір бөлігі болып табылады. Бұл өте жақсы нәтиже деп айтуға болады, өйткені университет студенттерге шығармашылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді және студенттердің едәуір бөлігі осы мүмкіндіктерді пайдалана алды. 8% алаңдаушылық туғызады, өйткені бұл кейбір студенттердің шығармашылық немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға рұқсаты немесе қолдауы болмауы мүмкін деп болжаймыз. Университет студенттердің қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін мүмкіндіктерді жақсарту және кеңейту жолдарын қарастыруы керек. 6% сұраққа жауап беруде қиындықтарға тап болды, бұл олардың шығармашылық және зерттеу жұмысындағы тәжірибесіне қатысты кейбір сенімсіздікті немесе анықтықтың жоқтығын көрсетуі мүмкін. Бұл сондай-ақ кейбір студенттердің мұндай әрекетке белсенді қатыспағанын немесе бар мүмкіндіктер туралы білмегенін көрсетуі мүмкін.

11-сұрақта респонденттерден оқу үдерісін ұйымдастыруға негізделген ұсыныстар берілді. Олардың қалауларына сәйкес алынған нәтиже көбінесе теорияға қарағанда практиканың үлесін арттыруды қалайды.

51 оте



3-сурет – Сауалнаманың 11-сұрағының көрсеткіші

Білім алушылардың оқу сапасының көрсеткішіне тікелей психологиялық факторлар да өз әсерін беретінін жоғарыда тоқталған едік. Сауалнаманың 12-сұрағына сәйкес оқудың білім алушыға берген теріс әсерлеріне тоқталғанымыз жөн. 10% – денсаулықтарына теріс әсер

еткендігі, 46% – созылмалы шаршау пайда болғандығын (жеткілікті ұйықтамау себепті), 8% – өздерін бағалауы төмендеді, депрессияның белгілері пайда болғандығын, 32% – оқудан тыс өздеріне деген уақыттың қалмайтындығымен, тіпті 8% – таңдаған мамандығынан көңілі қалғандығын жазып шағымданған. Бұл мәселені елемей, жауып қоюға болмайды. Университетімізде білім алушылармен психологиялық кеңес беру мамандары тікелей жұмыс жасауы тиіс.

Сауалнаманың соңғы 13-сұрағы нәтижесі бойынша респонденттердің 21,6% жатақханада тұратындығы, бірақ та олардың 9,8% ондағы жасалған жаңдайға көңілдері толмайтындығын айтып, шағымданады.

### **Қорытынды**

Жоғарыда берілген ғылыми еңбектер мен білім алушылардың жауап берген сауалнама нәтижелерін басшылыққа ала отырып, зерттеу аясында төмендегідей болжамдар жасаймыз.

Сапалы оқыту білім алушыларды оқытуға бағытталады. Сондықтан оқыту үдерісіндегі оқытушының педагогикалық дағдыларына ғана емес, білім алушылардың жеке қажеттіліктерін (басқалармен қарым-қатынас құруы, қажет болған жағдайда көрмек сұрауы, ол үшін білім алудың маңызын түсінуі) қамтамасыз етуші – оқыту ортасына көңіл бөлінуі тиіс. Оқытушыны және білім алушыны лайықты түрде қаржылық, әлеуметтік және академиялық қолдау, кішігірім топтардан тұратын білім алушыларды қолдау, кеңес беру қызметтерімен қамтамасыз ету – бұл оқыту нәтижелерін жақсартады.

Жоғары білім беру бағдарламалары қарым-қатынас, өзін-өзі таныстыру, ұйымдастыру, уақытты және стресті басқару секілді тұлғалық дағдыларды дамыту міндеттерін қамтуы тиіс. Сонымен қатар, олар өздерінің оқу стилін, мақсаттарын анықтау және қиын жағдайларды шешу сияқты өзін-өзі тануды арттыруға мүмкіндік беруі керек.

Жоғарыда берілген анықтамалар оқыту сапасы ұғымы туралы төмендегідей ой тұжырымдауымызды мүмкін етті.

*Оқыту сапасы* – білім беру үдерісі шарттарының сапасы (оқыту бағдарламаларының мазмұны, ПОҚ сапасы, талапкерлердің білімі, оқу үдерісін ресурстық қамтамасыз ету және т.б.), оқыту нәтижелерінің сапасы (білім, білік, дағды және құзыреттілік деңгейі).

Өткізілген сауалнама нәтижесі болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттыруда келесідей мүмкіндіктерді қамтамасыздандыру қажет екендігін көрсетеді:

- ПОҚ болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік семинарлар ұйымдастыру;
- болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттырудың инновациялық жолдары қарастырылған оқу-әдістемелік кешендер дайындау.

Жүргізілген зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің постдокторлық бағдарламасы (2022–2023 оқу жылы) «Болашақ бастауыш білім педагогтарының оқу сапасын арттырудың инновациялық аспектілері» жобасының аясында орындалды.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Coaldrake P., Stedman L. Academic work in the twenty-first century: Changing roles and policies // Canberra: Department of Education, Training and Youth Affairs Higher Education Division. – 2009. – P. 167–174.
2. Biggs J.B. Teaching for quality learning at university: What the student does (2nd ed.) // Buckingham Open University Press/Society for Research into Higher Education – 2003. [Электронды ресурсы]. URL:[https://www.researchgate.net/publication/215915395\\_Teaching\\_for\\_Quality\\_Learning\\_at\\_Univer\\_sity](https://www.researchgate.net/publication/215915395_Teaching_for_Quality_Learning_at_Univer_sity) (қаралған күні: 02.11.2022).

3. Harvey L., Green D. Defining Quality // Assessment and Evolution in Higher Education. – 2013. – Vol. 18. – №1. – P. 9–13.
4. Wijnen W. Accreditation in the Nethereands: An Improvement of External Quality Assessment / ed. A. Cavalli // Quality Assessment for Higher Education in Europe. – 2017. – P. 127–133.
5. Пак Ю.Н., Нугужинов Ж.С., Пак Д.Ю., Рахимов М.А. Институциональные аспекты обеспечения качества образования. Опыт высшей школы Казахстана. // Экспертный совет «Аккредитация в образовании». [Электронный ресурс]. URL: [https://akvobr.ru/kazakhstan\\_obespechenie\\_kachestva\\_obrazovaniya.html](https://akvobr.ru/kazakhstan_obespechenie_kachestva_obrazovaniya.html) (дата обращения: 01.01.2023)
6. Қазақстан Республикасының ЖОО сұраныстың тәуелсіз рейтингі 2022 / ред. басқ. НААР. – Нур-Сұлтан, 2022. – 97 б.
7. Рейтинг образовательных программ НААР. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kaznpu.kz/kz/2664/page/> (дата обращения: 02.01.2023 )
8. Рейтинг образовательных программ НААР. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kaznpu.kz/kz/2665/page/> (дата обращения: 02.01.2023 )
9. Keppell Carless. Learning-oriented assessment: A technology-based case study // Assessment in Education. – 2016. – Vol. 13. – No.2. – P. 179–189.
10. Lynam Cachia. Students' perceptions of the role of assessments at higher education // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2017. – №43(2). – P. 1–12.

#### REFERENCES

1. Coaldrake P., Stedman L. Academic work in the twenty-first century: Changing roles and policies // Canberra: Department of Education, Training and Youth Affairs Higher Education Division. – 2009. – P. 167–174.
2. Biggs J.B. Teaching for quality learning at university: What the student does (2nd ed.) // Buckingham Open University Press/Society for Research into Higher Education – 2003. [Electronic resource]. URL: [https://www.researchgate.net/publication/215915395\\_Teaching\\_for\\_Quality\\_Learning\\_at\\_University](https://www.researchgate.net/publication/215915395_Teaching_for_Quality_Learning_at_University) (date of access: 02.11.2022).
3. Harvey L., Green D. Defining Quality // Assessment and Evolution in Higher Education. – 2013. – Vol. 18. – №1. – P. 9–13.
4. Wijnen W. Accreditation in the Nethereands: An Improvement of External Quality Assessment / ed. A. Cavalli // Quality Assessment for Higher Education in Europe. – 2017. – P. 127–133.
5. Pak Ju.N., Nugujinov J.S., Pak D.Iu., Rahimov M.A. Institucionalnye aspekty obespechenia kachestva obrazovania. Opyt vysshei shkoly Kazahstana [Institutional aspects of ensuring the quality of education. The experience of the higher school of Kazakhstan] // Ekspertnyi sovet «Akkreditacia v obrazovanii». [Electronic resource]. URL: [https://akvobr.ru/kazakhstan\\_obespechenie\\_kachestva\\_obrazovaniya.html](https://akvobr.ru/kazakhstan_obespechenie_kachestva_obrazovaniya.html) (date of access: 01.01.2023 ) [in Russian]
6. Qazaqstan Respublikasynyn JOO suranystyn tauelsiz reitingi 2022 / red.basq. NAAR. – Nur-Sultan, 2022. – 97 b. [in Kazakh]
7. Reiting obrazovatelnyh program NAAR. [Electronic resource]. URL: <https://www.kaznpu.kz/kz/2664/page/> (date of access: 02.01.2023 ) [in Russian]
8. Reiting obrazovatelnyh program NAAR. [Electronic resource]. URL: <https://www.kaznpu.kz/kz/2665/page/> (date of access: 02.01.2023 ) [in Russian]
9. Keppell Carless. Learning-oriented assessment: A technology-based case study // Assessment in Education. – 2016. – Vol. 13. – No.2. – P. 179–189.
10. Lynam Cachia. Students' perceptions of the role of assessments at higher education // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2017. – №43(2). – P. 1–12.

ӨОЖ 373.1.02: 372.8; МҒТАР 14.25.09

<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.22>**М.Т. РАХМЕТОВА<sup>1</sup> , Б.Т. АБЫКАНОВА<sup>2</sup> , АЛИ ЧОРУХ<sup>3</sup> **<sup>1</sup> *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: maira\_12\_05@mail.ru*<sup>2</sup> *педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
(Қазақстан, Атырау қ.), e-mail: bakitgul@list.ru*<sup>3</sup> *профессор, доктор  
Сакарья университеті**(Түркия, Сакарья қ.), e-mail: coruh@sakarya.edu.tr*

### ОРТА МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Андатпа.** Бұл мақалада физика курсына элективті курс арқылы экологиялық құзыреттілікті жетілдіру жолдары көрсетілген. Климат және планеталық дәрежеде көрінетін адам қызметінің басқа да әсерлері қазір бізге ресурстарды пайдалануды жаһандық деңгейде басқару қажеттілігін түсінуге мәжбүр етті. Соның ішінде экожүйеге байланысты парниктік газдар, көмірқышқыл газы, метан газы, озон қабатының жұқаруы, жер бетіне жақын температура, мұхиттың қышқылдануы, теңіз балықтарының қырылуы, жағалау суларына реактивті азоттың түсуінен оттегінің азаюына әкелуі, тропикалық ормандарды кесу, табиғи экожүйелерді егіншілікке айналдыру және жердегі биоәртүрліліктің жоғалуы сияқты көптеген мәселелер бүгінгі таңда үлкен маңызға ие. Ал осы құбылыстардың физикалық, химиялық, биологиялық факторларын зерттеу жаратылыстану пәндерінің құзіретінде. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерге сүйенсек, оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін жетілдірудің түрлі бағыттары ұсынылады, ал жаратылыстану пәндері, соның ішінде физика пәнін оқыту арқылы оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға шақыру аз кездеседі. Негізінен қазіргі ғылыми-техникалық прогреске сай техниканың басты мәселелерін меңгеру осы физика пәні арқылы жүзеге асырылады, ал сол технологиялық процестердің физика пәні тұрғысынан адам денсаулығына қандай әсері барын, яғни қаншалықты зияны барын да оқушылар білу қажет.

Бұл зерттеудің мақсаты – орта мектепте физика пәнін оқыту арқылы оқушыларға экологиялық білім беруді ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, физика пәнінен ұйымдастырылған оқу үдерісінде экологиялық құзыреттілікті арттыруға арналған элективті курс мазмұнын және әдістемесін ұсыну. Пәнді оқытуда бөлінген сағат аз болғандықтан, сабақтан тыс жұмыстарда оқушылардың экологиялық білімдері мен ұғымдарын дамытудың жолдарын қарастыруға тура келеді. Соның бірі – элективті курс. Ұсынылып отырған элективті курс оқушылардың экологиялық жұмыстарға белсенділігін, өз

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Рахметова М.Т., Абыканова Б.Т., Чорух Али. Орта мектеп физика курсына оқушылардың экологиялық құзіреттілігін арттырудың мүмкіндіктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 295–307. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.22>

**\*Cite us correctly:**

Rahmetova M.T., Abykanova B.T., Choruh Ali. Orta mektep fizika kursynda oqushylardyn ekologialyq quzyrettiligin arttyrudyn mumkindikteri [Opportunities to Improve the Ecological Competence of Students in the Secondary School Physics Course] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 295–307. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.22>

бетімен ізденуін, қоршаған ортаны қорғауға деген құштарлығы мен табиғи ортаға деген дүниетанымын арттыруға ықпал етеді. Элективті курста тақырыптық жоспарлау, оқыту әдістері мен электродинамика бөлімі бойынша әртүрлі сабақтарды өткізу формалары ұсынылған. Сонымен қатар, бұл элективті курс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, электр энергетикасының физикалық және техникалық принциптері мен экологиялық мәселелерін жетік меңгерген тұлға қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Мақала ғалымдарды, әдіскерлерді, сонымен қатар қазіргі қоғамды жаңартуға атсалысатын әрбір адамды қызықтырады.

**Кілт сөздер:** экология, тұрақты даму, элективті курс, экологиялық мәдениет, экологиялық білім.

**M.T. Rakhmetova<sup>1</sup>, B.T. Abykanova<sup>2</sup>, Ali Choruh<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: maira\_12\_05@mail.ru*

<sup>2</sup>*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor  
Kh. Dosmukhamedov Atyrau University*

*(Kazakhstan, Atyrau), e-mail: bakitgul@list.ru*

<sup>3</sup>*Professor, Doctor, Sakarya University  
(Turkey, Sakarya), e-mail: coruh@sakarya.edu.tr*

### **Opportunities to Improve the Ecological Competence of Students in the Secondary School Physics Course**

**Abstract.** This article shows ways to improve environmental competence with an elective physics course. Climate and other impacts of human activity on a planetary scale have now led us to understand the need to manage resource use on a global scale. Including ecosystem-linked greenhouse gases, carbon dioxide, methane, ozone depletion, near-surface temperatures, ocean acidification, mortality of marine fish, oxygen depletion from the discharge of reactive nitrogen into coastal waters, deforestation, conversion of natural ecosystems to agriculture and loss of terrestrial biodiversity. And the study of the physical, chemical, biological factors of these phenomena is within the competence of the natural sciences. On the basis of research, various directions for improving environmental education of students are still proposed, as well as few calls for environmental protection through the teaching of natural science subjects, including physics. Basically, the study of the main problems of technology in accordance with modern scientific and technological progress is carried out through this subject of physics, and students need to know what impact these technological processes have on human health from the point of view of the subject of physics, that is, how harmful they are.

The purpose of this study is to provide the content and methodology of the elective course for the scientific and theoretical justification of environmental education of students through the teaching of physics in secondary school, as well as to increase environmental competence in the educational process organized on the subject “Physics”. Due to the limited number of hours devoted to teaching the subject, it is necessary to consider ways to develop environmental knowledge and ideas of students in extracurricular activities. One of them is an elective course. The proposed elective course helps students to increase their activity in environmental work, independent research, the desire to protect the environment and the worldview of the natural environment. The elective course offers thematic planning, teaching methods and various forms of conducting lessons on electrodynamics. In addition, this elective course provides great opportunities for the development of students' creative abilities, the formation of a personality that is well versed in physical and technical principles and environmental issues of the electric power industry. The



article will be of interest to scientists, methodologists and everyone involved in the modernization of society.

**Keywords:** ecology, sustainable development, elective course, environmental culture, environmental education.

**М.Т. Рахметова<sup>1</sup>, Б.Т. Абыканова<sup>2</sup>, Али Чорух<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: maira\_12\_05@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор  
Атырауский университет имени Х. Досмухамедова  
(Казахстан, г. Атырау), e-mail: bakitgul@list.ru*

<sup>3</sup>*профессор, доктор, Университет Сакарья  
(Турция, г. Сакарья), e-mail: coruh@sakarya.edu.tr*

### **Возможности повышения экологической компетентности учащихся в курсе физики средней школы**

**Аннотация.** В этой статье показаны способы повышения экологической компетентности с помощью элективного курса по физике. Климат и другие последствия человеческой деятельности в планетарном масштабе теперь заставили нас понять необходимость управления использованием ресурсов в глобальном масштабе. Включая парниковые газы, связанные с экосистемами, углекислый газ, метан, истончение озонового слоя, приповерхностные температуры, закисление океана, гибель морской рыбы, истощение кислорода в результате сброса реактивного азота в прибрежные воды, вырубку лесов, преобразование природных экосистем в сельское хозяйство и потеря наземного биоразнообразия. А изучение физических, химических, биологических факторов этих явлений находится в компетенции естественных наук. На основе исследований до сих пор предлагаются различные направления совершенствования экологического образования и воспитания учеников, а также мало призывов к охране окружающей среды посредством преподавания естественнонаучных предметов, в том числе физики. В основном изучение основных проблем техники в соответствии с современным научно-техническим прогрессом осуществляется через этот предмет физики, и учащимся необходимо знать, какое влияние эти технологические процессы оказывают на здоровье человека с точки зрения предмета физики, то есть насколько они вредны.

Целью данного исследования является предоставление содержания и методики элективного курса для научно-теоретического обоснования экологического образования учащихся посредством преподавания физики в средней школе, а также повышения экологической компетентности в образовательном процессе, организованном по предмету «Физика». В связи с ограниченным количеством часов, отведенных на преподавание предмета, необходимо рассмотреть пути развития экологических знаний и представлений учащихся во внеклассной деятельности. Один из них – элективный курс. Предлагаемый элективный курс помогает школьникам повысить активность в экологической работе, самостоятельных исследованиях, стремление защитить окружающую среду и мировоззрение природной среды. В элективном курсе предлагаются тематическое планирование, методы обучения и различные формы проведения уроков по электродинамике. Кроме того, данный элективный курс предоставляет большие возможности для развития творческих способностей учеников, формирования личности, хорошо разбирающейся в физико-технических принципах и экологических вопросах электроэнергетики. Статья будет интересна ученым, методистам и всем, кто причастен к модернизации общества.

**Ключевые слова:** экология, устойчивое развитие, элективный курс, экологическая культура, экологическое образование.

### Кіріспе

Қазіргі уақытта тұрақты дамудың күн тәртібі және оның он жеті мақсатын қамтитын білімнің маңызы ерекше. Сол білімнің негізі қаланатын әрі технологиялық әлеуетті көрсететін пәндердің бірі физика болып табылады және ол халықаралық әлемде көшбасшылық ролін сақтауға ұмтылатын кез келген ел үшін өте маңызды. Саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар және қоғамдық қолайлылық дамуда маңызды рөл атқарады, соның ішінде физика, инженерия салаларындағы техникалық және ғылыми жетістіктер дамушы елді дамыған алдыңғы қатарлы елге айналдыруы мүмкін. Физикамен заманауи технология мен табиғат-ана арқылы әлдеқайда іргелі байланыстамыз. Ол климаттың өзгеруі саясатын құруда, таза энергия көздерін дамытуда және технологияның дамуында маңызды рөл атқара алады.

Қазақстан Республикасы президенті Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауының негізінде қоғамдық өмір салаларының, соның ішінде білім саласының бірқатар стратегиялық жоспарлары мен бағдарламалары қабылданды [1; 2]. Қазіргі жағдайда алғашқы орында тұрған ғаламдық мәселелердің бірі экологиялық дағдарыстың алдын алу, бұл адамдардың мақсатты бағытта ойластырған іс-әрекеті арқылы ғана жүзеге асатыны белгілі. Осыған орай экологиялық дағдарыстан шығудың жолы ретінде елімізде қабылданған «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау», «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар» туралы Заңдардан көруге болады. Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін өте өзекті мәселе және мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажеттігі жөнінде жолдауда көрсетілген. Табиғат дамуының заңдылықтарын білмеу, қоғамдағы экологиялық сауаттылық пен тәрбиеліліктің жетіспеуі – экологиялық дағдарысты туындатушы басты себеп болғандықтан орта мектепте жаратылыстану пәндері арқылы жүйелі түрде экологиялық білім берілуі тиіс. Физика пәні мектеп бағдарламасында жетінші сыныптан бастап енгізілген және оларда экологияға қатысты сұрақтар қарастырылады, бірақ өте аз әр сыныпта бір ғана сағаттан уақыт бөлінеді. Дәл осы уақыттағы жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп физика оқулықтарын қарастыратын болсақ, онда экологиялық мазмұндағы материал мазмұны төмендегідей:

8-сыныпта: Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер.

9-сыныпта: Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі. Экологиялық мәдениет.

10-сыныпта: Жылу қозғалтқыштарының қолданылуы. Қоршаған ортаның ластануы.

11-сыныпта: Қазақстанда және әлемде электр энергиясын өндіру және пайдалану. Жоғарғы жиілікті электромагниттік толқындардың биологиялық әсері және олардан қорғану [3, 31-б.].

Ал өндіріс пен техниканың негізгі заңдылықтарын түсіндіретін физика пәніндегі экологиялық мәселенің тек осындай көлемде қарастырылуы өте аз. Сондықтан бүгінгі таңда оқушының бейімдігі, қабілеті, қызығушылығын есепке ала отырып жүзеге асырылатын оқу қызметінің түрі бейіндік оқыту үлкен маңызға ие. Бейіндік білім берудің дамуына байланысты оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мәселесі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бейіндік білім беру тұжырымдамасы жалпы білім берудің мазмұны мен құрылымын өзгерту стратегиясын анықтайды [4; 5; 6]. Физиканың бейіндік курсымен тақырыптық және уақыттық үйлесімге ие физиканы терендетіп оқытуға бағытталған элективті курстарды таңдау физиканы кеңейтілген деңгейде оқуға мүмкіндік береді. Жұмыс аясында физиканы оқыту үдерісінде оқушылардың оқу мотивтері мен

танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер зерттелді [7; 8]. Бұл элективті курс ең алдымен танымдық қызығушылықты дамытуға, оқушылардың өзіндік практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған.

### Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл мәселе бойынша шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың арнайы білім беру, физиканы оқытудың теориясы мен практикасы саласындағы еңбектері зерттелді.

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Физика» пәні бойынша жүргізілетін элективті курстарды басшылыққа ала отырып жасақталған «Экология және электр энергетикасы» курсы негізгі материалмен тығыз байланысты және басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланысты жүзеге асыруға сүйенеді [9, 177-б.].

Эксперимент жүргізу үшін эксперименттік және бақылау сыныптары таңдалынып алынды, олардың жас шамасы, оқушы саны және білім деңгейлері экспериментке дейін бірдей болуы шарт. Бақылау сыныбы дәстүрлі түрде, ал эксперименттік сынып арнайы жасақталған әдістемемен оқытылды. Экспериментке дейінгі және кейінгі білім деңгейлерін салыстыру арқылы біз өз ұсынған әдістемелік кешеннің қаншалықты тиімді екендігіне көз жеткіздік. Ол жерде элементтік талдау, оқушылардың білімді меңгеру коэффициентін анықтау және эксперименттік оқуда статистикалық әдіс  $\chi^2$  (Хи-квадрат) қолданылды. Эксперименттік оқу Атырау қаласының №27, 28, 34 орта мектептерінен 155 оқушының қатысуымен жүргізілді. Эксперименттік және бақылау сыныптары деңгейлеріндегі айырмашылықтарды анықтау  $\chi^2$  (Хи-квадрат) талаптарына сай екі тәуелсіз сұрыптау нәтижелерін салыстыру әдісі арқылы жүргізілді.  $\chi^2$  (Хи-квадрат) талаптарының қолданылуына сәйкес төмендегідей көрсеткіштерді анықталды:

а) алынған қорытындылардың шындыққа сәйкес келу деңгейі  $Q = 0,95\%$ ;

б) мәндік деңгей  $\alpha = 1 - Q = 1 - 0,95 = 0,05$ ;

еркіндік дәреже саны  $\nu = C - 1 = 3 - 1 = 2$ .

Біздің эксперимент жағдайында үш категориядан тұратын ( $C=3$ ) өлшеу бағаны қолданылады.

$\alpha = 0,05$  және еркін дәреже саны  $\nu = 2$  мәніндегі деңгейі  $\chi^2$

таралуы бар статистикалық шектік мәндер кестесі бойынша  $T_{шектік}$  мәні табылады.

М.И.Грабарь, К.А.Краснянская ұсынған статистикалық әдісте  $T_{шектік} = 5,991$ . Егер  $T_{бақылау} > T_{шектік}$

болса ұсынылған болжамның дұрыстығы анықталады, ал керісінше жағдайда  $T_{бақылау} < T_{шектік}$

ұсынылған эксперименттік материалдың қорытындысы оң нәтиже бермейді [10. 47-б.].

$$T_{бақылау} = \frac{I}{n_1 \cdot n_2} \sum_{i=1}^c \frac{(n_{1i} \cdot Q_{2i} - n_{2i} \cdot Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

Нәтижелерді өңдеу эксперименттік және бақылау сыныптарындағы оқушылардың экологиялық білім деңгейлерін салыстыру арқылы жүргізілді. Экологиялық білім мен ұғымды деңгейлер бойынша анықтау үш бағытта: төмен, орташа және жоғары жүргізілді.

### Талдау мен нәтижелер

Бұл элективті курс мұғалімге ғылым, техника және электр энергетикасының экологиялық мәселелерін көрсетуге тамаша мүмкіндік береді, қазіргі өндірістегі автоматтандырудың жетекші рөлін көрсетуге және ғылыми-техникалық прогрестің маңызды бағыттарын қамтиды. Курс бағдарламасы «Электродинамика» бөлімінің экологиялық бағыттағы мәселелерін тереңдетіп оқуға мүмкіндік береді және оқушылардың дағдыларын одан әрі дамытуды көздейді. Оқушылардың таңдауы бойынша элективтік сабақтар физика курсына ғылым мен техника жетістіктерін неғұрлым толық көрсетуді қамтамасыз ететін

оқытудың бір түрі болып табылады [11, 78-б.]. Олар оқу жоспарын, тұрақты бағдарламалар мен оқулықтарды өзгертпей, мектеп курстарының мазмұнын тереңдетуге елеулі толықтырулар енгізуге мүмкіндік береді. Біз дайындаған элективті курстың әдістемелік әзірлемелері облыстық мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтына ұсынылып, мұғалімдердің тәжірибелік жұмыстарында пайдалануға ұсынылды.

Курстың мақсаты – оқушыларға алдын-ала берілген қасиеттері бойынша жаңа материалдарды өңдеу технологиясын оқытуда тәрбие беру, оқушыларға экологиялық білім, кәсіптік бағдар беруде ой-өрісін дамытады [12, 86-б.]. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, экологиялық білім мен біліктің қалыптасуына зор әсер етеді. Курс сабақтарындағы негізгі принцип – ғылымилық принцип.

Элективті курс келесідей міндеттерді атқарады:

- оқушыларды табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, оларды көбейту және табиғат қорғау әдістерімен таныстыру;

- өзара байланысты негізгі табиғи заңдылықтарды ашу және осы мағлұматтар негізінде оқушыларды ғылыми-техникалық прогресстің негізгі бағыттарымен және қазіргі техникадағы жаңа материалдар өндірісінің ғылыми негіздерімен таныстыру арқылы экологиялық тәрбиені дамыту;

- оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, табиғат құбылыстарын бақылау, табиғат пен қоғамның өзара әсері факторларын салыстыру дағдыларын жетілдіру;

- экологиялық зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту

- теория мен практиканың байланысын жүйелеу, оқушыларды экологиялық іс-әрекетке баулу,

- еліміздің халық шаруашылығы үшін табиғи ресурстарын пайдалануда қоғам мен табиғат байланысының даму жолдарын айқындау;

- оқушыларға қоршаған ортаны қорғауға дайындайтын белгілі бір практикалық біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беру;

Элективті курстардың қазіргі ғылыми-техникалық дамудың негізгі бағыттарына байланысты оқушыларға кәсіптік бағдар беруде де үлкен маңызы бар. Экология пәні республикамызда орта мектептің бағдарламасына мемлекеттік компонент ретінде кірмегендіктен, жеке пән болып оқытылмайды. Оқушылар экологиялық білімді орта мектептің жаратылыстану пәндері арқылы алады. Осы мәселені шешудің бір жолы ретінде физика пәнінен орта мектепте электр энергиясына байланысты өзекті экологиялық мәселелер жөніндегі элективті курстың маңызы ерекше болмақ.

«Экология және электр энергетикасы» тақырыбындағы элективті курс – ғылым, техника және электр энергетикасының экологиялық мәселелері төңірегіндегі оқушылардың білімдерін толықтырады, электр энергиясын алудың негізгі әдістерімен таныстырады, бүгінгі таңдағы энергетикалық тепе-теңдіктің жай-күйі мен орнын, қоршаған ортаға зиянды әсерін көрсете отыра, болашақта электр энергетика мәселелерін шешудің әр түрлі жолдарын анықтауға көмектеседі.

Элективті курста өткізілетін сабақтардың мақсаты: электр энергетикасының физикалық және техникалық принциптері мен экологиялық мәселелерін жетік білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- жаңа заманғы электр энергиясын өндіру мен тұтынудың физикалық, техникалық және экологиялық аспектілерін меңгеру;

- болашақта экологиялық таза электр энергетикасын дамыту жоспарларын қарастыру.

Электр энергиясының дамуына қашан да көп көңіл бөлінген. Электр энергиясының кеңінен қолданылуы ең маңызды проблемалардың шешілуіне жол ашты (мысалы, электромеханизацияның даму есебінде ауыр қара жұмыстардың қысқартылуы, техникалық

базаның жасақталуы, мұнай-газ отындарын үнемделуі және т.б.). Электр энергиясы электронды, басқарушы құрылғылардың, электронды-есептеуіш машиналардың энергетикалық негізін құрайды.

Электр энергетикасын дамыту мен экологиялық мәселелерді қалпына келетін энергетикалық ресурстарды қолдану арқылы шешуге болады. Олар су, жел, күн энергиялары.

Жылулық энергетика жөнінде әңгімелесек, жылу электр станциясы двигателінің қалдықтары қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізеді, олай болса оның экологиялық зардабы бар. Жылулық энергетиканың дамуы энергетикалық құрылғылардың экологиялық қауіпсіздігімен анықталады. Бүгінгі таңда атмосфераны негізгі ластайтын жылу электр станциялары мен автомобиль двигателдері болып табылады. Сондықтан жаңа двигателдер жасау жөнінде кеңінен зерттелуде. Баламалы отынмен жүретін гибридті электр көліктері немесе электромобильдер жөнінде мағлұматтар беруге болады.

«Экология және электр энергетикасы» тақырыбындағы элективті курстың бағдарламасы (32 сағат):

Бағдарламаның қысқаша мазмұны.

Кіріспе. Физика – техника – экология (2 сағат).

Мектеп физика курсының экологиялық аспектісі. Физика және қоршаған ортаны қорғау. Электр энергиясын пайдалану және алу техникасының дамуына қысқаша тарихи шолу.

Энергетиканың дамуы және қоршаған ортаны қорғау (4 сағат).

Қазіргі энергетика мәселелері мен перспективасы. Энергетика және табиғатты қорғау.

Энергетикалық сектор. Өнеркәсіп (6 сағат).

Дәстүрлі энергетика (Ірі су электр станцияларының барлық түрлері. Жылу, атомдық, ядролық электр станциялары). Атмосфераның ластануы. Жылулық эффект. Атмосфераға газ бен шаңның бөлінуі.

Гидросфераның ластануы (4 сағат).

Су қоймаларының жылулық ластануы, ластағыш заттардың шығарылуы. Қоршаған ортаның радиоактивтік қалдықтармен бүлінуі. Гидроэлектрстанциялары мен өзендердің гидрологиялық режимінің өзгеруі, соның салдарынан сулы аймақтар территориясының ластануы. Электр тасымалдаушы желілер айналасындағы электромагниттік өріс.

Альтернативтік энергетика (8 сағат).

Гелиоэнергетика. Температуралар айырмасын қолданатын энергетика. Альтернативті гидроэнергетика. Теңіз ағыны энергиясын қолданатын және толқындық электр станциялары. Жел-, био-, космостық энергетика.

Энергия мен табиғат ресурстарын тиімді пайдалану (8 сағат).

Экологиялық таза электр энергетикасын дамыту жолдары. Электр энергиясын үнемдеу. Энергия мен ресурстарды сақтаушы технологиялар. Экологиялық таза энергия өндірушілерді жасақтау. Отындық элементтер. Қалпына келетін энергия көздерін қолданатын технологиялар.

Элективті курсты жүргізуде төмендегідей әдістер мен тәсілдер қолданылды:

- Теориялық сабақтар (қысқа мерзімді дәрістер, қысқаша хабарламалар, табиғаттағы құбылыстарды демонстрациялайтын кино, бейнероликтер);

- Оқу конференциялары мен семинарлар;

- Зертханалық жұмыстар;

- Қоршаған ортада жүргізілетін бақылаулар, өндірісте орындалатын практикалық жұмыстар;

- Арнаулы және ғылыми-көпшілік әдебиеттермен оқушылардың өз бетімен жұмысы;

- Экологиялық тұрғыдағы оқу-өндірістік тапсырмалар.

Оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру үшін нақты нысандар мен құбылыстарды демонстрациялау, көрнекі құралдарды (сурет, макет, модель, кесте, график, сызба, т.б.) көрсету, интерактивтік құралдарды пайдалану керек. Осы әдістер мен құралдарды пайдаланғанда оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесі қажетті деңгейге жетеді деп есептейміз.

Экологиялық мазмұнда жасақталған оқу-тәрбиелік әдістемелер жүйесі: сабақ жоспарлары, эксперименттік тапсырмалар, зертханалық жұмыс, есеп, семинар, конференция, элективті курс сынақтан өтті. Бұл жүйе тек эксперименттік сыныпта қолданылады, басқа педагогикалық экспериментке қойылатын талаптар: оқушылардың саны, бастапқы білім деңгейі, сұрақтар мен қолданбалы экологиялық материалдарды пайдалану, сынақтың жүргізілетін уақыты, оқу материалының мазмұны мен түрлері бастапқы экспериментте бірдей болуы керек.

Педагогикалық эксперимент үш кезеңнен тұрды:

I кезең (2018–2019 жж.) алғашқы эксперимент жүргізілді. Бұл кезеңдегі педагогикалық эксперименттің негізгі мақсаты оқушылардың жалпы экологиялық білім мен тәрбие дәрежесін білу болды, экологиялық мазмұндағы тапсырмалар мен тест жүргізу арқылы оқушылардың алғашқы білім деңгейі анықталды. Анықтау эксперименті алғашқы білім деңгейлерінің шамалас екендігін көрсетті. Сол нәтижелерге қарап келесідей қорытындылар жасауға болады: магнит және электр өрістерінің, табиғат құбылысының зардаптары және олардың ғылыми тұрғыдан түсіндірілуі жеткіліксіз, оқушылардың экологиялық білімі ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай емес, экологиялық біліктілігі заман талабына сәйкес қалыптаспаған. Анықтау эксперименті осы айтылған кемшіліктерді жоюға жол ашты. Магнит, электр өрістері, зарядтың адам организміне тигізетін әсерін физикалық, химиялық тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді. Осының негізінде оқу материалы аяқталғаннан кейін орта мектепте физиканы оқыту барысында экологиялық білім мен тәрбие элементтерінің барлық жағдайда толық жүзеге аспайтыны байқалды.

Педагогикалық эксперименттің нәтижесі оқушылар жауабын элементтік талдау негізінде тексерілді. Білімдік элементтердің меңгерілу коэффициенті мына формуламен анықталды:

$$k = \frac{n}{N} \cdot 100\% ,$$


мұнда  $n$  – дұрыс жауап саны,  $N$  – берілген сұраққа жауап бергендер саны.

II кезең (2019–2021 жж.) физикадан экологиялық білім мен біліктілікті және тәрбиені қалыптастыру тиімділігін көтеру жолдарын тексеру, экологиялық материал мен оны жүргізу әдістерін нақтылау, дайындалған дидактикалық материалды жүйелеу мақсатындағы іздену эксперименті болды.

III қорытындылау кезеңінде (2021–2022 жж.) эксперименттік оқыту барысындағы анықтау кезеңіндегі оқыту жағдайын және оқушылардың экологиялық білімдері мен тәрбиенің қалыптасу деңгейін талдау нәтижесінде жасалынған қорытындылар басшылыққа алынды.

Орта мектепте физиканы оқыту үдерісінде біз жасақтаған экологиялық білім мен тәрбие беру әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденді. Төмендегі кестеде «Әр түрлі ортадағы электр тогы» бөлімі бойынша экологиялық білім, тәрбие және құзыреттіліктің жетілдірілу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген эксперименттік материалдың өңдеу нәтижесі берілген.

Электродинамика курсы бойынша оқушылардың бастапқы экологиялық білім деңгейлерін 1-суреттен көреміз:




**1-сурет – Эксперименттік жұмыстар жүргізілгенге дейінгі оқушылардың экологиялық білім деңгейлері**

Анықтау эксперименті бойынша сыныптардың алғашқы білім деңгейлерінің шамалас екендігін көруге болады. Оқушылардың бастапқы экологиялық білім мен құзыреттіліктерінің қалыптасу дәрежелері анықталғаннан кейін біз ұсынған бағдарлама арқылы элективті курс өткізілді. Соның тек бір ғана мысалын көрсетейік:

**1-кесте – «Әр түрлі ортадағы электр тогы» бөлімі бойынша экологиялық білім мен тәрбиені жетілдіруді элементтік талдау**

Тексерілетін білім мен тәрбие элементі	Сыныптар бойынша дұрыс жауаптар саны, %	
	эксперименттік	бақылау
1	2	3
- Электрондардың металдардағы қозғалысын экологиялық тұрғыдан түсіндіру және өткізгіштегі электр өрісінің табиғаты	77	63
- Электр энергиясын тасымалдау кезіндегі энергияның қоршаған ортаға әсері	75	60
- Заманауи жартылай өткізгіш құралдардың күнделікті өмірде қолданылу мәндері мен шекаралары	72	58
- Ауадағы иондану процесін және электр фильтрінің жұмыс принципі	71	55
- Табиғатта жоғары вольтты кернеудің пайда болуы және табиғаттағы тәж разрядтарының зияны	70	56
- Электролиз құбылысының экологиялық мәселелері	78	61
- Газдардағы электр тогының қоршаған ортаға экологиялық әсері	72	54
- Әр түрлі ортадағы электр тогы тақырыбын түсіндірудегі экологиялық тәрбиенің басты міндеттері	79	63

«Әр түрлі ортадағы электр тогы» бөлімі бойынша экологиялық білімдерінің көтерілу дәрежесін 2-суреттен көреміз:



**2-сурет – Оқушылардың экологиялық білім деңгейлерін көрсететін эксперименттік оқу нәтижелері**

